

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:*

*Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.*

**Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.**

# **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ**

**«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектелулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы**

*Казахский язык и литература  
в русской школе*

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
БАСЫЛЫМ**

2001 жылдың  
қаңтар айынан  
бастап шығады

**7/2013 ШІЛДЕ**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ**

## ***АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:***

***Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан  
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза  
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,  
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга  
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш  
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.***

# МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

	<i><b>Ғылыми ойлар отауы</b></i>	
Райхан БӨКЕЙХАНОВА, Мейірімкүл ТӨЛЕУП, Зәуре СОВЕТОВА.	Кәсіби тілді оқыту үдерісінде пайдаланылатын оқулықтар үшін мәтін іріктеудің лингвистикалық факторлары мен өлшемдері.....	3
	<i><b>Тиімді әдіс – баршаға ортақ</b></i>	
Бағдат БАЙҒАЛИЕВА.	Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту.....	13
	<i><b>Рухани дүниемізде</b></i>	
Анар МАХМЕТОВА.	Отанға деген сүйіспеншілік – отбасынан.....	20
	<i><b>Тамыз мәслихаты қарсаңында</b></i>	
Әсел ОСПАНОВА.	Грамматиканы және жаттығу жұмыстарын жүргізуге байланысты тіл ұстарту.....	24
Айнагүл ЖҮЗІКЕЕВА.	Деңгейлік оқыту жүйесі бойынша құрастырылған тапсырмалар.....	28
	<i><b>Колледж кеңістігінде</b></i>	
Толқын ДҮЙСЕНҒАЛИЕВА.	Электр тоғынан қорғайтын қорғаныс құралдары.....	34
	<i><b>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</b></i>	
Сәуле ЕСЖАНОВА.	Салалас құрмалас сөйлем түрлері.....	40
Жаңылған САЛЫҚОВА.	«Қазақстан» тақырыбы және оның сөздік қоры.....	45
Гүлзада ХАСАНОВА.	Сөйлеу қабілетін арттырған менің досым.....	51
Майра ТОҚСАНБАЕВА.	Жаттығу жұмыстары – «Жайлауда».....	54
	<i><b>Кіріктірілген сабақ</b></i>	
Гүлбадан МӘМБЕТЫРЗАЕВА, Назгүл ИМАНБАЕВА.	Абай және Пушкин: екі ақын үндестігі.....	58
	<i><b>Ойын – ойдың өрісі</b></i>	
Гүлмира КАПИЕВА.	Сөз таптары және тарихи тұлғалар.....	65
Әсемгүл БАКУЛИНА.	Сөздік қор дамуы – қайталау сабағы.....	72
Айнұр ЕРДЕНОВА.	Ойталқыда – Мұхтар Шаханов.....	77
	<i><b>Білім негізі – бастауышта</b></i>	
Бақыт МҰҚАШҚЫЗЫ.	Өріптер әлеміндегі сауаттылық.....	82
	<i><b>Сыныптан тыс сабақ</b></i>	
Динара ОРАЗБАЕВА.	Тіл туралы танымдық апталық.....	89
Бауыржан БАЙҒАБАТОВ, Раушан АЛШАБАЕВА.	«Тәуелсіздік – аңсар әнім, тіл тірегім».....	98
	<i><b>Білім сынағында</b></i>	
Қарлығаш ТАГИМАНОВА.	Қазақ тілі пәнінен тест сұрақтары.....	108
	<i><b>Оқушы шығармашылығынан</b></i>	
Надежда БАРАБАШ.	Қазақ ақындары өлеңдерінің аудармалары.....	119
	<i><b>Әдеби кеш</b></i>	
Жания ХАЙДАРОВА.	Шығармашылық жұмыста – Абай тілі.....	129
Тоғжан КЕҢЕСҚЫЗЫ.	Қазақ өлеңінің Қадыры.....	136

**Райхан БӨКЕЙХАНОВА,**  
п.ғ.к., доцент, АЭЖБУ қазақ және  
орыс тілдері кафедрасының меңгерушісі,  
**Мейірімкүл ТӨЛЕУП,**  
ф.ғ.к., АЭЖБУ доценті,  
**Зәуре СОВЕТОВА,**  
ф.ғ.к., аға оқытушы.

## **КӘСІБИ ТІЛДІ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ОҚУЛЫҚТАР ҮШІН МӘТІН ІРІКТЕУДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ МЕН ӨЛШЕМДЕРІ**

Бүгінгі таңда қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгерту бағытында тіл үйренушілерге әр түрлі әдістемелер бойынша дәріс беру сара жолға қойылған. Орыс топтарында білім алатын студенттерге қазақ тілін жекелей пән ретінде оқытудың инновациялық тәжірибелері мен озық технологиялары қарқынды дамуда.

Қазақ тілін дамыту мен насихаттауға байланысты мемлекет тарапынан көптеген ұсыныстар жасалынып, тілді оқытуға байланысты қатаң талаптар қойылып отырғаны белгілі. «Жақсы оқыту да, жақсы оқу да оқулыққа тікелей байланысты» /А.Құсайынов, Ұ.Асыллов. Оқулықтанудың өзекті мәселелері. А., «Рауан», 2000, 144-б., 10-б./ деген пікірге сүйенсек, әрбір тіл үйренушінің

қазақ тілін еркін меңгеріп кетуі тікелей оқытушының көмегі мен сапалы құрастырылған оқулыққа байланысты.

Әрбір оқулық – жан-жақты құбылыс, екінші жағынан, оқыту жүйесі мен әдістемесі бар, оқушы жасына, оқыту түріне (күндізгі, сырттай), тағы басқа параметрлеріне қарай оқулықты жеке сипаттары да бар күрделі дидактикалық құбылыс деп атауға болады. Дидактикалық үдеріс дегеніміз – басқаратын және басқарылатын жүйе арасындағы коммуникациялық кезең болып табылатын күрделі динамикалық кибернетикалық модель. Осы жүйе арасындағы тікелей және кері байланыс орнатылуы тиіс. Басқаратын жүйе – оқытушы, сондай-ақ оқулық, ал басқарылатын жүйе – оқушы, тіл үйренуші. Осы байланыстар түрінің өзара әрекеті нәтижесінде ақпарат беру үдерісі ғана емес, ақпаратты-өнімді үдеріс өтуі тиіс. Олай болса, оқыту үдерісі коммуникациямен басқарылатын күрделі де динамикалық жүйе, басқару мақсаты – тікелей және жанама оқытуды оңтайландыру. Әрине, оқулық – жанама оқыту көзі, бірақ тікелей оқытуда да пайдаланылады /З.Күзекова. Қазақ тілі оқулықтарының құрылымы туралы // ҚазҰУ Хабаршысы, №2(13), 2004, 121-б./.

Белгілі теоретик С.Г.Шаповаленко «Оқулық – ғылым негіздерін меңгеру үшін оқушыларға арналған құрал. Оқулықтарда белгілі бір мөлшерде оқу пәндерін оқыту әдістемесі де көрініс табады» / Учебник в системе средств обучения. М., «Педагогика», 1974, 13-б./ деп тұжырымдайды.

Ғылыми-теориялық еңбектерде оқу мәтініне бірнеше анықтама берілген. Оқытуға қажетті негізгі құрал – мәтін туралы А.А.Леонтьев «Текст – как единственный и непосредственный объект восприятия» /Понятие

текста в современной лингвистике и психологии / Психолингвистическая и лингвистическая природа текста и особенности его восприятия. Киев, 1979, 18-б./ деп берсе, И.Р.Гальперин былай деген болатын: «Текст, состоящий из ряда особых единств, объединенных разными типами лексических, грамматических и логических связей, и имеющий определенный модальный характер и прагматическую установку» / Текст как объект лингвистического исследования. М., «Наука», 1981, 18-б./.

Осы анықтамалардан мынадай ой қорытуға болады: мәтінде тілдің барлық деңгейіне қатысты тілдік тұлғалардың бәрі орын алады, сол себепті мәтін арқылы тілдің лексикасын, грамматикасын оқытуға болады. Олай болса, түрлі деңгейдегі тілдік тұлғалардың түйісетін орыны, тіл оқытудағы басты бірлік – мәтін.

Қазақ тілін мелекеттік тіл ретінде оқыту мәселелерімен айналысып, үзбей еңбек етіп жүрген ғалым З.Күзекова «Оқу мәтіні дегеніміз – оқылатын объектінің мазмұны дәлелді ашылатын хабардан тұрады, белгілі бір аспектіде оның сипатының жиынтығы беріледі. Мәтін – сөйлеу единицасы, нақты коммуникативтік бағыты бар белгілі бір аудиторияға арналады» / Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. А., 2005, 245-б./ деп тұжырымдаған.

Р.Шаханованың «Техникалық жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту» атты еңбегінде (А., «Ғылым», 2001) «Тілдік тұлғалар бір-бірімен тығыз байланыста өмір сүретіні анық. Мысалы, дыбыс сөз ішінде, сөз тіркесі сөйлем ішінде, ал сөйлем мәтін ішінде қолданылады. Бұл байланыс тілді оқыту кезінде үнемі ескеріліп

отырады. Сондықтан дыбыс өзінше, лексика бір бөлек оқытылмайды. Тілдік тұлғалардың байланысы оқытуда да сақталады. Оның анық көрсеткіші – мәтін. Мәтін арқылы тілдік көрсеткіштерді өз қызметінде, тілдегі өз орынында көрсетіп, олардың қолданысының үлгісін меңгертуге болады... Мәтін арқылы тілдік қатынастың барлық түрі үйретіледі. Ол мәтінді оқыту әрекетімен бірге, мәтін бойынша әңгімелеу арқылы сөйлеу әрекетіне, мәтін бойынша сұрақ-жауап арқылы тілдесім әрекетіне, мәтін бойынша мазмұндама жазғызу арқылы жазу әрекетіне, мәтін оқумен бірге тыңдау әрекетіне, мәтін туралы ойын жеткізе айту әрекетіне үйретіледі» /40-б./ деп берілген.

Профессор Ф.Оразбаева тілдік қатынасқа байланысты сөйлесім әрекеті деп танып, оған төмендегідей анықтама берген: «Сөйлесім әрекеті – белгілі бір ойды, хабарды не деректі баяндау және оны екінші біреуге жеткізу арқылы онымен түсіністікке жету» / Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. А., 2000, 54-б./. Ғалым еңбегінде тілдік қатынасқа байланысты сөйлесім әрекетінің өзін іштей беске бөліп (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім), әрқайсысына жеке-жеке тоқталады.

«Қазақ тілін оқыту сапасын арттыруға бағытталған жұмыс түрлерін ұйымдастыру, жолдарын іздестіру – оларды мамандыққа байланысты мәтіндер арқылы жүзеге асыруға болатындығын дәлелдеді. Мамандыққа байланысты әдебиеттерден алынған мәтіндерді беру арқылы қазақ тілін оқуға студентті ынталандырып, оның тілді оқуға қызығушылығын арттыруға болады. Ол студент білімін, білігін, танымын толықтырады» дей келе, ғалым Р.Шаханова мамандыққа байланысты мәтіндердің төмендегідей тілдік ерекшеліктерін атап көрсетеді:

1) әдеби тіл нормасына сәйкестігі; 2) мәтіндер мазмұны нақты, түсінікті, анық болуы; 3) мәтінде мамандыққа байланысты терминдердің молдығы; 4) ондай мәтіндерде атаулар (номинациялар) кең қолданылып, етістіктерден есімдердің басымдығы; 5) мәтіндердің ойды монолог түрінде берілуі басым келуі; 6) мамандыққа байланысты мәтіндерде қорытынды болумен бірге, баяндаудың толық түрі орын алады; 7) баяндаудың жеке бөліктері тығыз байланыста беріледі; 8) шартты белгілер мен символдар пайдаланылады / Оқулықтардағы мәтіндердің мамандыққа қатысты берілуі // Қазақ тілі мен әдебиеті, №2, 2003, 60-б./.

Мамандыққа қатысты мәтіннің басты қасиеті – ақпараттың мол болуында. Ғылымилық ұстанымына сәйкес мәтін тек тексерілген деректерді қамтуы тиіс. Ол деректер ғылымның соңғы жаңалықтарына негізделуі керек. Мәтін аталған ғылымның іргелі және басты жақтарынан, тарихынан мәлімет беруі тиіс. Ол мәліметтердің қоғамдық маңызы зор болуы керек. Мәтіндерді іріктеу ұстанымдары дұрыс сөйлеуді жетілдіруге қызмет ететін болуы керектігін айта келіп, Р.Шаханова былайша жіктеп береді: 1. Мәтіндер мазмұндық, тақырыптық тартымдылығымен ерекшеленуі керек. 2. Мәтіндер тіл үйренушілерді өз бетімен жұмыс істеуге ынталандыруы тиіс. 3. Мәтіннің қатысымдық (коммуникативтік) қасиеті басым болуы керек. 4. Мамандыққа байланысты ғылыми мәтіндер студенттерде қажеттілік сезімін туғызуы қажет / Техникалық жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту. 48-б./.

Бұған дейін оқулықтар мен оқу құралдарына мамандыққа байланысты материалдарды енгізу ішінара және авторлардың қалауына қарай қолданылып келген

үрдіс болса, енді Қазақстан Республикасының жоғары білім жүйесінде кәсіби бағытталған тілді үйрету қолға алынып, оны іске асырудағы мақсаттар мен міндеттер белгіленіп, кәсіби тілді оқыту өзекті мәселелер қатарына еніп отырған кезде, ең алдымен, шешілетін міндеттердің бірі ретінде ғылыми-әдістемелік тұрғыда негізделген сауатты оқулық жазу мақсаты көзделеді. Мұндай оқулық түзуде мәтін және басқа әдістемелік материал іріктеу маңызды болып табылатындықтан, осы мәселеге тоқталып өту қажет.

Техникалық оқу орынына арналған оқулық негізінде оқыту үдерісінде ұсынылатын және игерілетін арнайы іріктелген және әдістемелік ұйымдастырылған материал жатады. Ол материалдарға жазба және дыбыстық материалдар, вербалды емес белгі түріндегі ақпарат (формулалар, кестелер, сұлбалар), вербалды емес қарым-қатынас құралдары жатады.

Оқу үдерісінде қазақ тілін үйретуде мәтін сөйлеу әрекетіне үйретудің негізі болып табылады да, фактілік және лингвистикалық ақпарат көзі қызметін атқарады. Көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша, мәтінмен жұмыс сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін меңгеру бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың негізі болып табылады. Біз мұндай көзқарасты әділ деп есептейміз, себебі мәтінмен жұмыс — оқушының мәтіннің барлық деңгейдегі бірліктерімен: сөйлеммен, тұрақты тіркестермен, шағын мәтіндермен жұмысының, әр түрлі коммуникативтік міндеттерді шешу үшін мәтінді қайта құру, өзгерту, құрастыру біліктері мен дағдыларын меңгеруінің негізі болып табылады.

Осы ретте мәтін тілдік және сөйлеу материалының көзі, тілдік біліктерді қалыптастыру құралы, өз сөзін құрудың негізі, ақпарат көзі ретінде пайдаланылатын



жазбаша тілдік ақпараттың белгілі түрінің стандартты үлгісі болып табылады. Осыған байланысты мәтін іріктеу маңызды мәнге ие болады. Материал іріктеуде экстралингвистикалық факторлармен қатар лингвистикалық факторларды да ескеру қажет.

Экстралингвистикалық факторлар деп келесі өлшемдерді түсінуіміз керек:

**1. Уәждемелік өлшем.** Ұсынылатын мәтін оқушылар үшін қызық болуы керек, оларды жаңаны тануға, үйренуге жетелеуі керек. Осы жерде оқу жағдаятының ерекшелігін, үйренушілердің жас ерекшелігін, жалпы қызығушылықтарын, ал біздің жағдайымызда олардың кәсіби қызығушылықтарын, жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру қажет.

**2. Әдістемелік өлшем.** Іріктелген материалдың жаттығулар мен тапсырмалар әзірлеу үшін негізі болуы керек.

**3. Оқушының дамуы үшін әлеуетті болу өлшемі.** Іріктелген материал оқушыны дәрісханадан тыс уақытта жұмысты жалғастыруға ынталандыра білуі, оқушының жеке тұлға ретінде әрі қарай дамуына, оның шығармашылық әлеуетінің және оның когнитивтік дамуына мүмкіндік беретіндей болуы керек.

**4. Қол жетерлік өлшемі.** Мәтін мазмұнының күрделілік деңгейі үйренушілердің когнитивтік даму деңгейіне сәйкес келуі керек.

**5. Өзектілік қоры.** Мәтін қашанға дейін өзекті болып қала алады. Қазіргі уақытта ақпараттың тез ескіретінін, көптеген өмір шындықтары өзгеріп, оның орынына басқалары келетінін, кеше ғана өзекті болған мәселелер бүгін маңыздылығын жоғалтатынын есте сақтау қажет.

Лингвистикалық факторларға тілдік материалды, сонымен қатар мәтіннің тақырыптық бағытын жатқызуға болады.

Мәтін іріктеудің негізгі ұстанымы ретінде мақсатқа лайықтылық, пайдалылықты ескеру қажет деген көзқарасты қолдаймыз. Бұл ұстанымға сәйкес оқу үдерісінде қойылатын оқыту мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін мәтіндер пайдаланылуы тиіс.

Әдістемелік ғылымда мәтіндерді аутентивтік және оқу мәтіндері деп жіктеу пайдаланылады. Аутентивтік мәтіндерге үйретілетін тілде сөйлеушілер пайдаланатын, бірақ оқу мақсаттарына арналмаған ауызша және жазбаша мәтіндер жатады. Олар тіл үйренушілердің тіл меңгеру деңгейін ескермейді және олардың қажеттіліктеріне бейімделмеген. Аутентивтік мәтіндер лексикалық құрамы мен грамматикалық тұлғаларының табиғилығымен, тілдік құралдардың жағдаятқа сәйкестігімен ерекшеленеді. Олар сонымен қатар, мәтін құрудың және мәтін қызметінің ерекшеліктері мен дәстүрлерін көрсетеді.

Оқу мәтіндері – оқушылардың тілдік дайындығын ескере отырып, мәтіннің мазмұны мен құрылымын бейімдеуді қарастыратын ауызша және жазбаша мәтіндер. Аутентивтік мәтіндерді оқу үдерісіне енгізу қазіргі уақытта еш күмән келтірмейді, өйткені олардың көмегімен тілдік ортаның жағдайы, қарым-қатынастың нақты жағдаяттары жасалады. Оқу үдерісінде аутентивтік материалдардың болмауы оқушылардың кейбір сөйлеу жағдайларында коммуникативтік тапсырмаларды орындай алмауына әкеледі.

Оқу үдерісінде пайдаланылатын мәтіндерді іріктеу өлшемдері үлкен маңызға ие. Әдістемелік материалдарды оқып-зерттеудің нәтижесінде мәтіндердің

аутентивтілігімен қатар төмендегідей өлшемдері болуы керек деген шешімге келдік: қол жетерлік (оқу материалының оқушылардың тілдік деңгейлері үшін қол жетімді болуы); үйренушілердің мүдделері мен психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі; ақпаратқа қанықтығы; проблемалық міндеттерінің болуы; әлеуметтік-мәдени жағынан қанықтығы; коммуникативтік бағытталуы; лингвистикалық әлеуеті (оқылатын мәтінде тілдік материалдың болуы); тілдік материалды сөйлеу әрекетінің басқа түрлерін (оқылым, айтылым) дамыту үшін пайдалану мүмкіндігі; кәсіби бағытталуы немесе оқушылардың мамандықтарына сәйкестігі; когнитивтік әлеуеті (оқушылардың әрі қарай когнитивтік дамуына септігін тигізу).

Тіл үйретудегі тағы бір маңызды мәселе мәтіндер белгілі бір проблемалық жағдаятқа құрылуы тиіс. Оқыту үдерісінде проблемалыққа сүйену оқушының бойында аналитикалық, сыни ойлауды дамытуға, өз бетінше ақпарат ағынымен жұмыс істеу, жаңа білімге ие болып, оны практикада пайдалану дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен оқу үдерісінде пайдаланылатын оқу құралдарында келтірілетін мәтіндерді іріктеуде экстралингвистикалық және лингвистикалық факторларды ескерумен қатар, мәтіндердің жоғарыда көрсетілген өлшемдерге сай болуына көңіл аудару қажет. Сонымен қатар оқушының өзіне қажет коммуникативтік міндеттерді шешуіне мүмкіндік беретін аутентивтік мәтіндерді де енгізуді есте сақтау керек. Техникалық оқу орынында кәсіби тілді үйретуге арналған аутентивтік материалдарға ғылыми патенттер, диплом жұмысына жазылған аңдатпалар мен рецензиялар, ғылыми мәтіннің тезистері,

т.б. жатады.

Жоғарыда көрсетілген мамандыққа байланысты мәтіндердің тілдік ерекшеліктері мен мәтіндерді іріктеу ұстанымдарының орыс бөлімінде оқитын студенттерге арналған оқулықтарда сақталуын көрсету мақсатында Алматы энергетика және байланыс университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты М.Төлеуп, С.Дүкенбай, доцент, филология ғылымдарының кандидаты А.Тілембекованың авторлығымен құрастырылған энергетика және байланыс мамандықтарында оқитын студенттерге арналған «Қазақ тілі» (А., 2001), М.Төлеуптің «Кәсіби бағытталған тілде сөйлеу біліктілігін дамыту» атты оқу құралы (А., 2005) мен А.Тілембекованың 5В50719 – радиотехника, электроника және телекоммуникация бағытындағы «Қазақ тілі» атты дидактикалық материалдарын (А., 2010) алып қарастырайық. Атаулы оқу құралдары тілді үйретуде «Мәтін – тілдік қарым-қатынасты іске асырудың негізгі құралы» дегенді басшылыққа алған. Мамандыққа байланысты мәтіндерді таңдап, мәтінге дейінгі және кейінгі тапсырмаларды бере білген. Осы оқу құралдары арқылы тілді үйренушілер өз мамандықтарына қатысты сөздік қор мен терминдерді қолданатын мәтіндерді аудару білуге, яғни, өз мамандығы бойынша қарым-қатынас түрлерін құрастыра білуге үйрене алады.

Алайда кафедра оқытушыларының алдында алдағы уақытта оқулық түзу, материал іріктеудің ғылыми дәлелденіп негізделген теориясын әлі де зерттеп, зерделеп, оқушының болашақ жұмысында үлкен көмек көрсететін, кәсіби қазақ тілін үйретуде пайдаланылатын жоғары сапалы оқулықтар мен оқу құралдарын жазу міндеті тұрғанын айтқымыз келеді.

**Бағдат БАЙҒАЛИЕВА,**  
**Абай атындағы Республикалық**  
**мамандандырылған дарынды**  
**балаларға арналған**  
**қазақ тілі мен әдебиетін**  
**тереңдете оқытатын орта**  
**мектеп-интернат мұғалімі.**

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫН ТҰРҒЫСЫНДА ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ**

«Игі іс – ізгі бастама» демекші, қазіргі таңда елдің болашақ азаматтарын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі – мемлекетіміздің басты саясатының бірі. Білім мен ғылымның ел дамуына оңтайлы әсер етуі үшін дүниежүзілік білім кеңістігіне ену, білім беруді одан әрі демократияландыру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Біздің мақсатымыз – өзінің және қоғамның мүддесін де өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Оқушы қай ортада болмасын өзіндік әрекеттерді ұйымдастырып, оны басқарушы бола білуі тиіс. Оқушыны осындай дәрежеге жеткізу үшін сабақтың түрлері мен әдіс-тәсілдеріне баса назар аударып, білімнің сапасын арттыру керек.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші

кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу – білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз» деп атап көрсетті. Қай заманда болмасын білім беру үрдісі, ең алдымен, мұғалімнің қызметі, іс-әрекеті, ізденісі арқылы жүзеге асады. Сонау ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы Ы.Алтынсариннің «Мұғалім – мектептің жүрегі» деген тарихи сөзі бүгінгі таңда өміршеңдігін жоғалтып отырған жоқ. Мұғалім қазіргі таңда «мектептің жүрегі» ғана емес, бүкіл білім беру үрдісінің «миы», «қантамыры» қызметін атқаруда.

Олай болса, бүгінгі ұрпақтың бойына қазынаның бар асылын дарытып, терең білімді зерттеп, тілін дамытып, ар-иманын оятатын, адамгершіліктің сәулесін беретін мұғалім еңбегінің нәтижесі екені сөзсіз. Оларды елжандылық сезімге баулып, өркениет рухына бағыттау – біздің басты парызымыз.

Ал осындай ізгі мақсатқа жету – тек ұдайы ізденудің, бұл жұмысқа шығармашылық іс деп қараудың нәтижесі болмақ. Сондықтан ұстаз іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Мұғалім өз білім-білігін, оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруы және жаңа педагогикалық технологияны меңгеруі тиіс.

Қазіргі таңда педагогикалық жаңаша үрдістерде білім мен тәрбие берудегі ізгілендіру, жариялылық, педагогикалық ынтымақтастық, ғылыми-әдістемелік тың ізденістерге сүйене отырып, жаңашылдыққа талпыну қажет. Оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық, коммуникациялық желілерге шығу – ХХІ ғасырдың басты талабы.

«Педагогикалық технология» дегенімізді В.П.Беспалько «Слагаемое педагогической технологии» деген еңбегінде былай дейді: «Оқу-тәрбие үрдісінің алдына ала жүйелі түрде жоспарлануы және оның тәжірибеде жүзеге асу жобасы». Технология – қарапайым тілмен айтқанда, жүзеге асатын, нақты мақсаттардың алдына ойластырылған нақты жобасы, яғни, белгілі педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асатын жобасы.

Сабақты жаңашыл үрдіспен өткізу – оқушылардың білім сапасын арттырып, олардың шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамытып отырады, ал педагогтар үшін кәсіби шеберліктерінің өсуіне жәрдемдеседі. Оқытудың жаңа технологиялық әдістерін пайдалана отырып, өздіктерінен ойлана алатын, ізденгіш, шығармашылықпен жұмыс істейтін тұлғаны тәрбиелеу тиімді. Оқушылардың рухани-шығармашылық мүмкіндіктерін дамытып, салауатты өмір сүру салтының берік негіздерін қалыптастыруда, кешегі мен бүгінгі салыстыра айта білудегі қабілеттерін шыңдауда пән мұғалімінің де атқарар жүгі ауыр. Оқушылардың ой еркіндігін жетілдіріп, ғылыми шығармашылыққа баулу – білім беру ісін демократияландырудың негізі болып табылады.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы шын мәніндегі басты жаңалық пен жақсылықтың нышаны болды. Жолдаудың басты бөлімдерінің бірінде: “Қазір бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заман” деп Елбасымыз айтқандай, дарынды, білімді ұрпақ – еліміздің ертеңі екені даусыз.

«Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жетілдіруді қажет ететін, үнемі жаңаны табатын өнер», - деп Ж.Аймауытов айтқандай, сабақ беруді өнер деп бағалау тегін емес. Соның ішінде әдебиет сабағы – асыл

өнер сабағы. Ол – асыл сөз өнерін терең ой мен эмоция, сезімге беріліп, шабыттана қиялдау, елестету, болжау мен оқушыларды шығармашылыққа жетелейтін өнер сабағы. Ол – баланың жан жүрегіне, таным дүниесіне бойлай еніп, эстетикалық талғам беретін, рухани өрісін кеңейтетін бірден-бір пән. Сабақ үрдісінде берілетін мазмұнды бүгінгі күннің өзекті проблемасымен байланыстыра өту – балаға ой салу, ойланту, өмір сабағы.

Сөз өнері – халықтың жаны, рухани әлемінің көркем айнасы. Адам баласының ой-пайымдары мен ақыл-парасатының сыртқы дүниедегі өрнекті кестесі. Айнала өмірдегі жаңалықтардың бәрі де тіл арқылы, сөз арқылы ақиқат қазынаға айналады.

Қандай халықтың болсын тұтас табиғатын түсіну үшін оның бойындағы үш түрлі қазына көзін міндетті түрде игеру қажет дер едік. Дәлірек айтқанда, ең алдымен, сол ұлттың тілін білу, екінші, сол халықтың тарихымен танысу, үшіншіден, оның көркем әдеби мұрасын ұғына білу керек.

Оқыту – арнайы танымдық іс-әрекет. Ол – негізгі ойдың, ақылдың жұмысы. Оқыту арқылы балаға қоғам өзінің ғасырлар бойы жинаған асыл мұрасын, дағды, тәжірибесін береді. Оқыту үдерісінің жүйелі, түсінікті, нақты қалыптасуы танымдық іс-әрекеттің маңыздылығын арттырады. Олай болса, «Білімдендіруді жүзеге асыратын – мұғалім», - дейді Ж.Аймауытов. Ендеше, мұғалім оқушыларды білім жүйесімен, іскерлікпен, дағдымен қаруландырып қана қоймай, олардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамытады.

**Олай болса, осы айтылған үдерісті, яғни, ойлау үдерісін, сабақта қалай жүзеге асыруға болады? Оқушыны көркем мәтінді талдауға, өз ойын,**



көзқарасын айта білуге қалай жетелеу керек? Осы бағытта жұмыс жүргізудің тиімді жолдары қандай? Бұл тұрғыдағы сұрақтар – қазіргі оқыту жүйесіндегі жиі көтеріліп жүрген мәселелер.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасы, дамыта оқыту, модульдік оқыту, т.б. оқыту жолдары – білім берудің, оқытудың жеке тұлғаны жан-жақты дамыту үшін жүргізілген жұмыстардың жаңа ізденістері мен жетістіктері. Бұлар – педагог ғалымдар мен мұғалімдер тарапынан үлкен қолдау тапқан педагогикалық технологиялар болып есептеледі.

Бұл жобаның мақсаты – оқушыға бағытталған сабақ жүргізу, яғни, оқушыларды белсене қатыстыру әдістеріне негізделеді. Сын тұрғысынан ойлауды оқу және жазу арқылы дамыту жобасының стратегияларын тиянақты жүргізілген тәжірибелер негізінде нәтижелер көрсетіп жүргені белгілі. **Сабақ үдерісі қызығушылықты ояту (мотивизация), мағынаны тану сатысы (жаңа ақпарат), толғаныс (рефлекс), бағалау, сабақты аяқтау секілді кезеңдерден тұрады. Сабақтың тақырыбына лайықты стратегияларды жүйелі қолдану арқылы оқушылардың жұмысы ұйымдастырылып жүргізіледі.**

Көркем шығармаларды оқыта отырып, оқушыларды ой қозғау арқылы сол тақырыпқа әкеліп, осы тақырып төңірегінде бұрынғы білетіндерін анықтап, әрі қарай не болатынына қызықтыру, белсенділіктерін оятудың қажеттілігі зор. Ендеше, сын тұрғысынан ойлау стратегияларының әрқайсысының өзіндік мәні бар. Олай болса, осындай әдістерге **«Топтастыру» және Венн диаграммасы** жатады. Мұндай әдістер оқушы білімінің тиянақты болуына септігін тигізеді. Бұл әдістер топпен

де, жеке оқушыларға беріліп те орындала береді.

«Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы бойынша өткізілген сабақтар үдерісіндегі өзгерістер мен нәтижелері:

**а) Мұғалімнің іс-әрекеті:**

1. Топқа бөліп, ой қозғайды;
2. Тақырыпқа қызықтырып бағыттайды;
3. Шығармадағы ең құнды мәселелерді анықтау ұсынылады, зерттеледі;
4. Образдылық ерекшелігін тануға бағыттайды, орынына өздерін қойып қарайды, салыстырады;
5. Ойларын жазуды ұсынады;
6. Қорытынды жасауға бағыттайды.

**ә) Оқушының іс-әрекеті:**

1. Топтарда жұмыс жасайды;
2. Мәтінмен өздері танысады;
3. Әр түрлі әдістер арқылы шығарманы саралайды;
4. Жеке кейіпкерлерді талдайды, олардың іс-әрекетін зерттейді;
5. Ой қорытып, оны қағаз бетіне түсіреді;
6. Тұжырымдама жасайды.

Осы салыстыру кестелерінен «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының негізгі қағидаларының шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталғандығын көреміз. Академик Лернердің пайымдауы бойынша, білім — мәліметтер мен деректер, икемділіктер мен дағдылар, шығармашылық іс-әрекеттер, көңіл-күй құндылықтары мен бағдарларынан тұрады.

Оқытуды жеке тұлғаға бағыттау арқылы кез келген сабақтың дамытушылық, тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдаланып және осы жүйені қолдану барысында қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушының

шығармашылық қабілеттерін дамыту ойдағыдай жүзеге асырылады. Мұндай сабақтардың өзгешелігі – мұғалім назарынан тыс қалатын оқушы болмайды.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын «Сын тұрғысынан ойлау» стратегиялары негізінде құрып оқыту, яғни, сыни тұрғыдан ойлау тәсілін іс-тәжірибемен енгізу нәтижесі жеткіншектер бойында мынадай іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға болатынын байқатты:

- Әрбір оқушы өзінің жеке ойымен, өмірге деген көзқарасымен және ойлау қабілетімен ерекшеленеді;
- Жеке дауысты (кейіпкер, жазушы, бірге оқытын оқушы) қабылдауға үйренеді;
- Ойын жаңа ақпараттар арқылы білдіреді /мағынаны тану кезеңінде;
- Өз ойларын толық, дұрыс тұжырымдайды;
- Өздеріне белгілі тапсырмаларды пайдалана алады;
- Өз біліміне сүйеніп, мәселенің шешімін дұрыс тауып, ойын жеткізе біледі, яғни, «Мен» деген сөзді ұғады.

Міне, сондықтан да сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасы – оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың тиімді жолдарының бірі болып қалмақ. Ол – оқушыларды еркін шығармашылық ойлауға, өз ойын ортаға салып қорғауға, шығарманы талдауға, өзіндік ізденіске талпындыратын оқытудың тиімді тәсілі ретінде шеберлікпен игере білген кәсіби білікті маманға үлкен әдістемелік көмек болары сөзсіз.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Елдің келешегі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында», - деп атап көрсеткеніндей, бүгінгі таңдағы мақсатымыз жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде, ұлттық құндылықтарды әлемдік деңгейге шығарып, қабілетті тұлға тәрбиелеу болмақ.

Анар МАХМЕТОВА,  
Көкшетау қаласындағы  
№35 «Звоночек» мектеп-бақшасының  
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

## ОТАНҒА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК – ОТБАСЫНАН

*Адамның адамшылдығы – ақыл, ғылым, жақсы ата,  
жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.*

*Абай.*

Отбасы – адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті әрі қасиетті алтын мектебі.

Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күші өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата-ананың балаға деген орынын еш нәрсе толтыра алар емес. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген дана Мұхтардың (Әуезов) нақыл сөзі отбасы тәрбиесінің маңызын айқындап тұр емес пе?

Отбасы мүшелерінің жас шамасы әр түрлі болса да, олардың арасында бір-бірімен рухани жақындығы, мақсат ынтымақтастығы бар.

Атақты қазақ ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде:

«Отбасы – шағын мемлекет, Мен – президент, сен –

премьер» дегені бар. Шынында, отбасы – ол да бір шағын мемлекет. Әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі мен өнім бөлісі, сыртқы және ішкі саясаты, кіріс-шығыс бюджеті, қастерлеп ұстанатын рәміздері, т.б. болатыны сияқты, әр отбасы болмыс-тіршілігінің де соған ұқсас жақтары бар, оның жаратылысы да басшылық пен қосшылықты қажет етеді. Сондықтан отбасының құрылымына зор маңыз беріліп, мәнін қорғаған, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпауға, мүшелерін бір-біріне қатысты адалдыққа тәрбиелеген. «Отан отбасынан басталады» деген сөздің мәнісі де – осында.

Ата-ана өз отбасын нығайта отырып, сонымен бірге оның бәлиғатқа толған мүшелерін үй болуға, өз шаңырағын көтеруге әзірлеуі – басты әрі өте жауапты міндет болып саналады. Жас отаудың түтіні түзу шығып, махаббат пен тату-тәттілік, береке-бірлік орын тепкен жылы ұяға айналуы, босағасы берік, болашағы нұрлы болуы көбіне-көп жас жұбайлардың үлкен үйде алған тәрбиесі, көрген өнегесіне байланысты.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», «Анасына қарап, қызын ал» деп халық бәрін бастан кешіп, сынақтан өткізгендіктен айтқан.

Хан ордасы, салтанатты сарайларда талай күн аунап-қунап жатып, өзінің шұрқ тесік құрым киіз лашығына қайтып оралғанда Жиренше шешен: «Айхай, менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім», - деп жаны жай тапқан екен. Бұл аңызда үлкен шындық, терең мән бар. Әркімге, оның ішінде балаға өз үйінен ыстық, өз үйінен кең де керемет мекен жер жүзінде жоқ. Кавказ халықтарында «Нағыз жайлы орын: қылышқа – қынабы, отқа – ошағы, ер жігітке – өз үйі» деген тамаша нақыл бар.

Адалдық пен мейірімділік, жауапкершілік пен

кешірімділік те отбасында шын ықылас-пейілмен баланың көкірегінде орын тебеді.

Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін шеше – отбасы мектебінің ұстаздары болады. Әке мен шешенің баласына қоятын ең бірінші басты талап-тілектері – баланың «әдепті бала» болып өсуі. Сондықтан қазақ отбасы әрдайым «Әдепті бол, тәрбиесіздік етпе, көргенсіз болма» деген сияқты сөздерді балаларының құлағына құйып өсірген.

Қазақ отбасында өз баласын мейірімділікке, имандылыққа баулып өсірген. Үнемі отбасында осылай тәрбие көрген бала ақырында өздігінен тіл алғыш, адал, тиянақты, ұқыпты болып шыға келеді.

«Тәрбие басы – әдептілік» деп білген ата-ана әуелі баласына өздерін сыйлап-құрметтеуге, өзгелерге, әсіресе, үлкендерге сыпайылық танытуды, ешкімді мұқатпауды үйреткен. Сонымен қатар, балаларының ер азамат болып, халқына еңбек етулерін басты міндет етіп қойған.

Отбасының ұйытқысы, берекесі, мейір-шапағат көзі – әйел. Әйелдің бұл рөлі отағасының жамағатына, бала-шағаның анаға деген сүйіспеншілігімен, қамқорлығымен, ана жанын қас-қабағынан, жанарынан танығыштықпен нығая, биіктей береді. Әрине, әйел де өзінің аналық борышын ұмытпағанда, әсіресе, ерімен қабағы жарасып, тату-тәттілікте тұрғанда мәртебесі арта түспек. Әйелдің еріне қарым-қатынасы балалардың әкеге көзқарасының сипатын анықтайтыны берік есте болуға тиіс. Мұның өзі, бір жағынан, үй ішіндегі әдептің бастау көзі екені анық. Демек, балалар үшін әке беделі аналарының сөзі, іс-қимылы, қас-қабағы арқылы қалыптасады. Мысалы, ерлі-зайыптылар балалар көзінше бір-біріне қатты, балағат сөздер айтыспақ түгіл, дауыс көтеріп, керісуге тиіс емес. Олай еткенде, өз беделдерін жоғалтудың, бала-шағаның

жүрегің шашытып, зәресін ұшырудың үстіне, олардың жанына кейін өздері үй болғанда, алдарынан шығатын жаман әдеттің ұрығын егеді.

Аналардың балаларға: «әкеңмен ақылдас», «әкең біледі», «әкенің айтқанын істе», т.б. сияқты дәстүрімізде бар сөздерді айтып отыруы қандай ғанибет! Атақты «Абай жолы» эпосында халқымыздың осыған орайлас қадірлі дәстүрін танытатын мынадай бір тағылымды эпизод бар: «...Семей қаласында үш жыл оқып, жайлаудағы әке үйіне күн кешкіре жеткен 13 жасар шәкірт бала – Абай аттан түскен бетте амандасу үшін шешеге қарай жүреді. Сонда ақылды да байсалды Ұлжан ана: «Әй, балам, анда әкеңдер тұр, әкеңе барып, сәлем бер!» - дейді. Бір сәтке балалық сезім жеңіп, қателік жіберіп алғанын түсінген жас Абай кілт бұрылып, ортасында әкесі Құнанбай бар шеткерірек тұрған оқшау топқа қарай адымдай жөнеледі». Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов мұны халықтың жүрекке жылы осындай тамаша дәстүрінен хабардар ету үшін ғана емес, оның тәрбиелік зор маңызын жоғары бағалағандықтан да келтіріп отырғаны анық.

Ата-ананың бір-бірінің қадір-қасиетін осылайша ардақтап, беделін өсіруі, араларында өкпе-наз, кикілжің туа қалғанда, оны балалардан оңашада, екеуара шешіп отыруы – шынайы инабаттылық, әдептілік.

Сайып келгенде, қоғамда әдеп-инабат өлшемдерінің терең тамырланып, кең жайылуында отбасының маңызы орасан зор. Әрбір ұяның қос тіреуі – ерлі-зайыптылар өздеріне қатысты әдеп-адамгершілік талаптарын, құқықтары мен міндеттерін мүлтіксіз орындаса, бүкіл қоғамда, елде бейбіт те берекелі тұрмысқа негіз қаланбақ, демек, ұрпақтарына құтты қоныс, жайлы болашақ қамтамасыз етілмек!

Әсел ОСПАНОВА,  
№26 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Қарағанды облысы,  
Осакаров ауданы,  
«Молодежный» кенті.

## ГРАММАТИКАНЫ ЖӘНЕ ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТІЛ ҰСТARTУ

Басқа тілді үйренуде, дұрыс сөйлеп, сауатты жазу мақсатында сол тілдің грамматикалық заңдылықтарын меңгеру – басты шарттардың бірі. Оқушы екінші сыныптан бастап қазақ тілінің грамматикалық құбылыстарымен танысады, үлгі бойынша дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйренеді. Сынып озған сайын сөйлемді стильдік жағынан дұрыс құрастыруға, сонымен бірге салыстыру, теңеу, антоним, синоним, синонимдік құбылыстарды да қолдануға жаттығады. Қазақ тілінің грамматикалық тұлғаларын сөйлеу тілінде түсініп қолданған оқушының сөздік қоры да мол болады. Грамматикалық тұлғаларды меңгеру тіл дамыту жұмысымен тығыз байланысты жүргізіледі.

Ал, тіл дамыту жұмысы байланыстырып сөйлеумен сабақтас. Сабақта оқушылар сұраққа жауап беру, мәтін мазмұнын өз сөзімен айту, жоспар жасау, сұрақ қоя білу, қиын сөз, сөз тіркестерін бөліп жаза білу, грамматикалық



өзгерістер жасау (бірінші жақта берілген әңгімені екінші, үшінші жаққа қою немесе хабарлы тұлғада берілген әңгімені, сөйлемді сұраулы тұлғада қойып, т.б ) сияқты жұмыстарды атқарады.

Тіл сабағының жаңа тақырып түсіндіру, өткенді қайталау, қорытынды жасау кезеңдерінде грамматикалық анықтамаларды мысал келтіру арқылы, оқушылардың өздерін де қатыстыра отырып пысықтап, қорытынды жасаймын. Грамматикалық ережелерді оқыту арқылы тіл үйрену жұмысы да іске асырылады. Мысалы, көмекші есімдер (б-сынып) деген грамматикалық анықтаманы оқыту арқылы тіл үйренеді, тіл дамыту жұмысы жүргізіледі, ол үшін көрнекі құрал әзірленеді (кесте, сурет). Кіріспе ретінде көмекші есімдер дегеніміз не, оның қызметі, сөйлемдегі орыны туралы мысал келтіре отырып, орыс тілінде әңгіме өткіземін. Екінші кезекте кестемен жұмыс жүргіземін. Кестелерді талдай отырып, көмекші есімдердің қызметі, оның практикалық мәні, не үшін көмекші аталатындығы, олардың септелу, тәуелдену, орыс тіліне аударылу ерекшеліктері айтылады. Сондай-ақ ондаған сөйлемдер құрылып, қазақша сөйлеуге оқушыларды жаттықтырамын. Кестелердегі сөз, сөз тіркесі, сөйлемдер оқылып, аударылады. Үйге тапсырма ретінде көмекші есімдерді сөздік дәптерлеріне жазып, жаттап, оған он сөйлем ойлап келу тапсырылады.

Грамматикалық анықтамалар, жаттығу жұмыстарымен жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының бірі – сөйлеммен жұмыс. Сөздік қоры жеткілікті, қазақ тілінің грамматикалық құрылысын меңгерген оқушы ғана сөйлемді дұрыс құра алады. Сонымен қатар әр сыныпқа сай шығарма, мазмұндама, ауызша әңгіме жұмыстары мәтін, сурет, саяхат, кітап төңірегінде өткізіледі. Алғашқы

жаттығу жұмыстары үшін оқулықтағы мәтін, сурет алынады, кейін сабақ мақсатына қарай жұмыс бірте-бірте күрделене келе, жеке әңгімелер, мазмұнды суреттер, кітаптар ұйымдастырылады.

Сабақта жаттығулармен жүргізілетін тіл дамыту жұмыстары:

- Белгілі бір грамматикалық тұлғаны қатыстыра отырып, сөйлем құрастыруға жаттығу;
- Сұрақ қою, жеке сөз қосу арқылы берілген сөйлемді өрбіту, толықтыру, кеңейтіп айту әдісімен тіл дамыту;
- Жеке сөздерден сөйлем құрау жолымен тіл дамыту;
- Бір тұлғада берілген сөзді, сөйлемді екінші тұлғаға қойып айту.

Мәтінмен байланысты жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарында көрнекі құралдар қолданылады:

- Тақырыпқа байланысты түрлі суреттер;
- Грамматика мен жаттығу жұмыстарына байланысты жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарында қолданылатын көрнекі құралдар;
- Грамматикалық ережелерге арналған түрлі қима қағаздар.

Грамматикалық материалды оқытқанда түрлі жаттығулар жүйесін қолданамын. Жаңа грамматикалық тақырыпты меңгеру әрі аудармаға жаттығу мақсатында мынадай жұмыс түрлерін үнемі жүргізіп отырамын:

1. Шашыранды түрде берілген сөздерді бір ізге келтіріп барып аудару.

2. Мәтін ішінен жаңа грамматикалық анықтамаға байланысты тұлғаны тауып, сол сөйлемді тұтас аудару.

3. Оқушылармен өздігінен жазба жұмыстарын жүргізу. Сонымен қатар жаңа анықтамалар орыс тілінің грамматикасымен салыстырылып (ұқсастығы,

айырмашылығы) түсініп барып жатталатын, сөйлемде қолданылатын болады. Екі тілдің ұқсастығы мен ерекшеліктерін салыстыру арқылы жаңа материалды түсіндіруде төмендегідей тапсырмалар беріледі:

- Қазақ тілі мен орыс тіліндегі ұқсас әріптерді теріп жазып келу;

- Орыс тілінде жоқ әріптерді теріп жазу;

- Орыс тілінде бар әріптерді атау;

- Екі тілдегі кейбір сөз тіркестерін салыстыру;

- Кейбір дыбыстардың ерекшелігіне мысалдар келтіру;

- Жаңа сөз тудырудың жолдарын салыстыру;

- Екі тілдегі ұқсас грамматикалық құбылыстармен таныстыру;

- Сұрақ қою, мысал келтіру арқылы грамматикалық анықтамаларды түсіну.

Екінші сыныптан бастап оқушылар «мынау не? мынау кім? кім келді?» деген екі сөзден құралған сөйлемдерді және оның жауабын меңгереді. Сынып жоғарылаған сайын оқушыларға осы сұрақтарды кеңейте қоюға болады. Сыныпта кім отыр? Үйде кімдер бар? Асан қайда барды? және т.б.

Жоғары сынып оқушылары қазақ тілінің грамматикасымен біраз таныс- шақ формалары, шылаулар, жалғаулар, есімдік, т.б., сондықтан бір тұлғадағы сөз, сөйлемді екінші тұлғаға қою жұмысы арқылы олардың грамматикадан білім дәрежесі, сөздік қоры анықталады, байланыстырып сөйлеуге дағдыланады, сөзді, сөйлемді өз орнына пайдалануға төселеді. Осы жұмыстардың әрқайсысында тіл дамытудың элементтері бар.

Айнагүл ЖҮЗІКЕЕВА,  
«Степная» орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Қостанай облысы,  
Жітіқара ауданы.

## ДЕҢГЕЙЛІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ҚҰРАСТЫРЫЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

Деңгейлік тапсырмалар оқушының шығармашылық қабілетін дамытып, іздендіруге жетелейді, пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Бұл тапсырмалар оқушылардың өзіндік қасиетін, ерекшелігін анықтауда өте тиімді. Оқушылар өздерін танып, өзінің қабілетін, біліктілігін жетілдіріп, сөздік қорын молайтады.

Бірінші деңгей тапсырмалары қысқа да нұсқа болғаны жөн.

### *Бірінші деңгей тапсырмасы:*

#### Піл

Піл – ең ірі хайуанат. Бойының биіктігі – 3,5 (үш жарым) метр. Салмағы – 5 тоннаға жуық. Піл қазір Африка мен Оңтүстік – Шығыс Азияда өмір сүреді. Пілдің тұмсығы өте күшті.

Пілдің сойдақ тісі бар. Бұл тісімен піл жер қазады. Піл 60-70 жыл өмір сүреді. Ол жануарлардың ішіндегі ең ақылдысы деп саналады.

## **Сөздік:**

*ең ірі – самый крупный;*

*салмағы – вес;*

*қазады – копает.*

**Тапсырма:** тәуелдік және жалғаулы сөздерді теріп жазыңыз, талдаңыз.

### ***Екінші деңгей тапсырмасы:***

1. Бұл не? (тасбақаның суретін көрсету).

2. Ол туралы білесіз бе?

3. Ол қандай?

4. Ол қайда тіршілік етеді?

5. Ол немен қоректенеді?

Мына сұрақтарға жауап бере отырып, шағын әңгіме құрастырыңыз. Мәтінге ат қойыңыз.

### ***Үшінші деңгей тапсырмасы:***

1. Бұл не? (Қоян мен арыстанның суреті).

2. Ол қандай?

3. Ол туралы білесіз бе?

4. Ол қайда өмір сүреді?

5. Оны сипаттаңыз.

6. Ол немен қоректенеді?

Қоян мен арыстанды салыстырыңыз. Ұқсастығы мен айырмашылығын табыңыз.

### ***Төртінші деңгей тапсырмасы:***

Ертеде бір арыстан ..... Әңгімені аяқтаңыз.

Мәтінге ат қойыңыз.

«Спорт – денсаулық кепілі» деген тақырыпқа әңгіме құрастырыңыз.

### ***Сөзжұмбақтар.***

1. Діни кітап.

2. Ұлттық мейрам.

Қ Р Ұ Н А

У Н Р А З Ы

3. Ыдыс түрі.	Н А Қ З А
4. Ұлт.	Р А Т А Т
5. Көкөніс түрі.	Н Қ У А Ы

1. Құс түрі.	Ғ А Қ Р А
2. Оқушының құралы.	М А Л А Қ
3. Көкөніс түрі.	Ы З Б Қ Р А
4. Ағаштың түрі.	Қ Й А Ң Ы
5. Төсеніш түрі.	Ш А А Л А
6. Қарудың түрі.	Қ А Д А С

1. Дене мүшесі.	Ұ Л А Қ Қ
2. Үй жануары.	Л Ы Қ Ы Ж
3. Тағам түрі.	Ш І Р Ү К
4. Жыл мезгілі.	Т Е М К Ө К
5. Спорт түрі.	С Е Р Ү К
6. Жазғы қоныс.	А Й Ж У А Л
7. Пайдалы қазба.	Р М І Е Т
8. Бас киім түрі.	Р І К Б Ө

### **Деңгей.**

1. Дауысты дыбыстар туралы не білесің?
2. Етістік, оның түрлері.
3. Қазақ тіліне аудару:

Текст, словари, писатель, известный, общая тетрадь.

### **Деңгей.**

1. *Оқулық* сөзіне фонетикалық талдау.
2. Кітап туралы 5 сөйлем құрастыр.

### **Деңгей.**

1. 3 сөйлемге синтаксистік талдау жаса.

2. Сөз құрамына талда:

Жазбаларды, жоспарлап, соншалық, аударды, әңгімелесу.

**Деңгей.**

1. Жалғау, оның түрлері.

2. Есімдік, оның түрлері.

3. Қазақ тіліне аудару: огород, помощник, дождливый, урожай, погода, мороз.

**Деңгей.**

1. *Егін* сөзіне фонетикалық талдау жаса.

2. Мамандық туралы 3 сөйлем құрастыр.

**Деңгей.**

1. 3 жай сөйлемнен құрмалас сөйлем құрастыр, синтаксистік талдау жаса.

2. Сөз құрамына талда: жазбаша, тапсырма, аудару, астық, асхана, асханашы.

**Деңгей.**

1. У әріпі қай сөздерде дауысты, дауыссыз болады?

2. Буын, оның түрлері.

3. Қазақ тіліне аудару: простое предложение, звук, буква, урок, посуда, государство, первый урок.

**Деңгей.**

1. *Әріп* сөзіне фонетикалық талдау жаса.

2. «Наурыз мейрамы» тақырыбына 5 сөйлем құрастыру.

**Деңгей.**

1. 3 сөйлем тіркесіне синтаксистік талдау жаса.

2. Сөз құрамына талда: жазылған, біткен, келеді, білімді, алған, дыбыстарды.

**Деңгей.**

1. Дауыссыз дыбыстар туралы не білесің?

2. Сан есім, оның түрлері.

3. Қазақ тіліне аудару: город, государство, весна, родители, экзамен, моя мама.

**Деңгей.**

1. *Келін* сөзіне фонетикалық талдау жаса.
2. Отбасы тақырыбына 3 сөйлем құрастыру.

**Деңгей.**

1. 3 жай сөйлемнен құрмалас сөйлем құрастыр.
2. Сөз құрамына талда: Қызылорданың, бастаған, шаһарлардың, келеді, жұмысшылар.

**Деңгей.**

1. Тұрлаулы мүшелер, оның түрлері.
2. Жай сөйлем (мысал келтір).
3. Қазақ тіліне аудару: казахская литература, народная, цель, хитрый, враг, новость.

**Деңгей:**

1. *Дәстүр* сөзіне фонетикалық талдау жаса.
2. «Спорт» тақырыбына 3 сөйлем құрастыру.

**Деңгей.**

1. Сөйлем құрастыр: бастауыш баяндауыш, бастауыш баяндауыш.

Бастауыш пысықтауыш пысықтауыш толықтауыш баяндауыш баяндауыш.

2. Сөз құрамына талда: жұмыстарына, өзінен, әріптестеріне, көрсетіп, суретшісі.

**Деңгей.**

1. Септік, *адам* сөзін септе.
2. Сын есім, оның түрлері.
3. Қазақ тіліне аудару: век, час, 1000, перевод, тема, группа.

**Деңгей.**

1. *Тәулік* сөзіне фонетикалық талдау жаса.



2. Біздің сынып туралы 5 сөйлем құрастыру.

**Деңгей.**

1. 5 құрмалас сөйлем құрастыру (синтаксистік талдау).

2. Сөз құрамына талда: кеспелерде, көрсетілген, ережелердің, кітапханалар, көмекшілер.

**Деңгей.**

1. Буын дегеніміз не? Оның түрлері?

2. Зат есім дегеніміз не, түрлері, мысал келтір.

3. Қазақ тіліне аудару: история, предмет, орнамент, семья, окончание, идет дождь.

**Деңгей.**

1. Бөлім сөзіне фонетикалық талдау жаса.

2. Кітапхана туралы 3 сөйлем құрастыру.

**Деңгей.**

1. 3 салалас құрмалас сөйлем, 3 сабақтас құрмалас сөйлем құрастыру.

2. Схема бойынша сөздер құрастыр:

Түбір, жұрнақ, жалғау. Түбір, түбір, жұрнақ, жалғау.

Түбір, жұрнақ, жалғау, жалғау. Түбір, жалғау.

**Деңгей.**

1. Тұрлаусыз мүшелер, түрлері.

2. Көптік жалғау.

3. Қазақ тіліне аудару: художник, музей, традиция, труд, озеро, река, море.

**Деңгей.**

1. Өзен сөзіне фонетикалық талдау жаса.

2. «Досым» тақырыбына 5 сөйлем құрастыру.

**Деңгей.**

1. Сөз құрамына талда: Әлімхан, өнерінің, шығармашылықпен, өзінің, жұмысшылар.

2. Құрмалас сөйлем құрастыр.

Толқын ДҮЙСЕНҒАЛИЕВА,  
Алматы мемлекеттік  
жаңа технологиялар колледжінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің оқытушысы.

## ЭЛЕКТР ТОГЫНАН ҚОРҒАЙТЫН ҚОРҒАНЫС ҚҰРАЛДАРЫ

**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – «Электр тогынан қорғайтын қорғаныс құралдары» мәтінімен жұмыс істей отырып жаңа сөздер үйрету; **тәрбиелік** – оқушылардың мамандығы электрмен байланысты болғандықтан, электр тогынан сақтану жолдарын жетік білуін, токтан зақымданудың салдарынан хабардар болуын насихаттау; **дамытушылық** – жаңа сөздермен сөз тіркестерін құруға, мәтінді мәнерлеп оқи білуге, сұрақтарға дұрыс жауап беруге, аударма жұмыстарын орындай білуге дағды қалыптастыру.

**Түрі:** аралас, жаңа білімді игеру сабағы. **Оқытуды жүргізу тәсілі:** жекелеген тапсырмаларды іздеу, өз бетімен жұмыс істеу. **Сабақта қызметті ұйымдастыру түрлері:** жеке, топтық, жалпы. **Дидактикалық материал:** кеспелер, мәтіндер, суреттер, альбомдар. **Пәнаралық байланыс:** техника қауіпсіздігі ережелері. **Әдебиет:** Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, интернет материалдары.

## **Сабақтың жүрісі:**

1. **Ұйымдастыру сәті:** жұмыс орынын ұйымдастыру, сабаққа келмегендерді айқындау.

2. Сабақтың міндеті мен мақсатын хабарлау.

3. Өткен материалды қайталау жұмыстары.

Өткен мәтіндер бойынша сөздік жұмысы: электр, кернеу, тізбек, құрылғы, жиынтық, сипаттама, сыйымдылық, сызба, қарапайым, энергия көзі, тұтынушы, өткізгіш, жалғастыру, сым, оң және теріс, екі қысқыш, жарықтандырғыш шамдар, электр қозғалтқыштары, электрқызыдырғыш аспаптар, түрлендіру, тұрақты, айнымалы, жиілік, электро-магниттік индукция, магнитөткізгіш, орамалар, өріс, тасымалдау, күшейту, жартылай өткізгіш, ток ағыны, басқару, қарсыласу, шектеу, реттеу, құрылым.

**Көп нүктенің орынына тиісті сөздерді қойыңыз.**

Қысқыштар, электр энергиясының көзінен, резистор, индуктивтік катушка, конденсатор, электр энергиясына, энергия тұтынушыдан, электр тұтынушылары, графикалық формада, электр тогын, оң және теріс.

1. Электр тізбегі –..... өткізетін құрылғылардың жиынтығы. 2. Электр тізбегінің негізгі элементтеріне .....жатады. 3. Электр тізбегі,..... яғни, сызбамен беріледі. 4. Қарапайым электр тізбегі .....Е, .....Т және энергия көзі мен тұтынушыны байланыстыратын екі өткізгіш жалғастырушы сымдардан С1 және С2 тұрады. 5. Жалғастырушы өткізгіш сымдар электр энергиясының көзіне ..... полюстер деп аталатын екі .... арқылы қосылады. 6. Электр энергиясының көзі механикалық, химиялық, жылулық, тағы басқа энергия түрлерін ..... айналдырады. 7. .... ретінде жарықтандырғыш шамдар, электр қозғалтқыштары,

электрқызыдырғыш аспаптар, т.б. пайдаланылады.

### **Сұрақтарға жауап беріңіз:**

1. Электр тізбегі дегеніміз не?
  2. Электр тізбегінің элементі дегеніміз не?
  3. Электр тізбегінің негізгі элементтеріне нелер жатады?
  4. Электр тізбегі қандай формада беріледі?
  5. Қарапайым электр тізбегі неден тұрады?
  6. Жалғастырушы өткізгіш сымдар электр энергиясының көзіне қалай қосылады?
  7. Электр энергиясының көзі қандай энергия түрлерін электр энергиясына айналдырады?
  8. Электр тұтынушыларын атаңыз.
4. Жаңа материалды мазмұндау. Электр тогынан қорғайтын қорғаныс құралдары.

**Лексикалық минимум:** қорғау, қорғаныс, құралдар, негізгі, қосымша, зардап шегу, доға, күйіп қалу, зақымдану, саймандар, қолғаптар, сабы оқшауланған саймандар, оқшаулау, көрсеткіш, қол тигізу, мүмкіндік, үйкек, диэлектрлік кілемше, электр құрылғылар, қатерлі, зиянды, өндірістік, көмекші.

### **Мәтінге тапсырмалар:**

#### **А) Жаңа сөздермен сөз тіркестерін құру.**

Мысалы: токтан қорғау; қорғаныс құралдарының түрлері; токтан зардап шегу, зардап шеккен адам, т.б.

**Ә) Мәтінді оқу, жаңа сөздердің көмегімен орыс тіліне аудару.**

**Электр тогынан қорғайтын қорғаныс құралдары.**

**Электр тогынан қорғайтын қорғаныс құралдары** дегеніміз – жұмысшыны электр тогынан зардап шегуден, электр доғасынан күйіп қалудан, механикалық зақымданудан қорғайтын құралдар мен саймандар,

аппараттар, құрылғылар. Қорғаныс құралдары негізгі және қосымша болып бөлінеді.

**Негізгі қорғаныс құралдары:** диэлектрлік қолғаптар, сабы оқшауланған саймандар, электрді оқшаулайтын каскалар, кернеу көрсеткіш. Бұл құралдар электр құрылғылардағы жұмыстық кернеуді ұзақ уақыт оқшаулайтын және ток өтетін кернеулі тораптарға қол тигізуге мүмкіндік беретін қорғаныс құралдары болып табылады.

**Қосымша қорғаныс құралдары:** оқшаулағыш үйкек (подставка), диэлектрлік кілемше, диэлектрлік галош пен бот. Бұл құралдар негізгі қорғаныс құралдарына қосымша ретінде пайдаланылады. Олар электр тогынан зардап шегуден қорғамайды және өздігінен қорғаныс құралдарының қызметін атқармайды.

**Көмекші құрал-саймандар** адамдарды электр құрылғылармен жұмыс істеу уақытында кездесетін қатерлі және зиянды өндірістік факторлардан қорғауға арналған.

Тапсырма: Суреттегі бұйым атауларын атаңыз.

## 5. Жаңа материалды түсінгенін тексеру.

Тапсырма: Жақшаны ашып, орыс тіліндегі сөзді қазақ тіліне аударыңыз, мәтінді мәнерлеп оқыңыз.

**Электр тогынан қорғайтын қорғаныс құралдары** дегеніміз – жұмысшыны электр тогынан (от поражения), электр доғасынан (ожогов), механикалық зақымданудан (повреждения) қорғайтын құралдар мен саймандар, аппараттар, құрылғылар. Қорғаныс құралдары (основные и дополнительные) болып бөлінеді.

**Негізгі қорғаныс (защитные) құралдары:** диэлектрлік қолғаптар (перчатки), тұтқалары залалсыз (с изолирующими рукоятками) саймандар, электрден

залалсыздандырылған (электроизолирующая) каскалар, кернеу, көрсеткіштер (указатели). Бұл электр құрылғылары (электроустановок) жұмыстық кернеуді ұзақ уақыт оқшаулайтын және ток өтетін кернеулі тораптарға жанасуға (прикасаться) мүмкіндік беретін қорғаныс құралдары (защитные средства) болып табылады.

**Қосымша қорғаныс құралдары – Дополнительные защитные средства:** залалсыздандырылған (изолирующая) үйкек, диэлектрлік кілемше (коврик), диэлектрлік галош пен аяқ киім. Бұл құралдар негізгі қорғаныс құралдарына қосымша ретінде пайдаланылады. Олар электр тогынан зардап шегуден қорғауды қамтамасыз ете алмайды (не могут обеспечить защиту) және өздігінен қорғаныс құралдары рөлін (роль защитных средств) атқармайды.

**Көмекші құрал-саймандар –** адамдарды электр құрылғылармен жұмыс істеу уақытында кездесетін қауіпті (опасных) және залалды (вредных) өндірістік факторлардан қорғауға арналған (предназначены для защиты).

**6. Сабақты қорытындылау.** Мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап бергізу, үлгерімі жақсы оқушыларды сөйлету.

**Сұрақтарға жауап беріңіз:**

1. Электр тогынан қорғайтын қорғаныс құралдары дегеніміз не?
2. Қорғаныс құралдары нешеге бөлінеді?
3. Қандай негізгі қорғаныс құралдарын білесің?
4. Бұл құралдар қандай қорғаныс құралдары болып табылады?
5. Қандай қосымша қорғаныс құралдарын білесің?
6. Қосымша қорғаныс құралдары дегеніміз не?

Олардың қызметіне не кірмейді?

7. Көмекші құрал-саймандар адамдарды қандай факторлардан қорғауға арналған?

**Үлгерімі жақсы оқушылар үшін аударма жұмыстарын беру.**

**Защитные средства** – приборы, аппараты, приспособления и устройства, служащие для защиты персонала от поражения электрическим током, ожогов электрической дугой, механических повреждений и т.п.; подразделяются на **основные и дополнительные**.

**Основные защитные средства** – средства защиты (диэлектрические перчатки, инструмент с изолирующими рукоятками, электроизолирующая каска, указатели напряжения и др.), изоляция которых длительно выдерживает рабочее напряжение электроустановок и которые позволяют прикасаться к токоведущим частям, находящимся под напряжением.

**Дополнительные защитные средства** – средства защиты (изолирующая подставка, диэлектрические боты, диэлектрический коврик, диэлектрические галоши), которые при их использовании не могут обеспечить защиту от поражения электрическим током; они являются дополнительной к основным средствам мерой защиты.

**Вспомогательные приспособления** предназначены для защиты людей от сопутствующих опасных и вредных производственных факторов при работе с электрооборудованием.

7. **Үй тапсырмасын хабарлау.** Мәтінді сұрақтарға жауап бере отырып әңгімелеу, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттау.

8. **Бағалау:** сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды мадақтау, бағаларын журналға қою.

Сәуле ЕСЖАНОВА,  
Қарағанды қаласындағы  
№32 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ ТҮРЛЕРІ

**Мақсаты:** салалас құрмалас сөйлемнің түрлерімен таныстырып өту. **Міндеттері:** **білімділік** – ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем туралы ұғымдарын қалыптастыру; **тәрбиелік** – сөздік қорын толықтыру, мемлекеттік тілді меңгеруге ықыластық ниетті тәрбиелеу; **дамытушылық** – ізденушілікке, шығармашылыққа, ой қорыта білуге үйрету.

**Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Көрнекілігі:** сызбалар. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, сын тұрғысынан ойлау, жазу.

### **Сабақтың барысы:**

#### **I. Ұйымдастыру кезеңі.**

#### **II. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі:**

1. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру.

2. Құрмалас сөйлем, салалас құрмалас сөйлем туралы алған білімдерін еске түсіру.

3. Білім бекіту сұрақтары:

а/ Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің бір-бірінен қандай айырмашылықтары бар?

ә/ Құрмалас сөйлемнің неше түрі бар?

б/ Салалас құрмалас сөйлемнің қандай өзіндік ерекшелігі бар?



**Құрмалас сөйлем –**  
екі немесе бірнеше жай сөйлемнен  
құралып, күрделі ойды білдіреді.

Салалас құрмалас сөйлем. Құрамындағы жай сөлемдердің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысады.  
*Мысалы: Қоңырау соғылды, оқушылар үзіліске шықты.*  
*І с. баяндауыш. ІІ с. баяндауыш.*

**Тиянақты = д.б.**

Аралас құрмалас сөйлем кемінде үш жай сөйлемнен құралып, олар бір-бірімен салаласа да, сабақтаса да байланысады.  
*Мысалы: Арада бірталай күн өтті, Асайын бұрынғыдай жадырап сөйлеспей, (ол) қыңырайып жүрді.*

I	II	III
салаласа	сабақтаса	

Сабақтас құрмалас сөйлем. Құрамындағы алғашқы сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болып, бағына байланысқан сөйлем.  
*Мысалы: Қоңырау соғылып, оқушылар үзіліске шықты.*

I с. баяндауыш	II с. баяндауыш
тиянақсыз бағыныңқы	басыңқы

Құрамындағы жай сөлемдердің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысады.  
*Мысалы: Үлкен кісіні ала кетейік, өйткені жер мөлшерін Ерекең ғана жақсы біледі.*

**I с. баяндауыш,**

**II с. баяндауыш.**

**Тиянақты = дәрежеде б.**

**Еске бекіту жаттығуы.** Берілген сөйлемдердің салалас құрмалас екендігін түсіндір.

Не білетіндігіңді ісіңмен дәлелде, не орынсыз килікпей жайыңа жүр. Ол өте білімді оқушы, бірақ

ерекшеленуді жақтырмайды. Қоңырау соғылды, оқушылар үзіліске шықты.

### **Шығармашылық тапсырма.**

**Түсінгенім:** (салалас құрмалас сөйлемнен түсінгеніңді жазасың).

**Қолдана білемін:** (салалас құрмалас сөйлемге мысалдар ойластырасың).

### **III. Жаңа сабақты түсіндіру кезеңі:**

1. Сабақтың тақырыбымен таныстыру.
2. Жаңа дәрістің мақсатына тоқталу.
3. Жаңа сабаққа түсінік беру.

#### **Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері**

**Ыңғайлас салалас**

**Қарсылықты салалас**

**Себеп-салдар салалас**

**Кезектес салалас**

**Талғаулы салалас**

**Түсіндірмелі салалас**

**Салалас құрмалас сөйлем түрлеріне ортақ негізгі белгілер:**

1. Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлем-

дердің баяндауыштары тиянақты болады.

2. Баяндауыштары тиянақты тұлғада келетіндіктен, олар өзара тең дәрежеде жұмсалады.

3. Құрамындағы жай сөйлемдердің бастауыштары мен баяндауыштары қиыса байланысады.

4. Жасалу ерекшеліктеріне қарай жалғаулықты (жалғаулық шылаулар арқылы), жалғаулықсыз (дауыс-ырғағы арқылы) деп бөлінеді.

Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем  
Бір-біріне жуық мезгілде ыңғайлас болған іс-әрекеттерді, уақиғаларды білдіретін салалас сөйлем.

Жалғаулықты ыңғайлас  
салалас  
(және, әрі, да, де, та, те)

Жалғаулықсыз  
ыңғайлас салалас

Тыныс белгісі.

1. Жалғаулық шылаулар ( әрі, да, де, та, те) арқылы байланысқан ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдер үтірмен бөлінеді.

*Мысалы: Ол үйге берілген тапсырмаларды орындап болды да, далаға шықты.*

Ескерту: Егер ыңғайлас салаластың жай сөйлемдері және шылауымен байланысса, олардың арасына тыныс белгісі қойылмайды.

*Мысалы: Мархабат өткен жазда ауылға барып қайтты және ағайын-туыстарын ертіп келді.*

2. Жалғаулықсыз ыңғайлас салаластың жай сөйлемдерінің арасына да үтір қойылады.

*Мысалы: Ғабдылмирастар қырдан асып еді, жол екіге бөлінді.*


Дағды алу жаттығуы. **Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдарын анықта.** Қариялар көргендерін әңгімеледі, жастар естігендерін айтты. Оның пікірін отырғандардың бәрі қостады, әрі өте батыл бастама деп шешті. Құндыз тамылжыта «Қара торғай» әнін айтты, жұртшылық ықыласпен таңдана тыңдады. Кәрі бүркіт көкке шарықтай көтерілді де, биік жартасқа жансыз заттай құлады. Гүлбаршын билей жөнелді, қарап тұрғандар өздерінің қалай билеп кеткенін де білмей қалды.

### **Шығармашылық тапсырма.**


**Түсінгенім** (ыңғайлас салаластан түсінгенімді жазасың).

**Қолдана білемін** (ыңғайлас салаласқа мысалдар ойластырасың).

### **IV. Жаңа сабақты пысықтау кезеңі.**



### **V. Жаңа сабақты бекіту кезеңі.**



### **VI. Үй тапсырмасын беру кезеңі:**

1. Еске бекіту жаттығулары.
2. Шығармашылық тапсырмалар.

### **VII. Оқушылардың білімін бағалау кезеңі.**

## «ҚАЗАҚСТАН» ТАҚЫРЫБЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫ

**Сабақтың мақсаты:** Қазақстан Республикасы туралы алған білімін кеңейту және тереңдету. **Міндеттері:** **білімділік** – туған ел туралы білімін толықтыру, алған білімдерін жүйелеу, мәтінмен таныстыру, жаңа сөздермен жұмыс жүргізу; мәтінді оқу арқылы сөйлеу әрекеттерін қалыптастыру; оқушылардың алған білімін саралай отырып, практикалық дағдыларымен салыстыру; **дамытушылық** – сұраққа дұрыс жауап беруге жаттықтыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, дүниетанымы мен ой-өрісін кеңейту, ауызша сөйлеу мәдениетін өрістету; **тәрбиелік** – Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, адамгершілікке, оқушыларды саналы ел азаматы болуға тәрбиелеу. Отанды сүйуге баулу. Туған жерді аялауға, қорғауға тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, сөйлесу, іздену, жартылай практикалық әдіс.

**Көрнекілігі:** ҚР рәміздері, деңгейлік тапсырмалар, сөйлемді кестелер. **Пәнаралық байланыс:** Қазақстан тарихы, орыс тілі, география.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:**

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін нешесі?

- Аптаның қай күні? Жылдың қай мезгілі?
  - Қыс айларын кім айтады?
  - Ауа райы қандай? Жерде не жатыр?
  - Біз қай елді мекенде тұрамыз?
  - Петропавл қаласы қай аймақта орналасқан?
  - Алматы Қазақстанның қай бөлігінде орналасқан?
  - Қазақстанның астанасы қай қала?
  - Астана қаласы Қазақстанның қай жерінде орналасқан?
- (Интерактивті тақтада Қазақстан Республикасының картасы, оқушылар шығып қалаларды көрсетеді).

- Бүгін сендермен Қазақстан Республикасы туралы әңгімелесеміз.

## **II. Сабақтың мақсатын айту.**

- Бүгін, балалар, ерекше сабақ. Сабағымыздың атауы: «Қазақстан» тақырыбы және оның сөздік қоры». Біздің мақсатымыз: өткен сабақтарда оқыған тақырыптарың бойынша алған білімдеріңді пысықтап, қорытынды жасаймыз. Әр азамат өзінің туған жерін, елінің тарихын, мәдениетін біліп өсуі керек.

Ең алдымен, біз Қазақстан картасына шолу жасайық:

1) Біздің Қазақстанда қандай облыс орталықтары бар? (картадан көрсету).

2) Біздің Қазақстанда қандай ірі қалалар бар?

А) Қарағанды. Бұл қала немен бай? – көмір.

Ә) Алматы – алма (апорт).

Б) Атырау – мұнай.

В) Жезқазған – мыс.

Г) Қызылорда – күріш.

Д) Ақмола, Қостанай, Петропавл – бидай.


- Біз Қазақстан Республикасы бойынша атақты қалаларды және олардың байлықтарын еске алдық. Ал, енді, мынадай сұрақтарға жауап берейік:

- А) Біз қай Республикада тұрамыз?  
 Ә) Қазақстан қандай мемлекет?  
 Б) Қазақстан Республикасы егемендігін қай жылы жариялады?  
 В) Егеменді еліміздің тұңғыш Президенті кім?  
 Г) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қай тіл?  
 Д) Қазақстан халықтарының тіл мерекесі қашан аталып өтті?

-Ал, енді, біз екі тапсырманы кластермен бекітейік.

**III.** (Бір оқушы шығып кластер сызады).

(тәуелсіз, гүлденген, егеменді, бай, көп диаспоралы, бейбітсүйгіш, экономикасы дамыған, демократиялық)



**IV. Грамматикалық тапсырмалар:**

- А) *Қазақстан* – тәуелде;  
 Ә) *қазақ* – жіктік жалғауын жалға;  
 Б) *мемлекет* – септе (тақтаға орында)

**V. Мәтінмен жұмыс.** «Қазақстан» тақырыбы және оның сөздік қоры».

**1) «Ойшақыру».** Жаңа сөздермен жұмыс:

Жарияланды – объявлен;

Дербес – самостоятельная;  
Бекітті – утвердил;  
Таңғажайып – удивительно;  
Елшілік – посольство.

(сөздерді оқып шығу, оқушылардың өздеріне оқыту, орысша, қазақша сөздерді пайдаланып, сөз тіркесін сөйлем құрастыру, тақтаға жазу, сөздерді керісінше тауып, орынына қою).

### **3) Мәтін. «Даналық ағашы» ойыны.**

Оқушылар мәтінді жылдам, мұқият оқып шығуы тиіс. Әр оқушы мәтін бойынша қиын сұрақ құрап, қағазға жазады. Мұғалімнің қолындағы сандықшаға сұрақтарды салады. Әр оқушы сұрақ жазылған қағазды алып, сол сұраққа жауап береді.

## **ҚАЗАҚСТАН**

Қазақстан – көп диаспоралы, егеменді мемлекет. Халқының саны – 17 млн. 1991 жылы 1 желтоқсанда тұңғыш Президент болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіз ел болып жарияланды. 1992 жылы Қазақстан Республикасы Елтаңбасын, мемлекеттік Туын және Әнұранын бекітті.

Қазақстан – құқықтық мемлекет. Қазақстанда 30 мемлекеттің елшілігі бар. Қазақстанның негізгі халқы – қазақ халқы. 1993 жылы қараша айында ұлттық ақша – теңге айналымға түсті.

Қазақстанның бас қаласы және астанасы – Астана қаласы. Астана Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан. Астана – өте әдемі қала. Оңтүстік астана – Алматы қаласы да таңғажайып әсем қала.

Қазақ жері – пайдалы кендерге өте бай. Қазақстан табиғаты өте әдемі, біз өз Отанымыздың табиғатын



сүйеміз.

*Тақырыпқа байланысты үш топқа тапсырма беремін.*

**1-топ** – Солтүстік Қазақстан туралы не білесіңдер?

Мәтін құрастырыңдар. (Бұл кезде интерактивті тақтадан табиғат көріністері, жан-жануарлар, құстар әлемі көрсетіледі).

**2-топ** – Астана туралы не білесіңдер? (интерактивті тақтада қала көріністері).

**3-топ** – Табиғат байлығы туралы жазыңдар.

**VI. Бүгінгі сабақтың нәтижесін де өздерің шығарыңдар.**

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

**VII. Сәйкестігін тап:**

1991 ж. 16 желтоқсан

1992 ж. 4 маусым

1993 ж. 15 қараша

1995 ж. 30 тамыз

1998 ж. 6 мамыр

1998 ж. 29 қаңтар

Ұлттық валюта – теңгенің енгізілуі.

Жаңа конституция қабылданды.

ҚР-ның Тәуелсіздік заңының қабылдануы.

ҚР Мемлекеттік туы, елтаңбасы, әнұраны бекітілді.

Т.Мұсабаевтың басқаруымен халықаралық экипаж ғарышқа аттанды.

Ақмола қаласын Астана деп атауға жарлық шығарылды.

**VIII. Көп нүктенің орынына қажетті әріпті қойып, сөздерді толықтырыңдар:**

- 1) Қазақстан елта...басы.
- 2) Қаза...стан – т...уелсіз мемл....кет.
- 3) Елта...бан...ң екі жа....ында қос пыра... бейнеленген.

**IX. Оқушылар мәтінді пайдалана отырып, сызбаны толтырады:**

№	Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
1	Біздің Отанымыз – Қазақстан.	+	
2	Жері байдың – елі бай.	+	
3	Қазақстан - егеменді мемлекет.	+	
4	Алматы қаласы әдемі емес.		-
5	Республикамыз үлкен емес.		-
6	Оңтүстікте алма өспейді.		-

**X. Қорытынды:**

- Балалар, бүгін біз еліміздің байлығын, көтерілген дәрежесіне, жеткен жетістіктерінің нәтижесіне көз жүгірту мақсатында өткізілген сабағымыздың биік деңгейін көрсете білдік. Тарихын, мәдениетін мақтан тұтатын еліміздің елеулі, халқымыздың қалаулы адал азаматтары мен азаматшалары болатындарыңызға сенемін.

Сабаққа белсенді қатысқандарыңызға рақмет!

**XI. Үйге тапсырма:** «Қазақстан» тақырыбына шағын эссе жазып келу.

# СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРҒАН МЕНІҢ ДОСЫМ

(6-сынып)

**Мақсаты:** достық, жолдастық туралы білімдерін толықтыру. **Міндеттері:** 1) етістіктің шақтарын қайталау; 2) оқушылардың сөйлеу қабілеті мен танымдық деңгейін арттыру, сөздік қорын байыту; дұрыс сөйлем құру, сауатты жазу мәдениетін дамыту; 3) оқушыларды татулыққа, адал достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, іздендіру, сұрақ-жауап, электрондық оқулықпен жұмыс. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, электронды оқулықтағы түрлі суреттер, компьютер.

**Сабақ барысы:**

**I. Ұйымдастыру.**

**II. Үй тапсырмасын тексеру.**

1. Оқулықтағы «Достастыру» мәтінінің мазмұнын айту.

2. Достық туралы өлеңді жатқа айту.

**III. Жаңа сабақ.**

1. **Мұғалім:** - Достарың мен жолдастарыңның болғаны қандай жақсы! Олармен бірге жүргенде өзіңе-өзің сенімді боласың! Сен бірде ауырып, оқуға бара алмай қалдың.

Бірнеше күннен кейін жалғызсырайсың, зерігесің. Достарыңды көргің келеді. Өйткені бірде-бір жан жалғыз өмір сүре алмайды. Дос деген - өзіңмен мақсат-мүддесі, арман тілегі бір адам. Одан жасырар сырың жоқ. Ол да сенен ештеңе жасырмайды. Егер осындай досың болса, сен оны ренжітпе. Оған жәрдем беруге әзір бол.

2. Электрондық оқулықпен жұмыс. I. Сөздік.

1) Тыңдаймыз.

Жаңа сөздерді тыңдаймыз.

Достық, сыйластық, балабақша, жәрдемдесу, ойнау, сабақ әзірлеу.

2) Оқимыз. Диктордан кейін қайталап оқы.

Достық, сыйластық, балабақша, жәрдемдесу, ойнау, сабақ әзірлеу.

3) Жазамыз. Әріптерді дұрыс орналастыр.

т, о, ы, с, қ, д

с, с, й, т, л, ы, ы, қ, а

ә, д, с, е, д, ж, м, е, у, р

қ, у, о

у, й, н, о, а

## II. Оқылым:

1) Тыңдаймыз. Мәтінді мұқият тыңда.

2) Оқимыз. Мәтінді мәнерлеп оқып, ат қой. Орыс тіліне аудар.

3) Жазамыз. Сөйлемдерді дұрыс құрастырып жаз.

Сыйластық, адамдар, үлкен, арасындағы, достық.

Атты, Еркеш, досым, менің, бар, өте, екеуміз, біз, татумыз.

4) Сөйлейміз.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

- Достық дегеніміз не?

- Еркеш екеуің қашаннан доссыңдар?

- Халықта қандай қанатты сөз бар?

- Еркеш қандай бала?

- Сен нені мақтан етесің?

#### IV. Пысықтау.

1. Схема бойынша «Менің досым» тақырыбында әңгімеле.

2. Достық туралы мақал-мәтелдердің орыс тіліндегі баламасын тап:

1. Жаман жолдастан таяғым артық.

Крепкая палка лучше плохого попутчика.

2. Күлме досыңа – келер басыңа.

Над бедой друга не смейся, тоже может случиться и с тобой.

3. Досы көппен сыйлас,

Досы азбен сырлас.

Дружи с тем, у кого приятелей много, откровенничай с тем, у кого друзей мало.

4. Загтың жаңасы жақсы,

Достың ескісі жақсы.

Одежда хороша новая,

А друг старый.

5. Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа.  
Жаманмен жолдас болсаң – қаларсың ұятқа.

С добрым человеком сдружишься – цели своей достигнешь,

С дурным сдружишься – в дураках останешься.

3. Достық туралы мақалдарды толықтыр.

1) ... .. жау алмас,

Ақылы көпті дау алмас.

2) ... жолдас жауға бермес.

3) Жүз сомың болғанша, ...

4) Адам ... мықты,

Ағаш тамырымен мықты.

5) Адал дос . . . қымбат

6) Жаманда . . . жоқ,

Жалқауда ар жоқ.

**V. Нәтижені тексеру.** Лексико-грамматикалық тест  
(25 сұрақ) Компьютерде орындау.

**VI. Үйге тапсырма:** «Менің досым» тақырыбында  
шағын эссе жазып келу.

**VII. Бағалау.**



**Майра ТОҚСАНБАЕВА,**  
**Қызылорда облысының**  
**Шиелі ауданындағы**  
**№127 Ш.Уәлиханов атындағы**  
**орта мектеп-лицейдің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**

## **ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫ – «ЖАЙЛАУДА»**

*(6-сынып)*

**Сабактың міндеттері:** **білімділік** – жайлау туралы түсінік беру, тақырып бойынша жаттығу жұмыстарын жүргізу; **тәрбиелік** – үлкендерді құрметтеуге, бір-біріңізге осындай білуге үйрету; **дамытушылық** – өз бетінше сурет арқылы әңгімелей білу дағдысын дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

## **Күтілетін нәтижелер:**

1. Жайлау туралы толық түсінік алу;
2. Топта қарым-қатынас жасай білуді үйренуі;
3. Қазақ тілінде оқып, сауатты жаза білу жұмыстарын жандандыру.

**Көрнекілігі:** «Менің атым – Қожа» фильмінен үзінді, интерактивті тақта, суреттер, жұмыс тақтасы, бағалау парағы. **Әдісі:** жазу және оқу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологияларынан: а) ой қозғау; ә) жіңішке сұрақтар; б) РАФТ әдісі. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, дүниетану, қазақ тілі, әдебиет, география.

## **Сабақтың құрылымы:**

1. Ой қозғау (5 минут).
2. Мағынаны тану (12 минут).
3. РАФТ әдісі бойынша жұмыс (10 минут).

## **Сабақтың барысы:**

### **1. Ұйымдастыру кезеңі (2 минут)**

(Балалармен амандасу, түгелдеу, топқа бөлу.) Ұйымдастыру жұмыстарының суреттері арқылы оқушыларды топқа бөлу.

### **2. Қызығушылықты ояту. (7 минут)**

1. Табиғат деген сөзді қалай түсінесің?
2. Табиғатта қандай өзгерістер болады?
3. Табиғатта қандай құбылыстар болады?

Осы сұрақтар төңірегінде балалар ойлана отырып, өткен сабаққа шолу жасайды. Әр оқушы табиғатқа байланысты жазып келген эссесін оқиды. Мұғалім оқушылардың жазған эсселерін жинап алып, белгілі бір өлшем бойынша бағалайды.

а) Ой қозғау. «Менің атым – Қожа» фильмінен үзінді көру (5 минут)

ә) Жінішке сұрақтар (3 минут).

1. Қай фильмнен үзінді көрдіңдер?
2. Бұл үзіндіде не бейнеленген?
3. Жайлауда кімдер тұрады?
4. Жылдың қай мезгілі бейнеленген?
5. Балалардың еркін жүргеніне қарағанда олар қазір қайда жүр?

Мұғалімнің тарапынан формативті бағалау беріліп отырды.

Мағынаны тану (12 минут).

1. **Топпен жұмыс.** 3 топтың оқушылары «Жайлауда» мәтінін оқиды.

2. Мәтін бойынша әр топ жеке-жеке тапсырмалар орындайды.

1-топ.

а) Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.

1. Қандай жыл мезгілі келді?
2. Сендер қайда демаласындар?
3. Жайлауда не істейсіңдер?
4. Онда кімдер тұрады?

ә) *Жайлау, демалу* сөздеріне фонетикалық талдау жасаңдар.

2-топ:

а) Мына сөздерді үстеумен тіркеп жазыңдар:  
*келді, демаламыз, мінеміз, аулаймыз.*

ә) Мәтіннің мазмұнын қысқаша айтып беріңдер.

3-топ:

а) Үстеу туралы толық мәлімет беріңдер, мысал келтір.



ә) Жазғы демалыс туралы айтып беріңдер.

Тапсырманы әр топтың топ басшылары бағалайды. Толық жауап берген балаға «5» деген баға қояды, толық емес жауапқа «4» деген баға қояды, мүлдем қатыспай отырған балаға «0» деген баға қояды.

**РАФТ әдісі бойынша жұмыс (10 минут).**

Р – рөл ретінде мұғалім тақырып айтады.

«Жаз жайнатып, күн күлдіріп, біз жайлауға барамыз» тақырыбын береді.

1-топ А – аудитория (осы тақырыпқа сипаттама береді.)

2-топ Ф – форма осы тақырып бойынша (қаладан жайлауға келген атасы мен әжесінің немересі қаладағы ата-анасына) хат жазады.

3-топ Т – тақырып сурет бойынша әңгіме жазу (берілген суретті өздерінің шығармашылығына байланысты өзгерту арқылы тапсырмаға тақырып қойып қорғайды.)

Тапсырманы әр топтың топ басшылары бағалайды. Толық жауап берген балаға «5» деген баға қояды, толық емес жауапқа «4» деген баға қояды, жартылай қатысқан балаға «3» деген баға қояды, мүлдем қатыспай отырған балаға «0» деген баға қояды.

**Ойтолғаныс сәті.** Оқушыларға мұғалім тарапынан рефлексия парақтары таратылады, ал оқушылар өздерінің сабақтан алған әсерлерін жазады.

**Бағалау.** Мұғалім әр топ басшыларының бағалау парақтарын жинап алып, сол бойынша қорытынды баға шығарады.

**Үйге тапсырма:** «Жайлауда» тақырыбына диалог құру (атасы, әжесі, немересі).

Гүлбадан МӘМБЕТЫРЗАЕВА,  
«Тоғыз» орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Назгүл ИМАНБАЕВА,  
орыс тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Ақтөбе облысы,  
Шалқар ауданы,  
Шілікті ауылы.

## АБАЙ ЖӘНЕ ПУШКИН: ЕКІ АҚЫН ҮНДЕСТІГІ

**Сабақтың мақсаты:** Абай мен Пушкиннің өмірі мен шығармашылығына шолу. **Міндеттері:** білімділік – оқушыларға екі ұлттың ұлы ойшылдары Абай мен Пушкин өмірі туралы мол мағлұмат бере отырып, өлеңдеріндегі үндестікті ұғындыру; **тәрбиелік** – оқушыларды мәдениеттілікке, эстетикалық тәрбиеге және табиғатты сүйе білуге баулу; **дамытушылық** – оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту.

**Типі:** жаңа сабақ. **Түрі:** кіріктірілген сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, топтастыру, сұрақ-жауап, талдау, сурет салу. **Пәнаралық байланыс:** орыс әдебиеті. **Сабақтың ғылымилығы:** Абай өлеңдерінің шығу тарихына шолу. **Технология:** сын тұрғысынан ойлау.

**Көрнекілігі:** екі ақынның портреті, кітаптарынан көрме, өлеңдер жинағы.

## **Сабақтың барысы.**

### **I. Ұйымдастыру:**

Оқушылармен амандасу.

Сыныпты түгелдеу. Кабинеттің тазалығын бақылау.

Оқушылар назарын сабаққа аудару.

### **II. Актуальдау кезеңі:**

1. Орыстың ұлы ақыны Пушкиннің «Евгений Онегин» атты шығармасын алғаш тәржімалаған кім?

/Абай/

2. Запись какой легенды казахского народа была сделана А.С.Пушкиным в Приуралье?/ Қозы Көрпеш-Баян сұлу/

3. Абай Пушкиннің қанша шығармасына аударма жасады? /50-ден астам/.

4. Когда впервые казахи «открыли» для себя А.С.Пушкина? Благодаря чьим переводам?/1889г. Абай/.


5. Абайды жастайынан өлеңге, әңгімеге әуестендіріп, ертегі-аңыздармен сусындатқан кім?/әжесі Зере/.

6. Кто вводил маленького Пушкина в мир старины, народной поэзии? /Бабушка Мария Ганнибал и няня Арина Родионовна/.

### **III. Жаңа сабақ:**


- Балалар, біздің бүгінгі сабағымыз ХІХ ғасырдың ұлы ойшылдары – Абай мен Пушкин турасында болмақ. Ендеше, жаңа сабағымызды қазақтың ұлы ақыны Абайдың өмірі мен шығу тегінен бастамақпыз.

Абай 1845-1904 жылдары Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданындағы Шыңғыстау бауырындағы Қасқабұлақ деген жерде дүниеге келген.



- Ребята, сегодня мы поговорим о знаменитых людях XIX века. Абай и Пушкин – светочи поэзии, наша гордость. Непревзойденное достижение казахской и русской литературы. Их стихи – гимн высокой гражданственности, «союз волшебных звуков, чувств и разум». Для них поэзия – властитель языка.


«Годы говорят» /дети находят в учебнике события произошедшие в те или иные годы/



Особое место в творчестве Пушкина занимает лирика. Свои прекрасные стихи поэт пишет в основном осенней порой «унылого уединения». Лирика Пушкина многообразна и посвящается друзьям, любви, природе.

-Абай поэзиясының тағы бір баға жетпес ерекше үлгісі – табиғат лирикасы. Табиғат – адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Оны дүние жүзінің классик ақындары беріле жырлаған. Біреулер таза пейзаждық суреттер жасаса, екінші біреулері табиғат арқылы қоғамдық өмірді суреттейді. Абай да табиғатты өзінше жырлаған. Абайдың «Жаз», «Күз», «Қыс», «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай», «Желсіз түнде – жарық ай» атты табиғат лирикалары бар. Абай қыс табиғатын бұдан өзгешелеу стильде суреттейді. Бұл нағыз орыс поэзиясының классикалық үлгісімен туған өлең. Адаммен табиғаттың бірлігі тақырыбын орыс поэзиясынан алатырып, Абай қазақ өмірімен байланысты кең дамытты.

Енді оқушылар өлеңдерінің шығу тарихымен слайд арқылы таныстырады. Абайдың жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдеріне кезек береді.



«Қыс өлеңінің шығу тарихы Абай ізбасарларының бірі – Тұрағұл өз естелігінде: «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды»» деп өлең қылғаны 1884 жылы қыс қатты болып, ел жұтаған. Қар сәуірдің басында кеткен. Соны өлең еткен» деген.

«Жаз» өлеңіндегі ауыл – Абайдың өз ауылы. Абайдың аяңшылы – Абайдың Әбдірахманмен алған аяңшыл Күреңтөбел аты. Айқайшы шалы – сол жылы өз ауылымен көрші болған Әнет Бармақ деген шал. Құс салып жүрген жас жігіттер, өзінің балалары – Ақылбай, Әбдірахман болатын деп өз естелігінде Абайдың айырылмас досы Көкбай ақын баяндаған.

«Жазғытұры» өлеңінің шығу тарихы Көкбай ақын өз естелігінде: «1880 жылдан бастап, 1886 жылдарға шейін Абай өз өлеңдерін Көкбай сөздері деп беріп жүрді. 1886 жылдың жазында ел жайлауға шықты. Абай ауылының ең өрістеп барып орнықпақ болған ауылы Бақанас өзенінің бойы еді. Көш жүріп кетті, біз Абаймен бірге бірнеше кісі болып артынан келдік. Осы жылы Абай ауылында доктор Долгополов та қонақта еді. Ауыл Бақанастың бойындағы Көкбейіт деген жерге қонып жатыр екен. Абай қонып жатқан ауылды көріп: «Осы суретті өлең қыл» деді. Мен біраз өлең қылып едім, жақтырмады да, өзі жазбақшы болды. Сонымен, үй тігіліп болып, бәріміз жиналған соң, Абайға келіп едім: «Өлең Көкшенің бойынан асайын деді ғой» деді. Мен «Асса, басында мен қолқалап алған нәрсе емес. Енді ретін тауып өзіңіз қайырып алыңыз» деп қалжындадым. Сөйтсем, сол күні «Жазды күн шілде болғанданы» жазған екен. Оқып берді. Өзі жазған өлеңіне өзі аз да болса қанағат қылғанын көргенім сол. Менің қалжыңыма орай қылып: Сен соғымыңа бір бие ал, ал мен енді өлеңімді өзім алайын» деді.

**Зима (А.С.Пушкин):**

Вечор, ты помнишь вьюга злилась,  
На мутном небе мгла носилась.  
Луна как бледное пятно ...  
И ты печальная сидела,  
А ныне погляди в окно.

**Қыс /Абай/:**

Ақ киімді денелі, ақ сақалды,  
Соқыр мылқау танымас тірі жанды.  
Үсті-басы – ақ қырау, түсі – суық,  
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

**Весна (А.С.Пушкин):**

Как весенней порою шумят тополя!  
Ходит ветер, цветочною пылью пыля.  
Все живое обласкано солнцем степным,  
Словно мать и отец,  
Рада наша земля.

**Жазғытұры (Абай):**

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,  
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.  
Жан-жануар, адамзат анталаса,  
Ата- анадай елжірер Күннің көзі.  
Жаздың көркі енеді жыл құсымен,  
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.  
Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал  
Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен.

На уроке, посвященном дню языков, в осеннюю пору,  
давайте мы с вами остановимся на стихах об осени.

**Күз (Абай):**

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,  
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.  
Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма,

Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.  
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,  
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.  
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,  
Жапырағынан айырылған ағаш, курай.

### **Осень (А.С.Пушкин):**

Унылая пора! Очей очарованье!  
Приятна мне твоя прощальная краса –  
Люблю я пышное природы увяданье,  
В багрец и золото одетые леса.  
В их сенях ветра шум и свежее дыханье,  
И мглой волнистою покрыты небеса.  
И редкий солнца луч, и первые морозы,  
И отдаленные седой зимы угрозы.

*Интерактивті тақтамен жұмыс.*

Оқушылар топқа бөлініп, екі ақынның «Күз» тақырыбындағы өлеңдерін оқи отырып, бейнелі сөздерді табады.

Осень

Күз

*Оқушылар шығармашылығы.*

*Творчество учеников*

/учащиеся сочиняют четверостишия, рисуют осенний пейзаж, составляют кроссворды/.

**IV. Бекіту.** «Бүгінгі сабақта мен не түйдім?». Оқушылар өз ойларын ортаға салады.

**V. Бағалау.**

**VI. Сабақ аяқталды.**



Гүлмира КАПИЕВА,  
Чапаев атындағы №1 жалпы орта  
білім беретін мектебінің  
қазақ тілі және әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Ақжайық ауданы.

## СӨЗ ТАПТАРЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

(«Бақытты сәт» оқыта-үйрету ойыны, 10-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** қазақ батырлары туралы алған білімдерін кеңейту. **Міндеттері:** білімділік – сөз таптарын қайталау, пысықтау; дамытушылық – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, ой-өрісін дамыту, логикалық ойлау, сөйлеу дағдыларын жетілдіру; тәрбиелік – оқушыларды ерлік, батырлық қасиеттеріне баулу.

**Түрі:** оқыта-үйрету ойын сабағы. **Типі:** қайталау, пысықтау сабағы. **Әдісі:** модульдік оқыту технологиясы, сұрақ-жауап, топтық жұмыс, талдау, қайталау.

**Көрнекілігі:** интербелсенді тақта.

1. Нөмірленген кішкене бөшкелер.
2. Секундомер.
3. Ортақ бағалау парағы.
4. Фишкалар.
5. Үй тапсырмасы (әр команда ерлік, батырлық туралы мақалдар дайындау).
6. Сайыс тапсырмалары (кәртiшкелер).
7. Жауап үлгілері.

**Ұжымдастыру формасы:** топтық жұмыс.

**Күтілетін нәтиже:** жүйелі, нақты жауап бере білу; сөз таптарын, сөз таптарының түрлерін ажырата білу.

### **Сабақтың барысы.**

#### **Ұйымдастыру кезеңі.**

**Сабақтың эпиграфы:** «Ерлік – елге мұра,  
Ұрпаққа – ұран».

(Тарихи тұлғалардың суреттерін слайд арқылы көрсету)

Мұғалімнің кіріспе сөзі. Сабақтың мақсатымен, ойынның жүру барысымен таныстыру.

Командаларға сұрақтар беріліп, оны талдауға 5 минут бөлінеді. Қарсы команда жауаптың дұрыстығын үлгі бойынша қадағалап отырады. Сұрақтарға ең көп, дұрыс жауап берген команда ұтады. 2, 3, 4, 5 гейм сұрақтарын талқылауға бір минуттан беріледі.

#### **I гейм. «Бой сергіту».**

##### **«А» тобы (слайд):**

1. Қабанбай батыр қай жерде дүниеге келген?
2. Қабанбайдың ағаларының аттары кімдер?
3. Қай хан Қабанбайды «Дарабоз», «Хан батыры» деп атаған?
4. «Дарабоз» тарихи романын кім жазды?
5. Бөгенбай батыр қай рудан?
6. Наурызбай батыр туралы жазылған шығарманың атауы?
7. «Ақтабан шұбырынды» қай жылды қамтиды?
8. Бөгенбай батыр неше мың жасаққа қолбасшы болды.

##### **Жауаптары:**

1. Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданында дүниеге келген.
2. Есенбай, Есенаман.

3. Абылай хан.
4. Қабдеш Жұмаділов.
5. Қанжығалы.
6. І.Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи романының «Қаһар» бөлімінде.
7. 1723 жылы.
8. 30 мың жасаққа.

### **«В» тобы (слайд):**

1. Бөгенбай батыр қай жерде дүниеге келген?
2. Қабанбайдың азан шақырып қойған аты?
3. Қабанбай әкесінен неше жасында айырылады?
4. Әкесіне тартқан батыр болар деген оймен жеңгелері алып денесіне орай қалай атаған?
5. Қабанбай қатысқан шайқастар.
6. Наурызбай батыр қай рудан?
7. Наурызбай батыр қай ғасырда өмір сүрген?
8. Бөгенбай батырдың бейнесін суреттеген Мағжан Жұмабаевтың поэмасы қалай аталады?

### **Жауаптары:**

1. Сырдария өзенінің жағасында.
2. Ерасыл.
3. Жеті жасында.
4. «Нарбала» деп қойған.
5. Аякөз, Түркістан, Қорғалжын, Бұланты, Шыңғыстау, Шаған шайқастары.
6. Шапырашты.
7. ХІХ ғасырдың бірінші жартысында.
8. «Батыр Баян» поэмасында.

### **II гейм. «Бөшкеден шыққан басқатырғылар».**

Команда мүшелері қапшықтан шыққан бөшке нөмірлері бойынша берілген тапсырмаларды өз ішінде талқылаған соң жауап береді.

## Тапсырмалар жазылған кәртiшкелер:

№ 1	Түрлері	Жалпы есім	Жалқы есім	Деректі	Дерексіз	Негізгі	Туынды	Дара	Күрделі
1.	әке								
2.	Мұхтар Әуезов								
3.	Құлагер								
4.	қайғы								
5.	достық								
6.	Жамбыл көшесі								
№ 1	Түрлері	Жалпы есім	Жалқы есім	Деректі	Дерексіз	Негізгі	Туынды	Дара	Күрделі
1	жаңбыр								
2	Алматы қаласы								
3	дәріхана								
4	халық								
5	Бірлік ауылы								
6	Біржан сал								

№2	Түрлері	Негізгі сын есім	Туынды	Дара	Күрделі	Сапалық	Қатыстық
1.	биік						
2.	таулы						
3.	ірілі-ұсақты						
4.	кішірек						
5.	қара торы						
6.	сары-көк						
№2	Түрлері	Негізгі сын есім	Туынды	Дара	Күрделі	Сапалық	Қатыстық
1.	ауыспалы						
2.	ашық						
3.	ардақты						
4.	биік-биік						
5.	балалы						
6.	сұлы						

№3	Түрлері	Жай шырай	Салыстырмалы шырай	Күшейтпелі шырай	Асырмалы шырай
1.	сарғыш				
2.	көкшілдеу				
3.	өте тәтті				
4.	қып-қызыл				
5.	көкпеңбек				
6.	суық				
№3	Түрлері	Жай шырай	Салыстырмалы шырай	Күшейтпелі шырай	Асырмалы шырай
1.	ең биік				
2.	сүйкімді				
3.	аса қадірлі				
4.	білімділеу				
5.	кілең білгіштер				
6.	ауырырақ				

№4	Түрлері	Есептік сан есім	Реттік	Жинақтық	Болжалдық	Топтау	Бөлшектік
1.	Бір мың екі жүз бес						
2.	отызыншы						
3.	елулерде						
4.	оннан бес						
5.	жетеу						
6.	жиырма жеті						
№4	Түрлері	Есептік сан есім	Реттік	Жинақтық	Болжалдық	Топтау	Бөлшектік
1.	үш-төрттен						
2.	үшеу						
3.	алпысыншы						
4.	жиырма үш						
5.	10-10-нан						
6.	60-тарда						

### III гейм. «Жұмбақтас».

Мұнда жүргізушінің жасырған жұмбағын немесе суреттің атауын дұрыс тапқан команда жеңеді (слайд):

1. Ұшы үшкір, сабы бар

Екі жүзі қайраулы.

Бауы менен қабы бар,

Белде жүрер байлаулы» (*Қанжар*).

2. Сүмбелі теректі,

Қызыл желекті,

Ерден қалмайды,

Жауда керек-ті» (*Найза*).

3. Сырты ағашпен қабатталған,

Ілініп бір бөлшегі салақтаған.

Асылды ішіндегі алсаң тартып,

Тіліндей оқ жыланның жалақтаған (*Қылыш*).

4. Батырдың қару-жарақтарын атау (слайд көрсету).

**IV гейм. «Сен – маған, мен – саған».**

Командалар бір-біріне ерлік, батырлық туралы дайындап келген мақалдарын жасырып, жалғасын табады (үй тапсырмасы).

**V гейм. «Кім жылдам?»**

Сұрақтарға барлық ойыншылар жауап береді. Ең көп дұрыс жауап берген команда ұтады (слайд).

1. Зат есім дегеніміз не? Мағыналық түрлері қандай?

2. Сын есім дегеніміз не? Мағыналық түрлері қандай?

3. Сан есім, оның мағыналық түрлерін ата.

4. Сын есімнің шырайларын ата.

5. Есімдіктің түрлері, белгісіздік, болымсыздық, жалпылау есімдіктері қандай?

6. Етістіктің шақтарына мысал келтір.

7. Үстеудің мағыналық түрлері қандай?

8. Шылаудың түрлері қандай? Мысал келтір.

9. Одағай дегеніміз не? Мағыналық түрлері.

**Үй тапсырмасы:** «Батырлар» тақырыбына сөзжұмбақ құрастыру.

**Қорытынды.**

**Бағалау парағына жиналған фишкалар бойынша өз тобын бағалайды.**

Топ/ гейм	I гейм. «Бой сергіту»	II гейм. «Бөшке- ден шық- қан бас қатыр- ғылар»	III гейм. «Жұм- бақ- тас»	IV гейм. «Сен - маған, мен - саған»	V гейм. «Кім жыл- дам»?	Қо- ры- тын- ды баға	
«А» то- бы.	1	1	1	1	1		
	2	2	2	2	2		
	3	3	3	3	3		
	4	4	4	4	4		
	5				5	5	
	6					6	
	7					7	
	8					8	
					9		

Топ/ гейм	I гейм. «Бой сергіту»	II гейм. «Бөшке- ден шық- қан бас қатыр- ғылар»	III гейм. «Жұм- бақ- тас»	IV гейм. «Сен - маған, мен - саған»	V гейм. «Кім жыл- дам»?	Қо- ры- тын- ды баға	
«В» то- бы.	1	1	1	1	1		
	2	2	2	2	2		
	3	3	3	3	3		
	4	4	4	4	4		
	5				5	5	
	6					6	
	7					7	
	8					8	
					9		

Әсемгүл БАКУЛИНА,  
Маңғыстау облысының  
Ақтау қаласындағы  
«ГСБ №12 ЖББОМ» ММнің  
басқа ұлт мектебіндегі  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## СӨЗДІК ҚОР ДАМУЫ – ҚАЙТАЛАУ САБАҒЫ

**Сабақтың мақсаты:** оқып үйренген материалды оқушылардың қаншалықты меңгергендерін байқау.

**Міндеттері:** – сөздік қорларын дамыту, танымдық белсенділіктерін арттыру, пәнге деген сүйіспеншіліктерін ояту. Ойын элементтерін пайдалана отырып, оқушыларды ізденімпаздыққа, жылдамдылыққа, өз ойларын жүйелі жеткізуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** кейіпкерлердің суреті, кәртішкелер, сөзжұмбақ, сандық, түйе, қанар.

**Сабақтың барысы:**

### 1. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлеметсіздер ме, балалар!

Бір-бірімізге күлімдеп қараймыз! Мен сендермен тағы да кездескеніме өте қуаныштымын.

Бүгінгі күн баршамызға қуаныш әкелсін!

Сіздерге сәттілік тілеймін, қымбатты достар!

Бүгінгі сабақ қандай болады деп ойлайсыңдар? (Күннің суреті).

- Дұрыс! Мына Күн сияқты қызықты, көңілді!

2. Бүгінгі сабақтың тақырыбы: «Сөздік қор даммуы –



қайталау сабағы».

Сабағымыз ерекше өтеді: біз ертегілер патшалығына саяхатқа шығамыз.

Ең бірінші ертегілер сарайына барамыз. Ертегілер Сарайында Сағат ұстасы тұрады. Қараңыздар!

Сағат ұстасында неше түрлі сағат бар. Әр сағаттың өзінің атауы бар. Қане, есімізге түсірейік (Сағаттардың суреті)

Өте жақсы! Керемет достар!

- Сиқырлы қақпадан өтіп, біз саяхатымызды жалғастырамыз.

Бұрылыста тұрған кім екен? (Кто это за поворотом?)  
(сурет-Баба Яга-Мыстан кемпір)

Саяхатымызды жалғастыру үшін Мыстан кемпірдің бірнеше тапсырмаларын орындауымыз керек.

- Бір аптада неше күн бар? Атап шық.

- Ал, енді, дәптерімізді жазбаша жұмысқа дайындаймыз. Бүгінгі күнді жазамыз.

2. Екінші тапсырма: Мен өлең-жұмбақты оқимын, сіздер қай кезде болатынын айтыңыздар және дәптерге жазып отырыңыздар.

1) Өрік, алма,

Шие, алша,

Жидек, жүзім піседі.

Бөбектерім, айтыңдаршы,

Бұл қай кезде болады? (жазда-летом).

2) Сабақ басталады,

Жеміс піседі,

Көкөніс жиналады,

Жаңбыр жауады,

Бұл қай кезде болады? (күзде-осенью).

3) Аяз қысып,

Өрнек сызып,

Терезені торлайды.

Бөбектерім, айтыңдаршы,

Бұл қай кезде болады? (қыста-зимой).

4) Қар, мұз еріп,

Су көбейіп, сай-салада ағады,

Бүршік шашып,

Жапырақ ашып,

Жер гүл шашақ тағады.

Бөбектерім!

Айтыңдаршы,

Бұл қай кезде болады? (Көктемде-весной).

- Өте жақсы! Бұл тапсырманы да жақсы орындадыңыздар.

3. Келесі тапсырма: осы көктем туралы сөйлем құрастыру.

1. Көктем.

2. Көктем келді.

3. Көктемде күн жылиды (гүлдер гүлдейді, қар ериді).

4. Көктемде құстар ұшып келеді.

5. Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр.

4. Қандай көктемгі мерекелерді білесіңдер?

- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні.

- 22 наурыз – Наурыз мерекесі.

- 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні.

- 9 мамыр – Жеңіс күні.

Біз Мыстан кемпірдің барлық тапсырмаларын орындадық, біздің жолымыз ашылды. Әрі қарай барамыз.

Шаршадық па? Кішкене демалып алайық (сергіту сәті).

(Ән шырқап, би билейді).

- Келесі ауылдың иесі кім екен? Кім айтады? Дұрыс!

Алдар көсе! Алдар Көсе қандай? (Қу, ақылды).

Алдар Көсенің де тапсырмалары бар. Соны міндетті түрде орындауымыз керек.

1. Жұмбақ шешу(жауаптарды дәптерге жазу керек).

Она приходит с ласкою,

И со своею сказкою.

Волшебной палочкой взмахнет-

В лесу подснежник расцветет. (весна, көктем).

Мамықтай ұлпа, қанттай ақ,

Қыста жер бетін басады,

Жазда сайға қашады. (Қар-снег).

3) Іші толған шәрбат,

Дәмі қандай әйбат.

Үзесің бірден жүзін,

Оның аты-жүзім. (виноград).

Алдар Көсенің сиқырлы сандығы бар екен.

Сол сандықтағы тапсырмаларды орындамасак болмайды.

1) Мәтінді аудар.

2) Жазда Ерлан лагерьге барды. Лагерьде балалар көп. Олар суға шомылды. Балық аулады. Ойнады. Тоғайға барды. Балалар лагерьде жақсы демалды.

3) Көже – дәмді тамақ. Оны Наурызда пісіреді. Оған жеті түрлі дәм қосады. Маған анамның дайындаған көжесі ұнайды.

4) Күн суық. Жерде қалың қар жатыр. Түн ұзарып, күн қысқарды. Үлкен кісілер де, балалар да жылы киім киген.

5) Талғат биыл екінші сыныпқа барды. Өзі сегіз жасқа толды. Оның әкесі отыз алты жаста. Анасы жиырма алтыға толды. Балабақшаға баратын қарындасы төрт жаста. Жетпіс беске шыққан әжесі бар.

Сөзжұмбақ шешу деген не? А!!! Алдар Көсенің

бірге жасаған қулығы ғой, ол іштей біздің дастарқанға баратынымызды білген екен. Соны да орындайық.

- Сөзжұмбақ дегенді білесіңдер ме? (что такое кроссворд? Вы наверное знаете?)

1. Огурец – қияр.
2. Морковь – сәбіз.
3. Картошка – картоп.
4. Арбуз – қарбыз.
5. Свекла – қызылша.
6. Капуста – орамжапырақ (сурет болу керек).

- Өте жақсы! Жолымыз ашылды. Әрі қарай кеттік.

Алдымызда дастарқан жасалып тұр. Үстелде көріп тұрған азық-түліктерді атап шығындар. Тағы қандай азық-түліктерді білесіңдер?

- Саяхат жасаймыз деп біз өте қатты шаршадық, алдымызда тұрған киіз үйге кіріп, демалып, ішінде отырған әжемізге өткен тақырып туралы айтып берейік.

- 1) Сағаттың қандай түрлері бар?
- 2) Бір аптада неше күн бар?
- 3) Бүгін қай күн? Кеше қандай күн болды?
- 4) Гүлдер гүлдейді, қар ериді. Бұл қай кезде болады?
- 5) Көктем айлары:
- 6) Көктемгі мерекелерді атаңдар.
- 7) Нан, сүт, шай, жұмыртқа. Бұл нелер?
- 8) Қияр, сәбіз, орамжапырақ. Бұл нелер?

Ең соңғы сыйлығымыз саяхатты бірге жасаған түйелердің үстіндегі қанарды үйге алып кетесіздер. Келесі сабақтағы саяхатқа сол қанарға өздеріңнің жасаған сөзжұмбақтарыңды, ребустарды, сканвордтарды салып келесіңдер. Балалар, маған сабақта сендердің белсенділіктерің, жұмыс жасағандарың өте ұнады.

Рахмет!

Айнұр ЕРДЕНОВА,  
Ақмола облысының  
Шортанды қаласындағы  
Жоғары техникалық мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің оқытушысы.

## ОЙТАЛҚЫДА – МҰХТАР ШАХАНОВ

**Мақсаты:** М.Шахановтың өмірі мен шығармашылығы жөнінде түсінік беру. **Міндеттері:** ойлау белсенділігін дамыту, ой-өрісін кеңейту, тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, ой қорыта және қорғай білуіне қол жеткізу, сөздік қорын молайту, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету, ана тіліне деген танымдық қызығушылығын арттыру; Отанды сүйуге, Отан алдындағы борышы мен міндетін айқын сезінетін, асқақ арман, биік мұраттарға талпына білетін елжанды, рухани бай студенттер тәрбиелеу.

**Түрі:** ойын, ойталқы сабағы. **Әдістері:** топтық жарыс, талдау, танымдық ізденуші, баяндау, сұрақ-жауап. **Көрнекі құралдары:** слайдтар, нөмірлер жазылған жетондар, жасыл, сары, көк түсті фишкалар, ортақ бағалау парағы, М.Шахановтың портреті, қазақша күйлер, мультимедиялық проектор. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Тіл және қоғам (2005, №1), Әдебиет (10-11-сынып, А., «Атамұра», 2010), Сен білесің бе? «Аруна» баспасы, М.Шаханов «Таңдамалы өлеңдер жинағы».

**Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ тілі, орыс тілі, мәдениеттану.

**Ойын барысы** (Ұйымдастыру кезеңі, 3-5-минут):

**Мұғалімнің кіріспе сөзі:**-Сәлеметсіздер ме, балалар!  
(Кезекшінің көмегімен студенттер түгелденеді).  
М.Шахановтың «Төрт ана» өлеңі (1,5 мин) оқылады.  
Студенттерге жалпы сұрақ қойылады.

- Балалар, бұл кімнің өлеңі?

- М.Шахановтың «Төрт ана» өлеңі.

- Құрметті студенттер, біздің бүгінгі өтетін тақырыбымыз ақиық ақын, қоғам қайраткері, философ, «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» сыйлығының иегері, еліміздің абыройын асқақтатқан халық жазушысы – Мұхтар Шахановтың өмірі мен шығармашылығы.

№1 слайд:

«Мұхтар Шаханов – елімнің мақтанышы» зияткерлік ойыны

№2 слайд: *«Мемлекет – үш құрылымнан тұратын тұғыр:*

Бірінші құрылымы – Тарих,

Екіншісі – Мәдениет,

Үшіншісі – Тіл.

*Бірақ алғашқы екі құрылымды сақтап,*

*Ұрпақтан ұрпаққа жеткізу үшін ең қажеттісі –*

*Тіл». М.Шаханов.*

**Мұғалім:** - Осы нақыл сөздерді тірекке ала отырып, мен үш топтың атын осылай атағанды жөн көрдім. Олай болса, бүгінгі зияткерлік ойынымыздың шартымен таныстырайын. Ойын 3 кезеңнен тұрады. Әрбір кезеңнің бекітілген ұпай сандары бар, бірақ жауап толық болмаған жағдайда ұпай саны азайтылады. (1 мин)

№4 слайд: I кезең «Сен білесің бе?»

II кезең «Сөз тапқанға...»

III кезең «Ойлан, тап» (блиц-турнир)

**Мұғалім:** - Сұрақтар деңгейіне қарай бағаланады.

Қатысушыларға ортақ бағалау парағын таратады. Әр топтың жүргізушісін тағайындайды. Әр топ қарсылас тобын бағалайды.

P/c	Қатысушының аты-жөні	Баға			Ортақ ұпай
		1	2	3	
1					
2					
3					
4					
5					
6					
7					
8					
9					

№5 слайд: «Көк түс», I деңгей - «4» ұпай

«Жасыл түс», II деңгей – «5» ұпай

«Қызыл түс», III деңгей – «3» ұпай

№6 слайд: I кезең – «Сен білесің бе?»

(Музыка әуені).

**Мұғалім:** - Құрметті студенттер, әр топқа М.Шахановтың өмірбаяны таратылады, әр топ берілген мәтін бойынша тапсырманы орындайды. Бірінші деңгей тапсырмасына дайындыққа 2 минут беріледі, яғни, ақынның өмірімен танысамыз. Содан соң, 1) «Тарих» тобы мәтінге хронологиялық жоспар жасайды; 2) «Мәдениет» тобы топтастыру, яғни, сызба-тірек түрінде сипаттама құрастырады; 3) «Тілдер» тобы- әдеби тілмен жоспар құрастырады. Бұл тапсырмаға 5 минут уақыт беріледі. Содан кейін, әр топтың мүшелері тақтаға шығып, 1 минут қорғайды. Ұпай санын әр топтың жетекшілері белгілейді, фишкалар таратылады. Ойынның бұл кезеңінде қойылатын ең жоғары ұпай саны - 4. (10-15 минут)

№7 слайд. II кезең – «Сөз тапқанға...»

Музыка әуені.

№8 слайд М.Шахановтың «Мәрзия» поэмасы.

Поэма - өлеңді повесть, өмірде болған не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі эпикалық не лирикалық сипаттағы өлеңмен суреттелген шығарма.

**Мұғалім:** - Құрметті студенттер, қазір М.Шахановтың «Мәрзия» поэмасын оқимын (5 мин).

Сіздер зейін қойып тыңдағаннан кейін, әр топ қысқаша мазмұндайсыздар (3 мин). Содан соң, әрбір топқа берілген кейіпкерді суреттейсіздер, берілген кейіпкерді әдеби теория бойынша сатылай кешенді талдау. Екінші деңгей сұрақтарына жауап беруге дайындыққа 5 минут беріледі, дұрыс жауапқа 5 ұпайдан беріледі.

№9 слайд. *Поэма бойынша:*

1. Кейіпкерлерге мінездеме (бес жолды өлең стратегиясы бойынша өлеңді мәнерлеп оқу, 2 минут).

2. Берілген кейіпкерге әдеби теория бойынша сатылай кешенді талдау (2минут)

№10 слайд. III кезең – «Ойлан, тап».

**Мұғалім:** - Әрбір топқа сұрақтар экраннан беріледі. Қойылған сұрақтарға жылдам әрі толық жауап берген топқа ғана ұпай саны беріледі. Топтың әрбір мүшесі жауап берген топ ескеріледі. (10-12 мин). Берілетін ұпай саны-3.

№11 слайд. «1-топ»:

1. М.Шахановтың қандай өлеңдерін жатқа білесіңдер?

2. М.Шаханов кім?

3. Бүгінгі сабақта не білдік?

4. М.Шаханов шығармалары.

5. Сабақта қандай жаңа сөздермен таныстық?



№12 слайд. «2-топ»:

1. Поэма дегеніміз не?
2. Теңеу дегеніміз не? Мысал келтір.
3. «Мизам», «Мосқал», «Нән» сөздерінің мағынасын түсіндір.
4. Сабақтан қандай әсер алдың?
5. «Мәрзия» поэмасының шығу тарихы.

№13 слайд. «3-топ»:

1. М.Шахановтың жетістіктері?
2. *Тәңір, балдыз, бейнет* сөздерінің мағынасын түсіндір
3. Поэмада кездесетін кейіпкерлер?
4. Сабақ несімен ұнады?
5. «Мәрзия» поэмасының тәрбиелік мәні.

Мұғалім қорытынды жасайды: (1мин)

№14 слайд: «25-27» ұпай – 1 орын, «5» деген баға.

«20-24» ұпай– 2 орын, «4» деген баға.

«15-19» ұпай – 3 орын, «3» деген баға.

№15 слайд.

**Үйге:** 1) Жаңа сөздермен *сөз-сөз тіркесі-сөйлем-құрмалас сөйлем* әдісі арқылы мәтінге байланысты сөйлем құрастыру; 2) «Туады ерлер ел үшін» тақырыбына шығарма жазу.

Ұпай санына қарай студенттерді бағалаймын (2 минут).

Халқымыздың сүйікті ұлы – М.Шаханов ағамыздың 70 жылдық мерейтойы құтты болсын! Елімізде Мұхтардай ерлеріміз көбейе берсін деген тілекпен М.Шахановтың сөзіне жазылған «Туған күн кешінде» әнін орындайық.

Қатысушыларды марапаттау.

- Құрметті студенттер, бүгінгі ашық сабаққа қатысып, сынға түсіп, атсалысқандарың үшін рахмет!

Бақыт МҰҚАШҚЫЗЫ,  
Алматы қаласындағы  
№130 КММ гимназияның  
мұғалімі.

## ӘРІПТЕР ӘЛЕМІНДЕГІ САУАТТЫЛЫҚ

*(1-сынып)*

**Мақсаты:** дыбыстарды дұрыс дыбыстап, қазақ тіліне тән әріптерді дұрыс өзінің атымен атай білуге үйрету. **Міндеттері:** білімділік – үйренген, білетін сөздерін, сөз тіркесін дұрыс, сауатты жеткізе, жаза білу. Республикалық мерекелерді біліп, мәнісін түсіне білу; **дамытушылық** – білетін сөз, сөз тіркестерін байланыстырып сөйлеуге баулу, әр түрлі ойын, жарыстар арқылы оқушының ортамен қарым-қатынасын дамыту. Ойлап сөйлеу, есте сақтау қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – қазақша сөйлеуге, қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығын арттыруға, тілді құрметтеуге, Отанға деген сүйіспеншілік рухта тәрбиелеу, әдемілікті, әсемдікті сүйуге, сүйсіне білуге, әдепті қарым-қатынасқа баулу.

**Әдісі:** сұрақ-жауап, ойын, жарыс, қорытындылау, дидактикалық радионы тыңдау. **Түрі:** білім және іс-әрекет тәсілдерін кешенді қолдану. **Дидактикалық жабдықталуы:** суреттер, дидактикалық кеспе материалдар, дидактикалық «радио», үнтаспа.

**I. Ұйымдастыру кезеңі:** оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Сәлемдесу.

Психологиялық дайындық.

- Ал, балалар, бір-біріңе жылы сөздер сыйлаңдар.

«Сен жақсы қызсың!», «Сен жақсы баласың!»,

«Сен әдемісің!», «Сен ақылдысың!» - деп бір-бірін

күшақтайды.

- Енді, балалар, сабағымызды бастаймыз. Ол үшін біз бірінші не айтуымыз керек?

Әнұран айтылады.

**II. Үй тапсырын тексеру.**

**III. Фонетикалық жаттығу.**

Оқушының субъекті тәжірибесін өзектілеу кезеңі.

- Тәуелсіздік туралы, Отан туралы не білеміз?

**Хормен:** - Желбірейді шарықтап,

Біреуі аударады: - Тәуелсіздік жалауы,

Көкте қыран қалықтап,

Қанат қағып барады.

**Анжела:** - Атады әрбір таң күліп

Шашып алтын шапағын.

Жер бетінде мәңгілік

Жасайды ұлы Отаным!

**Лиза:** - Тәуелсіздік жалауы (хормен).

**Хор:** - Отан – сенің ата-анаң,

Отан – досың, бауырың.

Отан – өлкең, Астанаң,

Отан – туған ауылың.

**IV. Өткен сабақты оқып-білу кезеңі.**

- Балалар, бүгін бізде қай сабақ?

- Қазақ тілі!

- Тағы қандай сабақтар болады?

- Математика, Әліппе, ән-күй, дене тәрбиесі.

- Қазақ тілі нешінші сабақ?

- Қазақ тілі бірінші сабақ.

- Жақсы, балалар, біз осы уақытқа дейін қандай әріптерді, дыбыстарды үйрендік?

Сол әріптерге қандай сөздер, сөз тіркестерін, сөйлемдерді білетінімізді ортаға салып, екі топ болып жарысамыз. Қонақтар – төреші.

1. Мына әріптерді бәріміз айтып шығамыз:

ә, і, ө, ү, ұ, ғ, қ, ң (ы), һ.

2. Енді әрбір әріпке сөз, сөз тіркестерін айтып жарысамыз.

Ә әрпіне – әже, әке, әпке, әткеншек, Әмір, әсем, әдемі.

І әрпіне – іні, ілгіш, екі, үкі, бір, ішік, ізші, ін, із.

Ү әрпіне – үй, үш, күн, түн, гүл, үстел, үкі, үйрек, үтік.

Ұ әрпіне – ұя, ұл, ұшақ, ұшқыш, құлақ.

Қ әрпіне – қайрат, қайық, қалам, қарындас, қарындаш, қоян, қыз, қыс.

Ғ әрпіне – Ғалия, ғарышкер, аға, ағаш, сызғыш.

Ө әрпіне – өзен, көл, өшіргіш, өшір, сөмке.

Һ әрпі – Һауһар, айдаһар, жиһаз, қаһарман.

- Бәрекелді! Тамаша, жарайсыңдар, балалар!

**V. Білім және іс-әрекет іс амалдарын тексеру кезеңі.**

- Енді, балалар, осы білетін сөздерімізге сөйлем құрап айтамыз.

- Кәне, кім қандай сөз тіркесін, сөйлемдер біледі екен?

1. Ә – әліппе. Әліппені ақтардым,  
Әріптерді жаттадым.

2. І – ізші. Із кесіп мен келемін,  
Ізші болсам деп едім.

3. Ү – үй. Үйрек түнде ұшпайды,  
Үкі түнде ұйықтайды.

4. Қ – қайық. Қайрат қайық еседі,  
Толқын жолын кеседі.

5. Ғ – ғарыш. Ғарышқа барып қонамын,  
Тоқтар ағадай боламын.

6. Ұ – ұя. Ұядағы қарғалар  
Балапанын қорғалар.

7. Ө – көл. Өзен бойы – көк құрақ,  
Көл бақасы – бақылдақ.

8. Ы – ынтымақ. Ырыс алды – ынтымақ!

9. Ң – шаңсорғыш. Иреңдеп еденде шаңсорғыш келеді,  
Шаң мен тозаңды қылғыта береді.

10. Һ – айдаһар. Алты басты айдаһар,  
Ертегіде ғана бар.

- Жақсы, тағы кім осындай әріптері бар сөз тіркестерін, сөйлемдер, өлең, тақпақтар біледі?

**Данил:** - 1. Бағдаршам (Бағдаршамды көрсетіп)

Қызыл көзін ашқанда

Сынық сүйем баспа алға.

Сары көзін ашқанда

Қарап қалма аспанға.

Жасыл көзін ашқанда,

Жүре бер алға, жасқанба!

**Алика:**

- Мынау менің отбасым (суретін көрсетіп)

Танысыңдар, достарым. Әкем – дәрігер.

Мынау – әкем, бұл – шешем. Шешем – мұғалім.

Інім, әпкем және мен. Әпкем – студент.

Мен 1-сыныпта оқимын.

**Света:**

- Ойыншықтар бар менде (ойыншықтар көрсетеді)

Ойыншықтар бар сенде.

Ат пен доп бар Әсетте,

Қуыршақ бар Әселде.

**Арман:** - Бәрі оянады (қолмен көрсетеді):

Күн, күн, күн.

Бәрі ұйықтайды:

Түн, түн, түн.

**Алика:** - Мынау – мектеп, мұғалім (мектеп пен мұғалімнің суретін көрсетеді).

Оқып, біліп, ал білім.

**Юля:** - Жас адам, ол – бала (суретін көрсетеді)

Қарт кісі, ол – ата.

Жас адам мен қарт адам

Отыр үйде диванда.

**Максим:** - Әрқашан күн сөнбесін,

Аспаннан бұлт төнбесін,

Қасымда болсын анам,

Болайын мен де аман!

«Менің – Қазақстаным» әнін бір оқушы орындайды.

## **VI. Білімді және іс-әрекеттерді бекіту кезеңі.**

- Балалар, бағанадан бері біз ауызша жұмыс істедік, енді осы білетін әріптеріміздің сөздердегі орынын тауып жазамыз. Бір-біріңнің қателеріңді тексеріңдер.

....арышкер      а...а      ш..ше      ...лам

....же              ...жа      ....пке      ...арындаш

...ке              к....ше      д...птер      к..ндел...к

сыз...ыш      ....ні      к..тап      қ...з...л

....шірг...ш      т...н      та...та      с...мке

**VII. Дәптермен жұмыс.** Осы тақтадағы сөздерден таңдап 5 сөз жазамыз. Осы жерде сөйлем құрып (ауызша) айтамыз. Осы жазған 5 сөзден сөйлем құрамыз (ауызша).

Мысалы: Менің әжем бар.  
Атам көшеде жүр.  
Сен дәптер ал.  
Сөмке үстелде жатыр.  
Сен сызғыш ал.

**VIII. Сергіту сәті.** «Ұшты, ұшты» ойыны (ұшақ, дәптер, қалам, т.б.).

### **IX. Өзін-өзі бақылау кезеңі.**

Бір-біріне бұйрық беріп, жолдасына орындату.

- Сенің атың кім?
- Сен тақтаға шық.
- Сен «Ата» деп жаз.
- Сен кітапханаға кел.
- Сен кітап ал, кітап оқы.
- Сен терезе, есік аш.
- Сен нешінші партада отырасың?
- Сен орыныңа (кел) отыр.

### **X. Қорытындылау.**

- Сонымен, балалар, біз өзіміздің осы уақытқа дейін үйренген әріптерімізді, сөздерімізді, сөз тіркестерімізді, сөйлемдерімізді және ішінде ерекше әріптер бар өлең, тақпақтарымызды да айттық. Тәуелсіздік мерекесі, Отан туралы білетінімізді әңгімеледік.

Мен сабақты қорытындылай келіп, сендерге сұрақтар қоямын. Сол сұраққа сендер дұрыс жауап бере отырып, ерекше әріптердің дыбысталуына көңіл бөлесіңдер.

1. Сенің атың кім?
2. Сенің жасың нешеде?
3. Нешінші сыныпта оқисың?

4. Қожа қандай оқушы?
5. Сенің отбасыңда кімдер бар?
6. Олар кім болып істейді?
8. Ерекше дыбыстарды ата.
9. Сөмкеде нелер бар?
10. Сенде қандай ойыншықтар бар?

- Енді, мына «Радио» дидактикалық көрнекілік арқылы сендерге қорытынды сөйлемдер оқимын, сендер қайталап айтып, аударып берісіңдер.

### **Үйге тапсырма:**

1. Менің елім - Қазақстан Республикасы.
2. Бұл – тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

3. Бұл – біздің мемлекеттік туымыз.
4. Бұл – біздің мемлекеттік елтаңбамыз.
5. Ел Ордамыз – Астана.
6. Әсем қала – Алматы.
7. Біз Отанымызды жақсы көреміз.

Осы сөйлемдерді үйден еске сақтап, айтып келу.

**XI. Бағалау.** - Біз бүгін, бәріміз де, өз білімімізді ортаға салдық. Барлықтарың да жақсы қатыстыңдар.

### **XII. Рефлексия кезеңі.**

- Балалар, өздерің қалай ойлайсыңдар, сабақ қалай өтті?

- Жақсы!

- Әрине, жақсы! Өйткені біз өзіміз кішкентай болғанымызбен, біз қазірден бастап Отанымызды сүйеміз. Оны қорғауға дайынбыз.

- Біз – ақылды балалармыз, иә!

- Иә.

- Сау болыңдар!



Динара ОРАЗБАЕВА,  
Астана қаласындағы  
Балалар үйіндегі  
орта мектептің  
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

## ТІЛ ТУРАЛЫ ТАНЫМДЫҚ АПТАЛЫҚ

**Мақсаты:** балалардың тіл туралы танымдық деңгейін көтеру, білімді, жан-жақты болуға үйрету, бірнеше тіл білуге, үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру, ой-өрісін, ойлау қабілеттерін дамыту, шығармашылыққа, шапшаңдыққа баулу, балаларды озық ойлы оқушы болуға тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** интерактивтік тақта, слайд көрмелері.

**Сайыстың жоспары:**

I бөлім: Жедел жауап.

II бөлім: Тіл – өнер.

III бөлім: Бәрін білгім келеді.

IV бөлім: Қызықты ұйқастар.

V бөлім: Мықты болсаң, тауып көр.

VI бөлім: Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы.

**Ұйымдастыру кезеңі. Кіріспе сөз.**

Тіл – адамзат баласына тән ғажайып құбылыс. Адамзат қоғамының аясында халық, ұлт және оның тілі жүздеген, мыңдаған жылдар бойы қалыптасады. Әр ел өз тілі арқылы әлемді, дүниені, өмірдің құнды тағылымдарын таниды да, келешек ұрпақтарына жеткізеді. Тіл – халық тарихы, тіл – ұлттық қазына, тіл – біздің намысымыз, арымыз, байлығымыз, барымыз.

Язык – удивительное орудие, посредством которого люди, общаясь между собой, передают друг другу свои мысли. Не случайно, у многих народов два предмета, ничем не похожих друг на друга, – «мясистый подвижный орган вкуса, помещающийся во рту, и человеческая способность говорить и понимать собеседника – издавна именуются одним и тем же словом». Мы говорим о языке.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995), Тіл саясаты туралы тұжырымдама (1996) және Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Заң (1997) тек қазақ тілінің ғана емес, республикадағы барлық ұлт тілдерінің ұлтаралық жарастық пен рухани ынтымақтастыққа құрылған мүддесін көздейді.

- Қайырлы күн, құрметті көрермендер, қонақтар, сайыскерлер! Бүгінгі біздің «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» атты сайысымыз гуманитарлық пәндер апталығы аясында өткізіліп отыр. Сайысымызға екі топ оқушы қатысып отыр.

**I топ: «Бәйтерек».**

Ұраны: «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады».

**II топ: «Сұңқар».**

Ұраны: «Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге».

Бұл ойында балалар өз білімін пайдаланып, санасының өскенін, сөз байлығының молдығын көрсетеді.

- Қазылар орнықтырар әділдікті,

Кімдердің жауаптары кәміл шықты.

Білім мен тапқырлықтың жарысында

Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты! - демекші, әділ қазыларды таныстырып өтейін.

- Ал, қанеки, келіндер,  
Біріңе-бірің еріңдер.  
Біліміңізді тексеріп,  
Ойынға қатысып көріңдер,- дей келе, ойынға  
қатысушыларға сәт сапар тілеймін.

«Білім деген – биік шың  
Бақытқа сені жеткізер.  
Білім деген – ақылшың  
Қиындықтан өткізер»,- деп сайысымыздың алғашқы  
шарты – “Бәйге” бөлімін бастаймыз.

### **I бөлім. “Жедел жауап”.**

Шарты: бұл бөлімде әр топқа 10 сұрақтан қойылады.  
Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай беріледі. Оқушы жауап бере  
алмаған жағдайда келесі ойыншының жауап беруге  
мүмкіндігі болады.

#### **I топ:**

1. ҚР-ның астанасы қай қала? (Астана).
2. Ел басқару саласындағы ең жоғарғы лауазым?  
(Президент).
3. Кеңес Одағында алғаш ғарышқа ұшқан кім? (Юрий  
Гагарин).
4. Қазақтың атақты күрес шебері (Қажымұқан  
Мұңайтбасұлы).
5. I маусым қандай мереке? (Балаларды қорғау күні).
6. Отан соғысына қатысқан батыр қыздар кімдер?  
(Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова).
7. Қазақтың ұлттық аспабында орындалатын  
шығарма? (Күй).
8. 2012 жылы Лондонда өткен олимпиаданың ауыр  
атлетикадан жеңімпаз (Илья Ильин, Майя Манеза,  
Светлана Подобедова, Зульфия Чиншанло).
9. ҚР-ның Әнұранының авторлары кімдер? (Нұрсұлтан

Назарбаев, Жүмекен Нәжімеденов).

10. Абайдың шын аты кім? (Ибраһим).

**II топ:**

1. ҚР-ның рәміздерін ата (Ту, Елтаңба, Әнұран).

2. Қазақ халқы өзінің тұңғыш Президентін қашан сайлады? (1991 жылы 1 желтоқсан).

3. Қазір қай жыл? (Жылан жылы).

4. Қазақстанда алғаш ғарышқа ұшқан кім? (Тоқтар Әубәкіров, 1991 жылы).

5. Қазақтың үш биін ата. (Төле, Әйтеке, Қазыбек).

6. ҚР-ның Тәуелсіздік күні (16 желтоқсан).

7. Қазақстанның атақты суретшісі кім? (Әбілхан Қастеев).

8. 6 шілде қандай мереке? (Астана күні).

9. 2012 жылы Лондон олимпиадасының жеңіл атлетикадан жеңімпазы (Ольга Рыбакова).

10. Қазақ даласында алғаш мектеп ашқан ұлы ағартушы кім? (Ыбырай Алтынсарин).

**II бөлім. “Тіл - өнер”.**

Шарты: мақалдың жалғасын табу керек. Әрбір дұрыс жауапқа 5 ұпай беріледі.

**I топ:**

1. Ең тәтті де – тіл, ... (ең ащы да – тіл).

2. Оқу – білім бұлағы, ... (білім – өмір шырағы).

3. Жүз сом ақшаң болғанша, ... (жүз досың болсын).

4. Білім таппай мақтанба, ... (өнер таппай баптанба).

5. Тіл – қылыштан ... (да өткір).

6. Отан ... (оттан да ыстық).

**II топ:**

1. Шебердің қолы – ортақ, ... (шешеннің тілі – ортақ).

2. Отансыз адам – ... (ормансыз бұлбұл).

3. Ер жігіт елі үшін туады, ... (елі үшін өледі).

4. Мектеп – кеме, ... (білім – теңіз).

5. Жақсы жолдас – жанға серік, ... (жаман жолдас – малға серік).

6. Өнер алды – ... (қызыл тіл)

III бөлім. “Бәрін білгім келеді”.

Шарты: бұл бөлімде екі ұяшық берілген: пәндер және тақырыптар. Ұяшықты таңдау – екі топтың өз еркінде. Ойынды ұпайы төмен топ бастайды.

Пәндер айдары. 4 пәннен 4 сұрақтан барлығы 16 сұрақ әзірленген. Пәндерді таңдау – оқушының өз еркінде.

Қазақ тілі.

10. Фонетика нені зерттейді? (Фонетика – тіл дыбыстарын зерттейтін сала)

20. Қазақ тілінде неше септік бар? Қандай?

(Атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес).

30. Сан есімдер құрамына қарай нешеге бөлінеді?

Оларды атап бер.

( Дара сан есім және күрделі сан есім).

40. Есім сөздердің орынына қолданылатын сөздер (Есімдік).

Әдебиет.

10. Қазақ ауыз әдебиетінің түрлері (ертегілер, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, аңыз-әңгімелер).

20. “Менің атым – Қожа” повесінің авторы кім? (Бердібек Соқпақбаев).

30. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр мылқау, танымас тірі жанды.

Үсті-басы – ақ қырау, түсі – суық,

Басқан жері сықырлап, келіп қалды...

Бұл өлең қалай аталады және оның авторы кім? (Қыс. Абай).

40. Қазақ тіл білімінің атасы, қазақ әліпбиінің негізін салушы, құрастырушы кім? (Ахмет Байтұрсынұлы).

### Математика.

10. Төртті төртке қосып, төртке көбейткенде қанша шығады?  $((4+4)*4=32)$ .

20. 0-ден бастап 9-ға дейінгі сандардың қосындысы нешеге тең.

$(0+1+2+3+4+5+6+7+8+9=45)$ .

30. Түлкі әрбір 6 секундта 4 рет секіреді. Ол 10 рет секіру үшін қанша секунд кетеді?

(15 секунд кетеді).

40. Әлияның жасы қазір 10-да. Оның шешесі Динаның жасы Әлиядан 4 есе үлкен. Әлияның жасы қазіргіден екі есе үлкен болған кезде, Динаның жасы қаншаға толады? (50 жасқа)

### География.

10. Қазақстанда неше облыс орталығы бар? (14).

20. Жердің нақты үлгісі (Глобус).

30. Көкжиектің неше тұсы бар? (төртеу: оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс).

40. Жер бетінің қағазға кішірейтіліп салынған бейнесі (Карта).

Тақырыптар ұяшығы. Тақырыптарды таңдау – оқушының өз еркінде.

Төрт тақырып бойынша берілген ұяшықтағы сұрақтарға дұрыс жауап беру керек.

### «Қазақстан»:

10 ұпай: Қазақстан Елтаңбасының түсі қандай? (алтын,көгілдір).

20 ұпай: Қазақстанның ұлттық теңгесі қай жылы шықты? (1993 жылы).

30 ұпай: Қазақстан халқының саны қанша? (16 млн.

астам).

40 ұпай: Қазақстанның «Швейцариясы» қандай аймақ, оның орналасқан жері? (Бурабай, Ақмола облысы).

«Грамматикалық ереже»:

10 ұпай: Адамдардың есімдері қандай әріппен жазылады? (бас әріп).

20 ұпай: Көптік жалғауларын ата (лар-лер, дар-дер, тар-тер).

30 ұпай: Заттың атын білдіретін сөз табы (Зат есім).

40 ұпай: Қарама-қарсы мағынаны білдіретін сөздер (антоним).

«Ұлы адамдар»:

10 ұпай: Ұлы жүздің биі (Төле би).

20 ұпай: Қазақтың саяхатшысы, ғалымы (Шоқан).

30 ұпай: «Қазақ» газетінің редакторы болған кім? (А.Байтұрсынұлы).

40 ұпай: Абылай ханның шын аты (Әбілмансұр).

«Телехабарлар»:

10 ұпай: Тек қазақ тіліндегі телеарна (Қазақстан).

20 ұпай: Балалар ән-би байқауы (Айгөлек).

30 ұпай: Жұлдыздар ән байқауы (Екі жұлдыз).

40 ұпай: «Қазақфильм» киностудиясы кімнің атында? (Ш.Айманов).

#### **IV бөлім. Қызықты ұйқастар.**

Шарты: Екі топтың әр мүшесі жылдамдықпен сөздердің ұйқасын тауып айтады.

##### **I топ:**

1. Жизнь – өмір, уголь – ... көмір.

2. Число – сан, кровь – ... қан.

3. Молоко – сүт, жди – ... күт.

4. Человек – адам, шаг – ... қадам.

5. Таможня – кеден, пол – ... еден.

6. Зуб – тіс, дело – ... іс.

**II топ:**

1. Возьми – ал, мед – ... бал.

2. Рыба – балық, народ – ... халық.

3. Дверь – есік, колыбель – ... бесік.

4. Город – қала, ребенок – бала.

5. Лето – жаз, гусь – ... қаз.

6. Игра – ойын, шея – ... мойын.

**V бөлім. Мықты болсаң, тауып көр.**

Шарты: Берілген жұмбақты шешіп, жауабын қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне аудару керек.

**I топ:**

1. Үй үстінде алтын тас,

Алайын десем табылмас (жұлдыз; звезда; star).

2. Тұмсығымен қозғалар,

Артында аппақ із қалар (бор; мел; chalk).

3. Қабат-қабат қаттама,

Ақылың болса аттама (кітап; книга; book).

4. Білімді мыңды жығады,

Білекті ... жығады (бір; один; one).

5. Сырты тәтті, іші тәтті,

Ортасы сүйек қатты (алма; яблоко; apple).

**II топ:**

1. Бар ма, жоқ па, оны анық білмейсің,

Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің (ауа; воздух; air).

2. Айдағаны неше ешкі,

Ысқырғаны жер жарады (бес; пять; five).

3. Жоқ өзінде бас та, қас та, мойын да,

Ұзындығы жазулы тұр бойында (сызғыш; линейка; ruler).



4. Сатайын десем тәуір кілем,

Сатпайын десем ауыр кілем (жер; земля; ground)

5. Өзі сөйлей білмейді,

Салған ізі сөйлейді (қалам; ручка; pen)

## **VI бөлім. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы.**

Әр топтың жетекшілері шығып белгілі бір тақырыпта қазақша өлеңдер оқиды. Олар өлеңді мәнерлеп оқып беруі тиіс. Бұл кезеңде тілдің машықтығы, оқудың тазалығы бағаланады.

### **Қорытынды.**

- Білімнің мініп алып тұлпарына,

Қиналмай шықты білім шыңдарына.

Бүгінгі сайысымыз аяқталды,

Сөз кезегі әділқазы алқасына.

Бүгінгі сайысымызды қорытындылап, жеңімпаз топты анықтау үшін қазылар алқасына сөз берейік.  
(*Жеңімпаздарды марапаттау*)

- Құрметті ұстаздар, оқушылар! Осымен бүгінгі сайысымыз аяқталды. Жарыс болған соң, жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Жарыста жеңілсек те, өмірде жеңіске жете берулеріңе тілектеспін. Олай болатын себебі:

«Язык – это орудие дружбы, и с тех пор как стоит мир, лучшего орудия ещё никто не придумал». Сондықтан бір ақын:

«Любой язык по-своему велик,

Бесценное наследство вековое.

Так берегите свой родной язык,

Как самое на свете дорогое,- десе, екіншісі:

«Әрбір тілде сөйле әлемді таң қылып,

Ана тілін білмей өскен - әңгүдік.

Өсер балаң, байтақ дала тұрғанда

Қазақ тілі жасау керек мәңгілік!- деп әдемі түйіндеген.

Бауыржан БАЙҒАБАТОВ,  
Раушан АЛШАБАЕВА,  
Алматы қаласындағы  
№78 мектеп-гимназияның  
мұғалімдері.

## «ТӘУЕЛСІЗДІК – АҢСАР ӘНІМ, ТІЛ ТІРЕГІМ»

**Мақсаты:** 1) оқушыларды қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресімен, қол жеткен жетістіктерімен қысқаша таныстыру; 2) тәуелсіздігімізді құрметтей, қастерлей білуге тәрбиелеу, Қазақстанның келешегі үшін аянбай күресуге және еңбек етуге баулу; 3) патриоттық тәрбие беру.

### **Жүргізуші:**

- Армысыздар, құрметті ұстаздар, оқушылар, қонақтар. Еліміздің Тәуелсіздігіне арналған «Тәуелсіздік – аңсар әнім, тіл тірегім» атты мерекемізді бастаймыз.

### **1-оқушы:**

- Республикам менің, күн көзімен таласқан,  
Аспан көрсең ай мен күнге жол ашқан.  
Менің байтақ республикам таулары,  
Менің көгім – мөлдіреген сол аспан.

### **Көрініс: «Қарт пен немересі».**

(Ақырын басып ортаға қарт шығады. Артынан жүгіріп немересі келеді).

**Немересі:** - Ата, не ойлап отырсыз?

**Атасы:** - Ә, балам, не ойлап отырсың дейсің? Сенің болашағыңды, еліміздің болашағын, өткен өмір жайлы ойлаймын.

**Немересі:** - Ата, өткен өмір дегеніміз не?

**Атасы:** - Балам, өткен өмір деген сонау ежелгі ата-бабамыздың ерте кезден бері өткен өмір жолы, тарихы емес пе? Қазақ елі – сонау Алтайдан Пиринейге дейін билік еткен Еділ батырдың елі. Қазақ елі – асқан батырлығымен, ақыл-парасаттылығымен Египет еліне билік жүргізген Бейбарыстың, Үндіні билеген Бабырдың елі.

**Немересі:** - Ата, елімнің тарихы қандай болған?

**Атасы:** - Ендеше, тыңда, балам, атаң бір сөйлесін.

**Жүргізуші:**

- Халқымыздың тарихында елі үшін алысып өткен кемеңгерлері, ойшылдары, қайраткерлері аз болмаған. Солардың ең бастысы от ауызды, орақ тілді, ақылы асып туған билері: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би еді. Ел тағдыры сынға түскенде абыздай күңіреніп, арашыға келген сұңғыла жандардың атқарған қызметі ұшан-теңіз. Төле бидің руы Үйсін – Дулат, оның ішінде – Жаныс. Төле би орта жүздің аға биі Қазыбек Келдібекұлымен, кіші жүздің аға биі Әйтеке Бәйбекұлымен бірге әз Тәукенің басты кеңесшісі, әрі көмекшісі болды. Төле би Әлібекұлы қазіргі Шымкент облысы, Леңгір ауданында Ақбұрхан – Орда деген жерде 93 жасында дүниеден қайтты.

**Көрініс. Слайд №1.**

**Төле би:** - Ей, әлеумет! «Құс арыса – қанаты талады, ат арыса – тұяғы тозады» деген, алыс қияннан келіп отырсыздар, осы аттың күші қай жерінде болады? – деп сұрақ бердім сендерге.

**Тіреуі:** - Аттың күші алдыңғы екі аяғында шығар.

**Екіншісі:** - Артқы екі аяғында шығар.

**Сонда бала Қазыбек тұрып:** - Аттың күші алдыңғы аяғында да емес, артқы аяғында да емес, ортасында болады, – депті.

**Төле би:** - Оны қайдан білдің, себебі не?

**Қазыбек:** - Астында төрт тіреуі жоқ жерде күші қайдан болсын, күш тіреуі – ортасында. Алдымда ағам бар, артымда інім бар, екі жағынан да тірегім зор, әділ билік маған лайық емес пе? – деген екен.

**Төле би:** - Уа, халайық, бәріміз жиналып қалыппыз! Қаз дауысты Қазыбек те осында, сендерге айтар он түрлі жұмбағым бар, соны шешіңдер, - дейді.

**Отырғандар:** - Айтыңыз, айтыңыз – деседі.

**Төле би:** - Айтсам, жұмбағым мынау: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, – депті.

**Отырғандар (таң-тамаша):** - Бұл не деген жұмбақ? Осындай жұмбақ бола ма? – деседі.

**Қазыбек:** - Мен айтайын бұл жұмбақтың жауабын, – депті.

**Төле би:** - Рұқсат, рұқсат, - дейді.

**Қазыбек:**

- **Бір** дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман.

**Екі** – егесіп өткен ел жаман.

**Үш** – үш будақты шілдеден шошынған жаман.

**Төрт** – төсектен безген жас жаман.

**Бес** – белсеніп шапқан жау жаман.

**Алты** – асқынып кеткен дерт жаман.

**Жеті** – жас келіншек жесір қалса – сол жаман.

**Сегіз** – серпімеген қайғы жаман.

**Тоғыз** – торқалы той, топырақта өлімге бас көрсетпеген – сол жаман.

**Он** – оңалмас кәрілікке дауа болмас деген, - депті.

**Төле би (Қазыбекке бата берген екен):**

- *Айтқан сол сөзің аталы болсын, жүрген жерің бәтуалы болсын.*

*Дуалы ауыз, әділ жан атан, осы саған берген батам,*– депті.

**1-оқушы:** - Қалың жауды Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлар Аңырақай деген жерде жеңді.

**2-оқушы:**

- Райымбек – әулие, қасиеттім,  
Құдайым деп жаулары бас иетін.  
Балалары батыр боп орындады  
Бабалардың өнеге, өсиетін.

**Төле би:** - «Алтау ала болса – ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді, туған жерге тұрақтаған ел едік, іргемізді ірітпей, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған атам қазақтың абыройын сақтайық» - деді.

**Жүргізуші:**

- Қадыров Әлішердің орындауында «**Қазақтай ел қайда?**» әні.

**Слайд №2.**

**Жүргізуші:**

- Қазыбек би есімі қазақ пен қалмақ арасындағы шапқыншылық кезінде екі елдің арасына бітімші болған батыл елші, парасатты мәмлегер ретінде мәлім. Он төрт жасында Тайкелтір би бастаған елшілерге еріп барып, Қалмақ ханы Қонтәжі тұтқынында жатқан қазақтарды батылдығымен босатып алады.

Осы жолы «Қаз дауысты Қазыбек» деген құрметті атаққа ие болады.

### **Жүргізуші:**

- Қазақ билері мен хандары иек артып, көмек еткен орыс патшалары бірте-бірте өз мақсатын орындап, қазақ жерін отарлап, аздыра бастады. Ел ішіне іріткі салып, зымияндық саясатпен ел бірлігіне, ұлттық қасиетімізге, тіліміз бен дінімізге, кеңдігіміз бен елдігімізге кесір келтірді, оған қазақ шаруалары ызаланып, бас көтерді. Исатай мен Махамбет бастаған ел көтерілісі сәтсіз болса да, ел намысының айғағы еді.

**Жүргізуші:** - Оқушылардың орындауында «Жаса, Қазақстан» өлеңі. **Слайд №3.**

### **Слайд №4.**

### **Жүргізуші:**

- 1932-1933 жылдардағы адам айтса нанғысыз ашаршылықта алты миллиондай адамның 2,2 миллионы апат болды.

Әсіресе, ел басына түскен қасіретті апат ретінде 1931-1933 жылдардағы ашаршылық нәубеті бәрінен де асып түсті. Бұл жеке адамның немесе отбасының емес, бүкіл халықтың басына келген апат еді. Ол кездегі орталық комитеттің хатшысы болған Голощекин халықтың асырап отырған малын алып, орталықтың үстемдік саясатын ұстанды. Мұның бәрін сол кездегі көзі ашық, көкірегі ояу Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов сияқты азаматтар Сталинге хат жазды. Бұл асыл азаматтың бәрі 1936-1937 жылдары атылып кетті. Осы ашаршылықта 1 миллион 740 мың қазақ шетел асып кетсе, 1 миллион 700 мың қазақ аштан өлді.

### **3-оқушы:**

- Қырылмаса аштықтан бауырларың,  
Жазықсыз құрбан қылып шыбын жанын,

Қазақ деген қандай ел болар едік  
Көркейткен байлығымен әлем сәнін?!

**Жүргізуші:**

- Турупова Рашиданың орындауында қазақ биі

**«Хафиз». Слайд №5**

**Слайд №6.**

**Жүргізуші:**

- 1941-1945-ші жылдар. Адамзат тарихында болмаған алапат соғыста бірлік, достық жолында жан қиған қазақ батырлары фашизммен күресіп, ерекше ерлік көрсетті. Жүзге тарта қазақ қаһармандарына Кеңес Одағының Батыры деген абыройлы атақ берілді. Батырлықты батырлардың батыры – Бауыржан Момышұлы бастады.

**Слайд №7.**

**Жүргізуші:**

- 1986 жыл 16 желтоқсанда қанды оқиға болды. Елдің егемендігін аңсаған жастар алаңға шықты. Желтоқсан оқиғасының бас қаһармандары Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев, Сәбира Мұхамеджанова, Қайрат Рысқұлбековтер секілді ұл-қыздарымыз елінің болашағы, еркіндігі, егемендігі үшін күресті. Сол желтоқсан қанша ызғарлы естілсе де жанымызға нұр септі. Мәңгілік егемендікті алып келді. Мінекей, осының арқасында дүние жүзіне танымал ел болдық.

**4-оқушы:**

- Ел басына күн туса –  
Елпілдеген Ерболым!  
Қараша үйде түңліктей  
Желпілдеген Ерболым!  
Қанішердің қолында  
Қансыраған Ерболым!

### **5-оқушы:**

- Сыпатаев Ербол Мұқажанұлы 1964 жылы Алматы облысы, Панфилов ауданының Әулиеағаш ауылында дүниеге келді. 1986 жылы Алматы энергетикалық институтының студенті болған. Желтоқсан оқиғасында соққыға жығылып, қайтыс болды.

### **6-оқушы:**

- Бұлдыр, бұлдыр күн,  
Қан жылатқан құрғыр күн.  
Медет болған Алладан  
Тұнжыраған тұлдыр күн.  
Алаштан озған жүйрігім  
Алтын діңгек қазығым,  
Аққудай аппақ нәзігім,  
Сәбира апат болған күн.

**7-оқушы:** - Сәбира Мұхамеджанова 1965 жылы Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Ол көк, жасыл орман көмкерген Алтай тауының етегіндегі әсем қала – Өскемен педагогикалық училищесінің 1-курс студенті еді.

### **8-оқушы:**

- Тапталмасын деп қазақтың кек, ары,  
Тәуелсіздік туын ұстап жоғары,  
Топты бастап шықты Ләззат алаңға  
Толған еді он алтыға небәрі.

### **9-оқушы:**

- Қаһарман қыз, ғажап қыз –  
Ұрандайды Ләззат қыз:  
«Жасқанбаған жауынан,  
Біз – қазақпыз, қазақпыз!



Біз – қазақпыз, қазақпыз!

Өмір керек азапсыз.

Ел боламыз егемен,

Сонда ғана азатпыз!»

**10-оқушы:**

- Ел үшін ерлігімен елене,

Абырой мен атағына бөлене,

Ләззат сынды қазақ қызы қаһарман

Ұрпағына мәңгі болар өнеге!

**11-оқушы:**

- Рысқұлбеков Қайрат Ноғайбайұлы 1966 жылы Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы Құмөзек ауылында дүниеге келген. Ол Желтоқсан оқиғасы кезінде Алматы құрылыс институтының студенті еді.

**Жүргізуші:**

- Ақиқат жолы қашан да ауыр. Желтоқсан оқиғасы көзден де, көңілден де кетпейді. Желтоқсан оқиғасынан кейінгі 21 жыл біздің елімізге көптеген өзгерістер әкелді. Ұлттық сана-сезіміміз оянып, тәуелсіздіктің туын көтердік.

**12-оқушы:**

- Көк туым көтерілді, бағым жанып,

Елтаңба төрде әлемге танылды анық.

Шырқадым әнұранды бар дауыспен,

Арманым – Ата Заңым қабылданды.

**Жүргізуші:** - Оқушылардың орындауында «Көк тудың желбірегені» әні.

**Слайд №7.**

**13-оқушы:**

- Бейбіт еңбек – сүйерім,

Татулық, бірлік, береке.

Шалқыған шаттық күйлерім  
Әр күнім – табыс, мереке!

**14-оқушы:**

- Болсын су мен жер ортақ,  
Болсын бізге ну ортақ.  
Ақпыз, қара, сарымыз,  
Ағайынбыз бәріміз.

**Жүргізуші:**

- Сахнада ұйғыр биі «Юмлак». Слайд №8.

**15-оқушы:**

- Жасасын, жаса, Азат күн,  
Жасасын бейбіт ел, сөз, жер!  
Бостандық алған қазақтың  
Мәртебесін көрсін ел!

**16-оқушы:**

- Күн болды бұл керемет  
Ақ түйе қарыны жарылған!  
Ел болдық шүкір, не керек,  
Әлемге аты танылған!

**17-оқушы:**

- Отан менің – ата-анам.  
Отан – досым, бауырым.  
Отан – өлкем, астанам.  
Отан – туған ауылым.

**18-оқушы:**

- Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем  
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.  
Мен оның қасиетті тілін сүйем.  
Мен оның құдіретті үнін сүйем.  
Отан! Отан!

Бәрінен биік екен,  
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем!

**Жүргізуші:**

- Оқушылардың орындауында «Жаса, қазақ тілім» әні.

Слайд №9.

**Жүргізуші: Фаезов Тимур.**

«Отан – өткенімізді танып, бағалай білу, ең әуелі, өзімізді қадірлей білу», - деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, туған жерді сүю, құрметтеу – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз екенін мықтап есте ұстайтын болайық.

**19-оқушы. Бата. Слайд №10.**

- Баса көктеп жайлауға  
Бөтен көштер қонбасын.  
Орта толып ырысқа,  
Бейбіт өмір орнасын!  
Бостандықтың ордасын,  
Періштелер қорғасын.  
Тіккен туы қазақтың,  
Күнге сәлем жолдасын!  
Алыс-жақын илансын,  
Ақ батамды сыйға алсын.  
Шашыраған қазағым  
Шоқтай болып жиналсын!  
Әумин!!!

**2-жүргізуші:**

- Оқушылардың орындауында «Атамекен» әні. Слайд

№11.

**Жүргізушілер:**

- Келесі кездескенше сау болыңыздар!

Қарлығаш ТАГИМАНОВА,  
Ақмола облысының  
Ерейментау қаласындағы  
Т.Шаханов атындағы  
№3 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

### 1-нұсқа

#### 1. Есімдіктердің қай септікте тұрғанын көрсетіңіз.

*Екі адам бір-бірімен келісе алмады, ақырында маған келді.*

- А) атау септік, шығыс септік;
- Ә) табыс септік, жатыс септік;
- Б) көмектес септік, жатыс септік;
- В) барыс септік, жатыс септік;
- Г) көмектес септік, барыс септік.

#### 2. Есімдіктердің түрін анықтаңыз.

*Ешкім, ештеңе, ешқашан*

- А) сұрау;    Ә) өздік;    Б) белгісіздік;
- В) жіктеу;    Г) болымсыздық.

#### 3. Өздік есімдікті табыңыз.

- А) ешбір;            Ә) кімде-кім;    Б) өзімен-өзі;
- В) анау-мынау;    Г) қай-қайсы.

#### 4. Болымсыздық есімдікті табыңыз.

- А) ешбір;    Ә) бұлар;    Б) бәрі;

В) олар; Г) мен.

**5. Сұрау есімдігін табыңыз.**

А) мынау, осы; Ә) әлдебіреу; Б) өз-өзімен, өзі;  
В) кім? не? Г) әрқалай, әрқилы.

**6. Көп нүктенің орынына керекті өздік есімдігін табыңыз.**

*... ойларын ортаға салды.*

А) өз; Ә) өзіңіз; Б) өзіңе;  
В) өздерімен; Г) өзім.

**7. Көп нүктенің орынына тиісті есімдікті қойыңыз.**

*... үлкен жануар,*

*Үстінде екі тауы бар.*

А) әрқашан; Ә) ешқашан; Б) сенің;  
В) өзі; Г) қашан.

**8. Жұмбақтағы есімдіктің түрін анықтаңыз.**

*Өзі жуас, өзі момын,*

*Бір шешпейді тонын.*

А) сұрау; Ә) жіктеу; Б) белгісіздік;  
В) болымсыздық; Г) өздік.

**9. Сұрау есімдіктер тобын көрсетіңіз.**

А) біз, сіз, ол;  
Ә) анау, мынау, осынау;  
Б) біреу, кейбір, әркім;  
В) өзім, өзің, өзі;  
Г) қандай, қанша, неше;

**10. Сілтеу есімдігін табыңыз.**

А) қайсы? Ә) сіз; Б) әлдекім;  
В) барлық; Г) мынау.

## 2-нұсқа

### 1. Жалпылау есімдіктерін табыңыз.

- А) ешқайда, ешкім;   Ә) өзіміз, өзі;  
Б) анау, мынау;       В) түгел, барлық;  
Г) осының, мынаның.

### 2. Есімдік түрлерін анықтаңыз.

*Әркімнің өз жері – жұмақ.*

- А) белгісіздік, өздік;   Ә) болымсыздық, өздік;  
Б) сұрау, өздік;       В) жалпылау, өздік;  
Г) жіктеу, өздік.

### 3. Белгісіздік есімдігін анықтаңыз.

- А) ешкім;   Ә) сол;   Б) әлдекім;  
В) неше;   Г) өзім.

### 4. Тиісті есімдікті қойыңыз.

*... үйі таудың етегіне жақын екен.*

- А) сіздің;   Ә) сенің;   Б) біздің;  
В) оның;   Г) менің.

### 5. Есімдік түрлерін анықтаңыз.

*Біреуге ор қазба, өзің түсерсің.*

- А) жіктеу, өздік;   Ә) болымсыздық, өздік;  
Б) сұрау, өздік;   В) белгісіздік, өздік;  
Г) жалпылау, өздік.

### 6. Тиісті есімдікті қойыңыз.

*... сабақ оқыдым.*

- А) ол;   Ә) біреу;   Б) мен;  
В) кім;   Г) олар.

### 7. Сөйлемдегі есімдіктердің түрін анықтаңыз.

*Бірнеше ай бұрын сіз қайдан білесіз?*

- А) белгісіздік, жіктеу, сұрау;  
Ә) жіктеу, сұрау, болымсыздық;  
Б) өздік, болымсыздық, белгісіздік;

В) сұрау, белгісіздік, жіктеу;

Г) болымсыздық, өздік, сұрау.

### **8. Сілтеу есімдіктерін көрсетіңіз.**

А) мынау, осы;    Ә) барлық, бәрі;

Б) өзім, өздері;    В) ешкім, ешқашан,

Г) мен, сен.

### **9. Сұрау есімдіктерін көрсетіңіз.**

А) кейбірі, біреуі;    Ә) алмасы, қаламы;

Б) ешкімі, ешқашан;    В) ешқашан, өзім;

Г) кімің, нең.

### **10. Сұрау есімдігін табыңыз.**

А) кімде-кім;    Ә) әлдебіреу;    Б) өз-өзімен;

В) әрқалай;    Г) қай-қайсы.

## **3-нұсқа**

### **1. Бөлшектік сан есімді белгілеңіз.**

А) Тоғыз жүз бір;    Ә) Үшеу-үшеуден;

Б) Жүз шамалы;    В) Екі бүтін оннан бес;

Г) Жүздеген.

### **2. Жинақтық сан есімді анықтаңыз.**

А) Он бес;    Ә) Бестік;    Б) Төрт;

В) Үштен екі;    Г) Үшеу.

### **3. Жинақтық сан есімді табыңыз.**

А) Бестен бір;    Ә) Бесінші;    Б) Бес-бестен;

В) Бесеу;    Г) Бес.

### **4. «Жетеу» сан есімнің қай түріне жататынын анықтаңыз.**

А) Реттік;    Ә) Топтау;    Б) Есептік;

В) Бөлшектік;    Г) Жинақтық.

### **5. Болжалдық сан есімді табыңыз.**

А) Жүз бір;    Ә) Жүзден;    Б) Жүзінші;

В) Жүздей; Г) Жүз.

**6. Топтау сан есімі бар сөйлемді анықтаңыз.**

А) Алаңға жүздей адам жиналды.

Ә) Әсем он жетіде.

Б) Әжей үшінші орынға отырды.

В) Емтиханға бес-бестен кірді.

Г) Сыныптың үштен бір бөлігі – қыздар.

**7. Сан есімді көрсетіңіз.**

А) Шешім; Ә) Бірнеше; Б) Ағайын;

В) Елуінші; Г) Тәулік.

**8. Есептік сан есімді табыңыз.**

А) Үш; Ә) Екінші; Б) Екеу;

В) Бес-бестен; Г) Жетінші.

**9. Бөлшектік сан есімді көрсетіңіз.**

А) Тоқсан; Ә) Үштен бірі; Б) Отызға тарта;

В) Он-оннан; Г) Алпысыншы.

**10. Бөлшектік сан есімді табыңыз.**

А) Алтау; Ә) Елу жеті; Б) Екі жарым;

В) Он шақты; Г) Төртінші.

**4-нұсқа**

**1. Болжалдық сан есімді табыңыз.**

А) Бес-бестен; Ә) Сағат бесте; Б) Бесінші орын;

В) Беске таман; Г) Бес адам.

**2. Жуан дауысты сан есімді табыңыз.**

А) Үш; Ә) Жеті; Б) Тоғыз;

В) Екі; Г) Жүз.

**3. Сан есімі бар мақал-мәтелді табыңыз.**

А) Жігітке жеті өнер де – аз.

Ә) Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол.

Б) Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер.

В) Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.



Г) Әке – балаға сыншы.

**4. Болжалдық сан есімді табыңыз.**

- А) Жетпісінші;    Ә) Жетіден үш;    Б) Жетпіс;  
В) Жетпістей;    Г) Жетеу.

**5. Реттік сан есім нені білдіретінін көрсетіңіз.**

- А) Заттың санын бөлшектеп көрсетеді.  
Ә) Заттың дәл нақты санын көрсетеді.  
Б) Заттың санын топтап көрсетеді.  
В) Заттың санын жинақтап көрсетеді.  
Г) Заттың реттік санын білдіреді.

**6. Бөлшектік сан есімді белгілеңіз.**

- А) Жеті;            Ә) Үштен бір;    Б) Біреу;  
В) Төрт;            Г) Бесінші.

**7. Арасына дефис қойылмайтын сан есімді анықтаңыз.**

- А) Екі үш күннен соң келмек.  
Ә) Екіден бірі келді.  
Б) Үшеу үшеуден топталды.  
В) 40 50 адам жиналды.  
Г) 20 дан астам кітабы бар.

**8. Дара сан есімі бар сөйлемді анықтаңыз.**

А) Есіл өзенінің ұзындығы – екі мың төрт жүз елу шақырым.

- Ә) Балқашта балықтың он екі түрі бар.  
Б) Барсакелмес қорығы 1939 жылы ашылған.  
В) Біздің қаламызда төрт ескерткіш бар.  
Г) Бурабайдың жағасында он бес демалатын орын бар.

**9. Күрделі сан есімді анықтаңыз.**

- А) Тоғыз жүз елу;    Ә) Мың;            Б) Үшінші;  
В) Алтау;            Г) Жетілерде.

**10. Жұрнақ дұрыс жалғанған жинақтық сан есімді табыңыз.**

- А) Оннау;                      Ә) Он бесеу;                      Б) Тоғызау;  
В) Бесеу;                      Г) Сегізау.

## 5-нұсқа

**1. Журнақ арқылы жасалған туынды зат есімді табыңыз.**

- А) Балалар;    Ә) Абыройлы;    Б) Ғарыш;  
В) Жастық;    Г) Сымбатты.

**2. Жалқы зат есімді көрсетіңіз.**

- А) Қала;            Ә) Ауыл;            Б) Аудан;  
В) Жер;            Г) Бурабай.

**3. Жалқы зат есімі бар сөйлемді көрсетіңіз.**

- А) Күріш суда өседі.  
Ә) Құлагер – жүйрік ат.  
Б) Туған жерге туың тік.  
В) Мерекеге кешікпей келді.  
Г) Ел іші – алтын бесік.

**4. Жіктік жалғаулы зат есімді табыңыз.**

- А) Балықты;    Ә) Сағаттың;    Б) Кітаптан;  
В) Етікшімін;    Г) Қаламды.

**5. Көмекші сөзбен келген зат есім қай сөйлем мүшесі болатынын белгілеңіз.**

*Енді біз жаз бойы жайлауда демаламыз.*

- А) Бастауыш;    Ә) Баяндауыш;    Б) Толықтауыш;  
В) Анықтауыш;    Г) Пысықтауыш.

**6. «Кітапханашылыққа» сөзінің негізгі түбірін анықтаңыз.**

- А) Кітапханашылық;    Ә) Кітап;    Б) Кітапхана;  
В) Кітапханашылыққа;    Г) Кітапханашы.

**7. Тиісті жалғауды табыңыз. Менің қалам...**

- А) -дар;    Ә) -ыңыз;    Б) -ың;  
В) -ым;    Г) -ы.

**8. Түбір сөзді табыңыз.**

- А) Достық;      Ә) Малшы;      Б) Балалық;  
В) Қант;      Г) Заңгер.

**9. Сөздерден тиісті жұрнақтар арқылы туынды түбір жасаңыз.**

*Оқу, ас, егіс.*

- А) -шы, -ып, -іп; Ә) -лық, -лы, -лі; Б) -ып, -іп, -ғыш;  
В) -ғыз, -гіз, -гіш;      Г) -шы, -тық, -тік.

**10. Тәуелдік формада тұрған сөзді табыңыз.**

- А) Қолым;      Ә) Білім;      Б) Өсім;  
В) Өнім;      Г) Қойылым.

### **6-нұсқа**

**1. «Сыпырғыш» зат есімі қай сөз табынан жасалғанын анықтаңыз.**

- А) Зат есім;      Ә) Сын есім;      Б) Сан есім;  
В) Есімдік;      Г) Етістік.

**2. Сын есімнен жасалған зат есімді көрсетіңіз.**

- А) Сыпайылық;      Ә) Күнтізбе;      Б) Балықшы;  
В) Балалық;      Г) Оқушы.

**3. Ілік септігіндегі зат есімді табыңыз.**

- А) Күн;      Ә) Оқудан;      Б) Ауылдың;  
В) Қолында;      Г) Қалаға.

**4. Атау септігіндегі сөзді табыңыз.**

- А) Бәйшешек;      Ә) Қалампырдың;      Б) Ашты;  
В) Есіктің;      Г) Жапты.

**5. Зат есім тудырушы жұрнақтарды белгілеңіз.**

- А) -лау; -леу;      Ә) -дыр; -ыр;      Б) -с; -ыс;  
В) -дау; -деу;      Г) -шы; -ші.

**6. Толықтауыш қызметіндегі негізгі зат есімді белгілеңіз.**

- А) Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесапат.

Ә) Ол мұқабасы әдемі кітапты алды.

Б) Қазақ елінің жер қойнауы бай.

В) Өзеннің үстінде көпір салынған.

Г) Білімдіге дүние – жарық.

**7. Түбір сөзді көрсетіңіз.**

А) Күз; Ә) Ойшыл; Б) Ойсыз;

В) Ашулы; Г) Жазғы.

**8. Негізгі түбірді анықтаңыз.**

А) Бастық; Ә) Басқару; Б) Бастама;

В) Басу; Г) Бас.

**9. Жұрнақ жалғанған сөзді табыңыз.**

А) Жұмыста; Ә) Жұмысқа; Б) Жұмысшы;

В) Жұмыс; Г) Жұмысын.

**10. Түбірлес сөздерді табыңыз.**

А) Қалам, дала; Ә) Доп, дойбы; Б) Құлыншақ, құрық;

В) Тал, талап; Г) Жұмысшы, жұмыскер.

**7-нұсқа**

**1. Туынды сын есімді көрсетіңіз.**

А) Ақшыл; Ә) Биіктеу; Б) Әдеміше;

В) Егеменді; Г) Қысқарақ.

**2. Туынды сын есімді тіркесті табыңыз.**

А) Жақсы жаңалық; Ә) Әдемі оқушы;

Б) Қалалық мектеп; В) Ақ қоян; Г) Тұщы су.

**3. Сын есімді анықтаңыз.**

А) Жаңа; Ә) Өзі; Б) Белгі;

В) Атақ; Г) Құрмет.

**4. Етістіктен жасалған сын есімді анықтаңыз.**

А) Ақшыл; Ә) Ұлттық; Б) Қараңғы;

В) Ашық; Г) Аппақ.

**5. Сын есім мағынасына қарай нешеге бөлінетінін**

**анықтаңыз.**

А) 3; Ә) 6; Б) 2; В) 5; Г) 4;

**6. Негізгі сын есімді табыңыз.**

А) Судай; Ә) Жазғы; Б) Қалалық;  
В) Білімсіз; Г) Қызыл.

**7. Сын есімнен жасалған туынды зат есімді табыңыз.**

А) Сыпырғыш; Ә) Кеспе; Б) Ағажан;  
В) Жеңілдік; Г) Қойшы.

**8. Күшейткіш буын арқылы жасалған күшейтпелі шырайды табыңыз.**

А) Өте әдемі; Ә) Ең әдемі; Б) Тым әдемі;  
В) Аса әдемі; Г) Әп-әдемі.

**9. «Тәуелсіз» сын есімімен тіркесетін жалпы зат есімді табыңыз.**

А) Ет; Ә) Мемлекет; Б) Арман;  
В) Көше; Г) Қарағанды.

**10. Туынды сын есімнің сұрағын анықтаңыз.**

*Біз отаншыл болуымыз керек.*

А) Қашан? Ә) Қандай? Б) Кімде?  
В) Қай; Г) Кім?

**11. Зат есімнен жасалған сын есімді табыңыз.**

А) Малды ауыл; Ә) Биіктеу үй;  
Б) Кішкене төбешік; В) Сыпайы бала;  
Г) Баспахана үйі.

**8-нұсқа**

**1. Сын есімі бар сөз тіркесін табыңыз.**

А) Менің атам; Ә) Бес қыз; Б) Анау бала;  
В) Алты адам; Г) Сұлу әйел.

**2. Күрделі сын есімді табыңыз.**

А) Әп-әдемі; Ә) Кемдеу; Б) Аласалау;  
В) Сарғылт; Г) Көкшіл;

**3. «Красивый» сөзінің қазақша аудармасын**

**белгілеңіз.**

- А) Сұлу, әдемі;           Ә) Ерте, кеш;  
Б) Жаман, нашар;       В) Мұғалім, ұстаз;  
Г) Кіші, аласа.

**4. Сын есім мен зат есім тіркесін көрсетіңіз.**

- А) Бес бала;    Ә) Мен келдім;   Б) Үлкен мектеп;  
В) Сабақ басталды;   Г) Қоңырау соғылды.

**5. Заттың түсін, түрін білдіретін сөз табын көрсетіңіз.**

- А) Үстеу;        Ә) Зат есім;     Б) Есімдік;  
В) Сын есім;    Г) Етістік.

**6. Салыстырмалы шырайдың жұрнақтарын көрсетіңіз.**

- А) -шы, -ші;    Ә) -дақ, -дек;   Б) -шылық, -шілік;  
В) -дан, -ден;   Г) -ырақ, -ірек.

**7. «Тәжірибесіз» сөзінің орысша баламасын табыңыз.**

- А) Опытный;    Ә) Неопытный;   Б) Национальный;  
В) Бессонный;   Г) Знаменитый.

**8. Туынды сын есімді анықтаңыз.**

- А) Жуас;        Ә) Қара;        Б) Сұлу;  
В) Атақты;     Г) Кең.

**9. Сапалық сын есімді табыңыз.**

- А) Көтеріңкі;   Ә) Күзгі;       Б) Майлы;  
В) Тұзды;       Г) Тәтті.

**10. -лау жұрнағымен жазылатын сын есімді табыңыз.**

- А) Күшті;        Ә) Ыстық;       В) Қысқа;  
В) Ақшыл;       Г) Дәмді.

**11. Сапалық сын есімді көрсетіңіз.**

- А) Айнадай;    Ә) Ақылды;     Б) Өнерлі;  
В) Әдемі;       Г) Бойшаң.

Надежда БАРАБАШ,  
Петропавл қаласындағы  
Бірінші қалалық жалпы  
білім беретін лицейдің  
11-сынып оқушысы.

## ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ АУДАРМАЛАРЫ

**Абай.** «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңі.

*Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң, арқалан.  
Сен де бір кірпіш дүниеге,  
Кетігін тап та, бар, қалан!*

*Қайрат пен ақыл жол табар,  
Қашқанға да қуғанға.  
Әділет, шапқат кімде бар –  
Сол жарасар туғанға.*

*Бастапқы екеу соңғысыз  
Біте қалса қазаққа,  
Алдың – жалын, артың – мұз,  
Барар едің қай жаққа?*

*Пайданы көрсең бас ұрып,  
Мақтанды іздеп, қайғы алма.  
Мініңді ұрлап жасырып,  
Майданға түспей бәйге алма.*

*Өзіңде бармен көз ұрып,  
Артылам деме өзгеден.  
Күндестігін қоздырып,  
Азапқа қалма езбеден.*

*Ақырын жүріп, анық бас,  
Еңбегің кетпес далаға.  
Ұстаздық қылған жалықпас  
Үйретуден балаға.*

**Абай. «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінің аудармасы.**

*Не упивайся праздной красотой,  
Не жди, что чудо свалится с небес,  
Используй ум и дар от Бога свой,  
Для мира представляя интерес.*

*Найдя в дороге честь свою и силу,  
Надежд своих напрасно не теряй.  
И ум других для тебя будет стимул,  
В себе плохое всё искореняй.*

*Так пусть любовь и вера в твоём сердце  
Огонь для лучшей жизни разожгут,  
Хоть от проблем уж никуда не деться,  
Нет никого, лишь лёд и пламя тут.*



*Что делать и куда идти, теперь реши,  
Путь не прокладывай по трупам к славе.  
Похвал за мужество и смелость не проси,  
Эта награда гордостью не станет.*

*Цени то, что имеешь и что было,  
Однако, ты об этом не кричи.  
С глупцами в споры не вступая,  
Не унижай своей души.*

*Пусть впереди еще дорога длинная,  
Дорога пред тобой длиною в жизнь,  
Дела твои не могут быть забытыми,  
Ты только к ним с душою отнесись.*

**Мағжан Жұмабаев. «Сен сұлу».**

*Білем анық: жанға жайлы Май сұлу,  
Жарқ-жұрқ еткен майда найзағай сұлу.  
Қызықты орман, көңілді еркін кең дала,  
Күміс табақ көкте жүзген Ай сұлу.*

*Кешкі ескен жібек, жылы жел сұлу,  
Хош иісті түрлі-түсті гүл сұлу.  
Әдемі аспан – төбедегі көк шатыр,  
Асқар тауы, дариясымен жер сұлу.*

*Сылқ-сылқ күліп сылдыр қаққан су сұлу,  
Көлге қонып қаңқылдаған қу сұлу.  
Бейне айнадай жарқыраған айдыннан  
Күн шығарда көтерілген бу сұлу.*

*Шаңқай түсте өткір, алтын Күн сұлу,  
Жымыңдаған жұлдыздармен түн сұлу.  
Толып жатқан түрлі сұлу дүниеде  
Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу!*

**Мағжан Жұмабаевтың «Сен сұлу» өлеңінің  
аудармасы.**

*Ты для души моей приятна, ты красива,  
Как молния сверкаешь для меня,  
Как весел лес и степь в разгаре дия,  
Как лист серебряный, как полная луна, красива.*

*И как вечерний теплый ветерок, красива,  
Как запах никогда невиданных цветов.  
Как небо голубое, что без берегов,  
Как неприступная гора, красива.*

*Как звонкогласая вода в ручье, красива,  
Как белокрылый лебедь на пруду.  
Как образ, отражающий луну,  
Как утренний туман, красива.*

*Как ясный летний день, красива,  
Как мириады звезд, как ночь.  
Как жизнь, что не в силах превозмочь,  
Ты лучшая, ты, лучик мой, красива.*

**Жамбыл Жабаев. «Артықша туған азамат».**

*Жігіттіктің кезінде  
Жігерлі болса, ер болар.*

*Тұрмаса жігіт сөзінде,  
Нәсілі оның кем болар.*

*Қажырлы болса майданда,  
Халыққа сөзі ем болар.  
Ел үшін туған ерлердің  
Алды-арты дария кең болар.*

*Бірлігі кетсе, ағайын  
Әркімдерге жем болар.  
Білімсіз болса жолдасың,  
Қылған кайырың сел болар.*

*Артықша туған азамат  
Халыққа үлкен бел болар.*

**«Артықша туған азамат» өлеңінің аудармасы.  
«Рождение особенного гражданина».**

*Ты молод, упорен,  
А значит – герой.  
Но если нечестен  
Твой ум молодой,*

*То будет потомство,  
Все семь колен  
Славу дурную  
Носить по земле.*

*Но если отважен,  
Как гласила молва,  
Для народа лекарством  
Твои будут слова.*

*Если с родными  
Ты в русле одном,  
Будет достаток  
В доме твоём.*

*Но если ты глуп  
И друзья неумны,  
Счастья не будет  
У твоей стороны.*

*Если родится  
Достойный герой,  
Будет опорой  
Народа большой.*

**Әл-Фараби. «Бұл ғұмырда құрыштай бол төзімді...» өлеңі.**

*Бұл ғұмырда құрыштай бол төзімді,  
Сан мәрте алдаса да ол өзіңді.  
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма,  
Тіпті, кейде болса әзәзіл азғырған.*

*Өрге жүзген өнегелі ісімен,  
Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен.  
Жүргендер көп достық атын малданып,  
Алайда тек қалма оған алданып.*

**«Бұл ғұмырда құрыштай бол төзімді...» өлеңінің аудармасы.**

*Будь в этой жизни вынослив, как сталь,  
Не обижайся на судеб мораль,*

*Судьбу не вини, как ни была бы зла,  
Сколько бы раз не обманула она.*

*Средь равных честного друга найди,  
Много ты встретишь лжецов на пути.  
Лживость обрядет в одежды правдивые плут,  
Не обманись, развелось что-то много их тут.*

**Мұқағали Мақатаев. «Өмір сүрейік алмасып».**

*Жапырақ-жүрек, жас қайың,  
Жанымды айырбастайын.  
Сен адам бола бастасаң,  
Мен қайың бола бастайын,  
Келісесің бе, жас қайың?*

*Көрінер, мүмкін, кімге ерсі,  
Өміріңді маған бір берші!  
Дүрбелең мына дүниені  
Адам көзімен бір көрші.  
Қайың боп мен де бағайын,  
Орманнан орын табайын.  
Беймәлім маған өмірге  
Қайың көзімен қарайын.  
Сен-дағы жерден нәр алдың,  
Мен-дағы жерден нәр алдым.  
Біреуден сен де жаралдың,  
Біреуден мен де жаралдым.  
Тілің жоқ, жанды қайыңсың,*

*Айырмашылығым-Адаммын.  
Мендегі бары – бір жүрек,  
Беріпті жүрек саған мың.  
Сондықтан ұзақ жасарсың  
Құрдасы келер заманның.  
Бар-жоғы менде бір жүрек,  
Ол өлсе – мәңгі кеткенім.  
Сендегі семсе мың жүрек,  
Келгенде жасыл көктемің  
Тірілер қайта дүркіреп.*

*Жапырақ-жүрек, жас қайың,  
Жанымызды айырбастайық!  
Адам боп жүрсең қасқайып,  
Қайың боп тұрам қасқайып,  
Тәуекел, айырбастайық!*

*Өмірге өмір жалғасып,  
Анамыз жерге жармасып,  
Бірде адам, бірде қайың боп  
Сүрейік өмір алмасып...*

**«Өмір сүрейік алмасып» өлеңінің аудармасы.**

*Молодая и сердцелистная,  
Березка, поменяемся жизнями!  
Бери, забирай мою душу навек  
И вот, я – березка, а ты - человек.*

*Бери, мне не жалко, я ее отдаю,  
Листву только дай примерить свою  
И позволь, я твоими глазами  
На мир, что вокруг, посмотрю.*

*Давай я займу твое место,  
Душе в моем теле так тесно!  
Бери, забирай мою душу навек,  
Вокруг посмотри так, как я, человек.*

*Ты и я, мы с землей не расстанемся,  
Она даст нам и пищу, и кров.  
То, что создали мы, ведь останется,  
Если выдержит толщу веков.*

*И пускай ты, березка, безмолвна,  
Верю, я, что душа есть внутри,  
Мы с тобою такие похожие,  
Нет различий, как ни смотри.*

*Я сердечко имею одно,  
У тебя их, как листиков, много.  
Проживешь ты, березка, жизнь долгую,  
Только мне жить осталось недолго.*

*У меня есть листочек один,  
И его потеряв, я умру.  
У тебя много листьев, их тысячи.  
Ах, как жаль, я так мало живу!*

*Придет зеленая весна,  
Березка, расцветешь опять.  
Рискнешь ли ты, подруга,  
Мне жизнь свою отдать?*

*И жизнь моя твою продолжит,  
Земля – обоим мать.  
Мы жизни поменяем,  
Позволь березкой стать!*

**Мұқағали Мақатаев. «Туған жерге» өлеңі.**

*Таныс өлке,  
Таныс аймақ,  
Таныс маң:  
Анау жерде-құрбылармен алысқам,  
Анау жерде-құрбы жанмен табысқам.  
Алба-жұлба ақша бұлттар жарысқан,  
Таулар, эне, ұйықтап кеткен данышпан,  
Жолдар анау шұбатылып шаңы ұшқан,  
Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң...*

**«Туған жерге» өлеңінің аудармасы:**

*Родной край, родной край, родной край:  
Отчий дом, где я дрался с друзьями,  
Отчий дом, где я был молодой,  
А подравшись, мы снова мирились,  
Как приятно вернуться домой!  
Помню, как я лохматый, изодранный  
Вслед за облаком к дому бежал,  
За мной горы, пыль стелется по полю,  
Я на Родину снова попал.  
Родной край, родной край, родной край!*



**Жания ХАЙДАРОВА,**  
Алматы қаласындағы  
«Достар» халықаралық  
мектеп-лицейінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТА – АБАЙ ТІЛІ**

*(7-сынып оқушыларына арналған әдеби кеш)*

**Мақсаты:** оқушыларға Абайдың өлеңдері, аудармалары, әндері, қара сөздері туралы кең мағлұмат беру, адамгершілік, шыншылдық, білімге құштарлық сияқты адамдар қасиеттерге баулу және әр оқушының ой-қиялына серік бере отырып, өзінше ой түйуге, шығармашылық жұмыс жасауға жұмылдыру.

**Көрнекіліктері:** интерактивті тақтада Абайдың суреттері, тағылымдық сөздері, аудармалары.

Кеш барысы:

1. «Өлең – сөздің патшасы...»
2. Абай – аударма жасаудың хас шебері.
3. Абай қарасөздері – терең тамырлы тағылым.
4. «Көңілім әнді ұғады».

### **1-жүргізуші:**

- Қадірлі ұстаздар, оқушылар! Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні республикамыздың түкпір-түкпірінде ресми түрде атап өтілуде. Біздің мектебімізде «Менің Отаным – Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбымен мерекеміз өз жалғасын табуда. Апталықтағы көлемді шаралардың бірі – қазақ халқының ұлы ойшыл данышпаны Абай Құнанбайұлына арналған «Шығармашылық жұмыста – Абай тілі» атты әдеби кешке қош келдіңіздер!

### **2-жүргізуші:**

- Тарих қана, халық қана туатын  
Алыптардың арқа тұтпас кім атын?  
Ұлы арманын жырлау үшін қазаққа  
Керек болды Абай сынды ұлы ақын!- деп  
Ж.Әбдіраш ағамыз жырлағандай, Абай – жалпақ жұртты жақсылыққа үйретіп, жамандықтан жирентіп, данышпандық ойларын өткір сөзбен майын тамызып, кең толғаған дана көсем.

### **1-жүргізуші:**

- Ендеше, кешіміздің бірінші бөліміне кезек берсек, «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңін тыңдайық.

### **1-оқушы:**

- Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.  
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,  
Ол - ақынның білімсіз бишарасы.

Айтушы мен тыңдаушы көбі – надан,  
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

## **2-жүргізуші:**

- Философиялық тұрғыдан келетін «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінде, ой мен сезімді бір-біріне қарама-қарсы мағынада екі ұғым деп қараған Абай «суық ақыл» мен «ыстық жүрек» бір-бірін толықтырып отырады деп санайды. Осы екеуіне қайрат, жігер қосылса, адамның қасиеті кемеліне келеді деп есептейді.

## **2-оқушы:**

- Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,  
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.  
Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық  
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек.  
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,  
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек.

Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,  
Тулап қайнап бір жүрек қылады әлек.  
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,  
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.

## **1-жүргізуші:**

- Құлақтан кіріп бойды алар  
Әсем ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсең, менше сүй!

## **2-жүргізуші:**

- Ақынның ең бір нәзік шеберлікпен тудырған өлеңі табиғат, махаббат сырына арналған – «Желсіз түнде – жарық ай» өлеңі. Мұнда ақын қазақ даласының бір кешін елестетіп, көшпелі ауыл жарық ай, желсіз түн, тау іші, өзен жағасына орналасқан елді әсем суреттейді.

## **1-жүргізуші:**

- 7 «б» сынып оқушыларының орындауында «Желсіз түнде – жарық ай».

## **2-жүргізуші:**

- Шын хакім, сөзің асыл баға жетпес,  
Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес.  
Қарадан хакім болған сендей жанның  
Әлемнің құлағынан әні кетпес!- деп М.Жұмабаев ағамыз жырлағандай, Абайдың асыл сөздері, інжу-маржан ойлары «қарасөз» деп аталады. Жалпы саны – қырық бес бөлек шығарма.

## **1-жүргізуші:**

- Қарасөз дегеніміз – ғылым туралы, дін туралы прозамен (қарасөзбен) жазылған еңбек.

Қарасөздер тақырыбы жағынан әр алуан. Білім-ғылымға, адамның мінез-құлқына, адамгершілік, сол заманның әл-ахуалы да сол қарасөздерден табылады.

## **1-оқушы: 7-сөз.**

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демелік. Не көрсе, соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, ауызына

салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап..., ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?», «ол неге үйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

### **2-оқушы: 19-сөз.**

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе – дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады.

### **3-оқушы: 38-сөз.**

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық.

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден ешнәрсені оларсыз біліп болмайды.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны.

Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Залымдық- адам баласының дұшпаны. Адам адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан есебіне қосылады.

### **1-жүргізуші:**

- 7 «в» сынып оқушыларының орындауында Абайдың махаббат лирикасындағы айтулы әндердің бірі – «Көзімнің қарасы».

## **2-жүргізуші:**

- Абай – аударма жасаудың хас шебері. Ақын орысша айтылған ойды қазақша аударып жеткізуде шеберлігімен таңқалдырды. Сіздердің назарларыңызға Гете мен Лермонтовтан аудармасы ұсынылады.

### **1-оқушы:**

- Қараңғы түнде тау қалғып,  
Ұйқыға кетер балбырап.  
Даланы жым-жырт, дел-сал қып,  
Түн басады салбырап.

Шаң шығармас жол-дағы,  
Сілкіне алмас жапырақ.  
Тыншығарсың сен-дағы,  
Сабыр қылсаң азырақ.

### **2-оқушы:**

- Крыловтан – «Шегіртке мен құмырсқа»:  
Шырылдауық шегіртке  
Ыршып жүріп ән салған,  
Көгалды қуып гөлайттап,  
Қызықпен жүріп жазды алған.

Жаздыгүні жапырақтың  
Бірінде – тамақ, бірінде – үй.  
Жапырақ кетті, жаз кетті,  
Күз болған соң, кетті күй.

Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ,  
Өкінгеннен не пайда?

Суыққа тоңған, қарыны ашқан,  
Ойын қайда, ән қайда?

Оныменен тұрмады,  
Қар көрінді, қыс болды.  
Сауықшыл сорлы бүкшиді,  
Тым-ақ қиын іс болды.

Секіру қайда, сүрініп,  
Қабағын қайғы жабады.  
Сабанда жатып дән жиған  
Құмырсқаны іздеп табады.  
Селкілдеп келіп жығылды,  
Аяғына бас ұра:

- Қарағым, жылыт, тамақ бер,  
Жаз шыққанша асыра!

- Мұның, жаным, сөз емес,  
Жаз өтерін білмеп пе ең?  
Жаның үшін еш шаруа  
Ала жаздай қылмап па ең?

- Мен өзіндей шаруашыл,  
Жұмсақ илеу үйлі ме?..  
Көгалды қуып, ән салып,  
Өлеңнен қолым тиді ме?!

- Қайтсін, қолың тимепті,  
Өлеңші, әнші есіл ер!

Ала жаздай ән салсаң,  
Селкілде де билей бер!

## 2-жүргізуші:

- «Самалға, ақын жігіт, жағанды аш кең,  
Бұл жердің әр шөбімен амандас сен», -  
Дегенше келіп қалдық Қарауылға,

Қарсы алды қайран ауыл «Қаламқаспен», – дегендей,

7 «г» сынып оқушыларының орындауында «Айттым  
сәлем, Қаламқас» әнімен «Шығармашылық жұмыста –  
Абай тілі» атты кешімізді аяқтаймыз.



Тоғжан КЕҢЕСҚЫЗЫ,  
Орал қаласындағы  
№13 орта жалпы  
білім беретін  
мектептің қазақ тілі  
пәнінің мұғалімі.

## ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНІҢ ҚАДЫРЫ

**Кештің мақсаты:** талантты ақын Қадыр Мырза  
Әлінің ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату



арқылы поэзияны сүюге, оны бағалай білуге, сыршыл да шыншыл ақын өлеңдерінің мәні мен маңызына тоқталу.

Қадыр өлеңдерін нақыштап оқу дағдысын жетілдіреті отырып, рухани танымын кеңейту.

Ақын шығармалары арқылы ұлтжандылық сезімін оятып, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Кешті жабдықтау:** ақын портреті, кітап көрмесі, ақын-жазушылардың ақынға берген бағасы, буклеттер, ақын өлеңдерінен үзінділер. Кеш барысында слайд көрсетіледі.

### **Кештің жоспары:**

1. Балалық шақтан бір елес (өмірдерек).
2. Қадыр Мырза Әлінің балаларға арналған өлеңдері.
3. Өлең әлемінде өз мектебі бар ақын.

Кештің өту барысы:

### **1-жүргізуші:**

- Құрметті ұстаздар, оқушылар, ата – аналар! Бүгінгі кешіміз талантты ақынымыз Қадыр Мырза Әлінің әдеби мұрасына арналады.

### **2-жүргізуші:**

- Бұл кеш сүйікті ақынымыз Қадыр Мырза Әлінің өмірінен бастап отты жырларымен толық танысуымызға жол ашады деген ойдамыз.

### **1-жүргізуші:**

- Есімі әдебиет пен жыр сүйер қауымға мәшһүр ақын, мемлекет және қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қадыр Мырза Әлінің өлеңдері әдебиетімізде қазіргі кезде шоқтығы биік туындылардың қатарына жатады. Ақын өмірдерімізбен танысайық.

## **2-жүргізуші:**

- Ақын 1935 жылы 5 қаңтарда Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданында дүниеге келген. Ол елімізге белгілі «Балдырған», «Жұлдыз» журналдарының редакциясында, «Жазушы» баспасында елеулі қызмет атқарды.

Талантты ақын қаламынан халық фольклорының атақты күлдіргі кейіпкері Алдар Көсе жайлы «Сақал саудасы», «Қасқыр қақпан» атты өткір сатиралық комедия мен Махамбеттің ең соңғы азапты күндеріне арналған «Жаралы жолбарыс» атты және «Әмір Темір» драмалық шығармалары да жарық көрді, ақын 1966 жылы «Ой орманы» кітаптар жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанды. 1980 жылы «Жерұйық» жыр кітабы үшін Қазақ ССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанса, 2001 жылы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығына ие болды. 1993 жылы әлемдік поэзияға қосқан үлесі үшін Моңғолияның халықаралық «АВЪЯС» (Дарын) сыйлығына ие болды.

1997 жылы Махамбеттің соңғы күндеріне арналған «Жаралы жолбарыс» атты шығарма үшін Махамбет атындағы сыйлыққа ие болды. 2003 жылы Санкт – Петербургтегі «Славия» баспасында «Прапамять» атты үлкен бір томдығы орыс тілінде басылып шықты.

## **1-жүргізуші:**

- О, балалық! Естен шықпас үзігім,  
Өте шықты көз алдымда қызығың.  
Бәрі – бәрі,

Бәрі кетті,  
Жалғыз-ақ

Қалды бетте ұят деген қызылың! – деп Қадыр ағамыз жырлағандай, балалық шақ біздің ең қимас, бақытты шағымыз емес пе? Қазір біз Қадыр аға өлеңдерімен таныса отырып, артта қалған бейкүнә, сәбидей пәк күндерімізді еске алайық!

«Балалық – ай!», «Балалық пен үлкендік», «О, балалық!», «Маржан күлкі шашылған», «Бал мінезі құмарыңды қандырған» өлеңдері оқылады.

«Жүректен шыққан сөз жүрекке жетеді» дегенді ескерсек, ақын өлеңдері жас ұландардың тәрбие, өсу, үлгі алар мектебі және ойлауға, сезінуге, балдырғандарды дүниетаным әліппесін үйретуге ұмтылдырады.

## **2-жүргізуші:**

- Ақынның шығармашылық жолы елуінші жылдардың орта шенінде басталды. Жиырма жасар студенттің балауса өлеңдері балаларға арналған басылымдарда жарияланып, бірден оқырмандарды елең еткізді. Қадыр ақын балаларға арнап он шақты кітап шығарды. Кейін олар «Күміс қоңырау» деп аталған бір томдықта топтастырылды. Демек, ақын оқырмандарын сәби жасынан өлеңмен тәрбиеленген. Ақын ересектерге арналған өлең жазуға үлкен дайындықпен келді. Ол бұл бағытта бірден бірінші қатардан көрінді.

Балаларға арналған өлеңдерінің бірі «Апам үшін» өлеңін оқылады.

## **1-жүргізуші:**

- Ақынның «Қазығұрт» баспасынан 12 томдық шығармалар жинағының шығуы қазақ әдебиетінің

асыл қазынасына қосылған мол мұра екені даусыз. Қадыр Мырза Әлінің балаларға арналған шығармалары оның балалар ақыны екенін тағы да әйгілеп отыр. Дарындылық туралы Қадыр ағамыз былай дейді: «Дарын иесінің ақын болып қалыптасуы – ең алдымен, өз ауылы, өз үйі, өз қара шаңырағынан. Таланттыға алдымен не керек? Талантты алдымен танитын да, табынатын да – оқырман қауым, қалың ел, халық».

**Ақынның «Мен – ақынмын» атты өлеңі оқылады.**

## **2-жүргізуші:**

- Иә, ақын түйінінде үлкен шындық бар, Қадыр ақында сүйікті оқырманына халқының қазақы қасиетін, тектілігін, тазалығын ту еткен туындылар ұсынды. Мысалы: «Қазақ пен қонақ», «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру».

Жайлауында жүрген жігіт бағып қой

Дос келді деп

Жасап жатыр анық той.

Тұңғыш рет көріп тұрсың сен оны,

Нағыз қазақ – осы, міне, танып қой! -деп жырлаған.

**Ақын сөзіне жазылған «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» әнін тыңдайық.**

Ақынның әр өлеңін оқыған сайын қанаттанасың, рухтанасың, жігерленесің. Бірде бала, бірде дана боласың, сүйіндіріп, тамсандырады, күй тартқандай боласың, халқымыздың бүкіл болмысы көз алдыңа келеді.

Ақынның «Туған жер» өлеңі оқылады.

### **1-жүргізуші:**

- Қадыр Мырза Әлі – белгілі бір тақырыпты терең зерттеп зерделейтін жинақтарды өмірге әкелген жаңашыл ақын. «Дала дидары», «Бұлбұл бағы», «Ақ отау», «Жеркұйық», «Домбыра», «Алақан», «Қорамсақ», «Көкпар», «Қызыл кітап», тағы басқа жинақтар қазақ поэзиясында бұрын-соңды болып көрмеген құбылыс ретінде қабылданды. Әр жылдары Қадыр ақынның туындылары том-том болып жарыққа шықты, мектеп оқулықтарына енді. Көптеген жинақтары басқа тілдерге аударылды.

«Нағыз қазақ қазақ емес, Нағыз қазақ – домбыра» деген жыр жолдары нақыл сөзге айналды және ол қазақтың әні мен күйінде, оны жырлайтын қасиетті қара домбырасында екенін жырлаған да осы – Қадыр ақын».

«Қадыр – найзалы ақын. Дәуірдің, уақыттың өзі жаратқан өміршең ақын. Оның поэзиясы – өзіміздің өмір сүріп отырған дәуір мінездес» депті Мұқағали ақын. Бұл талантты тану, мойындау, табыну десек те сия береді. Қалай десек те, қазақ өлеңін Қадыр Мырза Әлісіз елестету өте қиын-ақ.

Ақынның «Бабамыздың шоқ басқан табанымен» өлеңі оқылады.

### **1-жүргізуші:**

- Қазақ прозасының майталманы Әбіш Кекілбаев «Қадыр таланты қарапайым» деп бағалайды. Шынында да, Қадыр – қарапайымдылығымен халық санасында берік орныққан өзіндік орыны бар классик ақын.

Ақынның соңғы жылдары жазған «Жазмыш», «Иірім» эссе- естелігі, «Қазығұрт» баспасынан жарық көрген жинағы – халық арасында кең тараған, қазақ әдебиетінде бұрын-соңды жазылмаған жаңа бағыттағы дүниелер.

«Бір өзі – бір театр» демекші, ұлттық дүниетанымда Қадыр ағамыздың тіккен ақ отауы (поэзия, проза, драма, аударма, зерттеушілігі, сыншылдығы) бір халық мектебінің жүгін көтереді. Танымал жазушы Әбіш Кекілбаев сөзімен аяқтағым келіп отыр: «Қадыр Мырза Әлідей қадау талантқа ғана айтылар бағаны ешбір сөзбен жеткізе алмайсың».

## **2-жүргізуші:**

- Қадыр Мырза Әлі тек ақын есебінде ғана емес, оқырман үшін – азамат, адам есебінде – дара тұлға. Өмір- тіршілігі өлеңдерінде өрнек тапқан, тек әдебиетпен ғана шектелмей, заманымыз, мемлекетіміз, ұлтымыз, қайраткерлеріміз, халқымыз жөнінде көсем ойлар, қанатты сөздердің авторы.

Ақынмен сырласу кезінде: – «Өзіңізді бақытты санайсыз ба?» деген сұраққа, ақын былай жауап берген: – Бақытты өтіп кеткен соң барып сезесің. Қадырын сонда ғана білесің.

Бақыт дегенің нұрлы сәтте ғой.

Уақыт өтіп барады.

Оны қойшы!

Сәттер өтіп барады.

Осы қиын!

Әлбетте, бақытсызбын деп айта алмаймын. Шүкірлік деймін.

Үш ұлым, немерелерім бар. Осының өзі – бір адамға мол жететін бақыт. Шығармашылық, жанұя, қызмет тұрғысынан келгенде, әрине, бақыттымын», – деп жауап қайтарған.

Ақынның қаламынан туған «Бәрі де, ана, бір өзіңнен басталды» өлеңі оқылады.

### **1-жүргізуші:**

- Ақын ағамыз – әлдеқашан ұлттың мақтанышы, ел тарихында өзіне мәңгілік ескерткіш орнатқан азамат. Сондықтан да ақынның өлеңдері мәңгілік!

Қазақ әдебиеті мен өнері орыны толмас ауыр қазаға душар болды. 22 қаңтарда 76 жасқа толған шағында аса көрнекті қазақ ақыны, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қадыр Мырза Әлі ауыр науқастан дүние салды.

Ақынның қаламынан дүниеге келген «Жоқ, өлмеймін!» атты соңғы өлеңі оқылады.

### **2-жүргізуші:**

- Ақын Қадыр Мырза Әлінің үлгілі туындылары қазақ әдебиетінің алтын қорын байытқан жауһарлар қатарынан орын алып, ұлтымыздың рухани қазынасының алтын қорында мәңгі сақталады.

Кештің соңы Қадыр Мырза Әлінің сөзіне жазылған Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әнімен аяқталады.

**Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.**

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-  
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 02.07.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1140. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru**

**Басылатын жері – “Према” ЖШС.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,  
№7, 2013 ж., 144 бет, Алматы.